

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТАРУ ОРТАЛЫҚЫ

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ

Жалпы білім беретін мектептің
5-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған*

Алматы
2017

ӘОЖ 373.167.1:159.9

КБЖ 74.268.8

Ө 29

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының
авторы *С.А. Назарбаева*

Ө 29 Өзін-өзі тану: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық / Р.О. Ізғұттынова, Ә.Қ. Оралбекова, Б.Ш. Алиев, Г.Ә. Көшкеева. – Алматы, 2017. – 160 б.

ISBN 978-601-7819-62-0

5-сыныпқа арналған оқулықта жалпы адамзаттық құндылықтар мен қасиеттердің мәнін ашып, жарыққа шығаратын оқу материалдары ұсынылған.

ӘОЖ 373.167.1:159.9

КБЖ 74.268.8

© «Бебек» ҰҒПББСО, 2017

Барлық құқықтары қорғалған

Басылымның мүліктік құқықтары

«Бебек» ҰҒПББСО-на тиесілі

ISBN 978-601-7819-62-0

ЖАС ДОСТАР!

Өзін-өзі тану сабактарынан рухани-адамгершілік білім аласыңдар. Өз бойларыңдағы жалпыадамзаттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттеріңді аша түсесіңдер.

Оқулықтагы даналық сөздердің мәнін ұғынып, өнегелі аңыз-әңгімелерді оқып-білу арқылы өздеріңді және басқа адамдарды, өмірді тануга мүмкіндік алғып, оның мәнін ұғатын боласыңдар.

Адам үшін ең қажетті дүниелерді білесіңдер. Өзіңнің кім екендейіңді тануга, өмірлік мақсатыңды айқындауга талпынасыңдар.

Адамдарға, айнала қоршаган ортаға, бүкіл әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау туралы түсініктеріңді кеңейтесіңдер.

Сендер адалдық, кішіпейілділік, әдептілік, мейірімділік, қайырымдылық, қамқорлық, батылдық, еңбексүйгіштік, сенімділік, ұстамдылық сияқты адамгершілік асыл қасиеттердің мәнін ұғатын боласыңдар.

Адам мен табигаттың үйлесімді байланысын, даналықтың мәнін түсінесіңдер.

Сабактардан алған білімдеріңді іс жүзінде көрсету мақсатында, өз бойларыңдағы құндылықтар мен қасиеттерді жарыққа шыгарып, қайырымдылық істермен айналысатын боласыңдар. Ол үшін оқу жылы бойы «Жақсылық менен басталады» атты жобалық іс-зрекеттерді орындаисыңдар.

Оқулықтагы оқу материалдарын меңгеру сендерге адам үшін аса маңызды «Мен кіммін? Мен қандаймын?» деген сұрақтарға жауап табуга көмектеседі.

Сондықтан өзіңді тану, өзіңді тануга ұмтылу оте маңызды. Өзіңді танысаң, өзгелерді де тани аласың. Айналаңдағы адамдарды түсінетін боласың, әлемді танып-білуге ұмтыласың. Жазылды ойлау, жақсы сөйлеу, қайырымды іс атқару арқылы өзіңді тани аласың. Ойы, сөзі, ісі бірлікте болған адамды нағыз адам дейміз.

Жоба жұмысымен айналысу сендердің адамгершілік қасиеттеріңді аша түседі. Айналаңдағы адамдарға ізgi қарым-қатынас жасауға үртедеді. Достарыңмен жақындастырады. Бойыңдағы шығармашылық қабілеттерің мен бейімділіктеріңді шындаиды.

Жоба жұмысының әрбір қадамын орындаған сайын өсе түсесіңдер, тәжірибе жинайсыңдар.

Адамдарға қуаныш, бақыт сыйлаудың мәнін түсінесіңдер.

1-ТАРАУ

Әрбір адамды оның келешегі қызықтыратыны сөзсіз. Ал келешегінің жарқын, ашық болуы тек өзіңе байланысты. Сондықтан жобадағы алғашқы қадамың – «**Мен қандай адам болғым келеді?**» деген сұраққа жауап іздеу. Мұны түсіну үшін өзіңе сұрақтар қойғаның жөн.

- Мениң қалаудың не?
- Мен нені жақсы көремін?
- Мені не қызықтырады?
- Мениң қандай қабілеттерім бар?
- Мен достаса аламын ба?
- Мен достарыммен бірге не істегенді ұнатамын?
- Маған адамдарға көмектескен ұнай ма?
- Мен ата-анамнан нені үйрендім?

Жоба күнделігіндегі бос параптарға «Келешекке үңіліп қара» деп аталатын өзіннің «балақай-кітапшаңды» жаса. Кітапшаңда суреттер, фотосуреттер, коллаждар, жапсырма суреттер, өзің туралы әңгіме, армандарың мен мақсаттарың туралы өлеңдер, дәйексөздер, ұлы адамдардың ой-пікірлері болуы мүмкін. Өз қалаудың, жағымды ойларыңды, ұшқыр қиялдыңды, асқақ арманыңды жүзеге асыра аласың.

Саған жобаның бірінші бөлімін орындауға оқулықтың бірінші тарауындағы аңыздар, әңгімелер, өлеңдер, тапсырмалар көмектесетін болады.

Сұрақтарға жауаптарыңды, бақылауладыңды, ойларыңды дәптерде берілген жоба күнделігіне жазып отыр.

2-ТАРАУ

«Ағаш – жемісінен, ал адам ісінен білінеді» деген халық нақылы бекер айтылмаған. Жобаңың екінші қадамы – «**Мен не істей аламын?**» деген сұраққа жауап іздеу. Не істей алғаныңды ойланып ал. Ойдана келе, қиялдың, білігіндегі пайдалана отырып, кез келген қолжетімді материалдардан (қатырма қағаз, мата, пластик ыдыстар, полиэтилен пакеттер және басқалар) шығармашылық жұмыстар орында. Шығармашылық жұмыстарыңың көрмесін жаса.

Басқалардың игілігі үшін өз қабілетіндегі қалайша қолдануға болатынын талқыла. Жобаны орындау үшін сыныптастарыңмен бір топқа біріккенің дұрыс. Жұмысыңды сұрақтарға жауап беруден баста.

- *Жоба тақырыбы:* жобамызды қалай атасақ болады?
- *Жоба нысаны:* кімге және қалай көмек бергіміз келеді?
- *Жоба нәні:* не істегім келеді?

- *Жоба мақсаты*: мұны не үшін істегім келеді?
 - *Жоба жоспары*: жоба мақсатына жету үшін қандай қадамдар жасауым қажет?
 - «Жақсылық менен басталады» деген ұранға біздің жоба несімен сәйкес келеді?
 - Жобадағы іс-әрекеттерім мен үшін неліктен маңызды?
- Жоба жоспарын және жобаның дайындық барысын дәптердегі жоба күнделігінде көрсет.

3-ТАРАУ

Өз жобаңды іске асыр. Жобаның дайындық барысын дәптердегі жоба күнделігінде сипаттап жаз.

Сұрақтарға жауап бер:

- Жоба орындау кезінде топта қандай қарым-қатынас орнады?
- Жобадағы топпен жұмыс жасау барысында қандай қасиеттерінді дамыта алдың?
- Өз жобаңның көмегімен басқаларға қандай жақсылықтар жасай алдың?
- Жобаны орындау барысында өз бойынан қандай өзгерістерді байқадың?
- Жоба барысында қандай біліктіліктер мен дағыларды игердің?
- Жоба нәтижесінде болашаққа қандай мақсаттар қойдың?

4-ТАРАУ

«Жақсылық менен басталады» атты ұранмен жоба презентациясын дайында. Жобаны қорғау еркін түрде жүргізіледі (электронды түрдегі презентация, сөз сөйлеу, сахналық көріністер және басқалар).

Жобаны қорытындылай келе, сұрақтарға жауап бер.

- «Өзін-өзі тану» пәнін оқи отырып, осы оқу жылында не істей алдым?
- Өз жобамды орындау арқылы қандай нәтижеге қол жеткіздім?
- Жобамен жұмыс кезінде қандай әсерге бөленидім?
- Нені білдім? Не түсіндім? Нені үйрендім?
- Қандай адам болғым келетінін түсінуге жоба көмектесе алды ма?
- Өзімді-өзім жетілдіруге жоба жұмыстарының қандай ықпалы болды?

Жоба қорытындыларын дәптердегі жоба күнделігінде көрсет.

Дәптер **Ozin-ozи-tanu.kz** интернет-порталы, «Оқушыларға» бөлімі, «Электрондық кітапхана» айдарына салынған.

СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ!

Шартты белгілер



Дана сөздер



Бірге оқимыз



Әңгімелесейік



Жақсылық жасайық



Жаңаны білеміз



Назар аударыңдар!



Жүректен жүрекке

I ТАРАУ
ТАНЫМ ҚУАНЫШЫ





МЕН ӨЗІМДІ ТАНИМЫН



Өзінді өзің танысаң – істің басы.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алындар.



Отын оқиғасы (Аңыз)

Бекет ата жас кезінде Пақыржан қажыдан жеті жылдай дәріс алады. Ұстазы Бекеттей зейінді әрі ықыласты шәкіртіне айырықша құрмет көрсеткен.

Кезекті жыл аяғы да жетіп, келесі оқу жылына қажетті ас-су, ағаш жинап алу керек болады. Ұстаз барлық шәкіртіне балта мен ара беріп, орманнан отын алып келуге жұмсайды. Шәкірттердің бәрі шама-шарқынша ағаш кесіп, арқалай алғанша көтеріп келеді. Тек Бекет қана тезек құрлы салмағы жок, қурап қалған қу түбіртектерді теріп әкеледі. Мұны көрген шәкірттер Бекетті келеке ете бастайды. Тіпті біреулері Ұстазға шағым айтады.

Не үшін бұлай еткенін сұраған Ұстазға Бекет:

– Жаңа өскен жас тал біткен зар илеп, «Бәріміз де асқақ болсақ, бәйтеректей биік болып өссек» деп едік, «қиянат жасама, адамзат баласы»! – деп жылап тұрған соң ешқайсысын қор етуге қолым бармады. Өмірді қиудан өткен өлшеусіз күнә бар ма, ұлы Ұстаз?! – деп жауап береді.

Мұқият тыңдал болған соң мұндай кең ойлылық пен кемелдікке көнілі толған көреген Ұстаз:

– Адам баласына алдымен керегі – аяушылық пен

мейірім. Бекеттен басқаларың отынды орманға апарып тастандар! – деп бұйырған екен.



- Бала Бекеттің іс-әрекетінен нені түсінуге болады?
- Ұстаздың айтқанынан не түйдіңдер?
- Өмірдегі басты нәрсе не деп ойлайсындар?
- Сенің мақсатың қандай?



1-тапсырма

Берілген сұрақтар бойынша ой-толғау жазындар.

- Мен кіммін?
- Менің мақсатым қандай?
- Менің арманым не?

2-тапсырма

Дәптердегі суреттерді бояңдар. Ондағы балалардың іс-әрекеттеріне сәйкес адамгершілік қасиеттері туралы әңгімелеп айтындар.



Өзінді өзің тану ізгілікке, жақсылыққа талпынуды білдіреді. Адам бұл өмірге жақсылық жасау үшін келеді. Өз бойындағы адамгершілік қасиеттерін ашуға ұмтылыс адамды жақсарта түседі. Өзін-өзі таныған адамның ниеті түзу, ойы таза, сөзіне берік болады.

Өзінді өзің танысаң, өмірді танисын.



Сенің өзің

Василий Сухомлинский

Өзіңде өзің ие бол. Өзіңде өзің қызмет етуді кішкентайынан үйрен. Мойның жар бермейтін, бірақ істеуге керекті нәрсені атқаруға өзінді өзің үйрете біл.

Адамдарға жамандық ойлама, адамдарды ренжітпе, адамдардың жанын ауыртпа, мазасын алма, тыныштығын кетірме.

Кішкентайынан қанағатшыл болуға үйрен.

Бар жанынды сала оқу – сенің тал бойыңа жарасқан. Ой жалқаулығын жек көр.

Ойсыз, кітап оқусыз, ақыл-ой еңбегінсіз өткен күн – бұл босқа өткен күн.

Білімнің қайнар бұлағы, сенің рухани байлығындың қайнар көзі кітап болып табылады. Өз кітапхананды жасақтап ал. Кітапты оқып қана қойма, сонымен бірге оны қайталап оқы.



- Өзіңде өзің қызмет ету дегенді қалай түсінесіндер?
- Қанағатшыл болуға үйренудің маңызы қандай?
- Жақсы қасиеттерді шындаудың қандай пайдасы бар?
- Өзің күнделікті немен шұғылданасың?



3-тапсырма

«Жақсы адам болу үшін не істей аламын?» деген сұраққа жауаптарыңды жоспар түрінде жазындар.

4-тапсырма

«Жақсы болу – парызым» тақырыбында эссе жазындар.

Жоба тапсырмасы

Әрбір адамды оның келешегі қызықтыратыны сөзсіз. Ал келешегінің жарқын, ашық болуы тек өзіңе байланысты. Сондықтан жобадағы алғашқы қадамың – «**Мен қандай адам болғым келеді?**» деген сұраққа жауап іздеу. Мұны түсіну үшін өзіңе сұрақтар қойғаның жөн.

- Менің қалаудың не?
- Мен нені жақсы көремін?
- Мені не қызықтырады?

Саған жобаның бірінші бөлімін орындауға оқулықтың бірінші тарауындағы аңыздар, әңгімелер, өлеңдер, тапсырмалар көмектесетін болады.

Сұрақтарғажауаптарыңды, бақылауларыңды, ойларыңды дәптерде берілген жоба күнделігіне жазып толтыр.

Он сегізінші сөз

Абай Құнанбаев



Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, міnez деген нәрселермен озбак. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық.



Біз өмірдің гүліміз

Өлеңін жазған Әнуарбек Дүйсенбиеев
Әнін жазған Бекен Ғизатов

Зенгір көктен,
Нұрын төккен,
Ортақ біздің күніміз.
Жайдары өскен,
Жайнап өскен,
Біз өмірдің гүліміз.

Бал достыққа,
Жолдастыққа
Шақырады әніміз,
Тыныштықта,
Нұр құштық та,
Бақыттымыз бәріміз!





МЕНИҢ ТАЛПЫНЫСТАРЫМ



Ізденген жетер – мұратқа.

Халық нақылы

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алындар.



Ағаштағы ұлу
(Аңыз)

Көктем тым кеш шықты. Желдеткен сұық күннің бірінде ұлу шие ағашына өрмелей бастады. Көрші ағаш басында отырған торғайлар мұны көріп, шиқ-шиқ қуле берді. Сосын бір торғай ұшып келіп, ұлудан сұрады:

- Оуу, ұлу батыр, көрмейсің бе, бұл ағашта шие жоқ қой?
- Өрмелеуін тоқтатпастан ұлу былай деп жауап берді:
- Мен өрмелеп шыққанша болады!



- Ағашқа өрмелеген ұлудың көздегені не деп ойлайсындар?
- Мақсатқа қол жеткізу оңай ма? Неліктен?
- Мақсатшыл адамның бойында қандай қасиеттер болады?
- Өзің алдыңа қандай мақсат қойдың?



1-тапсырма

Берілген сөздерді оқындар. Өзіңнің не үшін талпыныс жасайтыныңды, не нәрсеге ұмтылатыныңды таңдал жаз.

- мейірімді болу үшін,
- әділ болу үшін,
- тәтті тамақ жеу үшін,
- жылтырақ киімдер кию үшін,
- терең білім алу үшін,
- адал еңбек ету үшін,
- өзімді өзім тану үшін,
- көбірек ойнау үшін.

2-тапсырма

«Менің арманым» тақырыбында эссе жазындар.

3-тапсырма

Мәтінді оқындар. Сұрақтарға жауап беріндер.

Патшаның даналығы (Аңыз)

Бір дана патша өмір сүріпті. Оған оның ұлы бір күні:

– Эке сені елдің бәрі дана, көргені көп, ақылды деп сыйлайды, сен осы сол даналықты қайдан оқып білдің, қандай кітаптар оқыдың, сені қандай мұғалімдер оқытты, – деп сұрақ қояды.

Сонда әкесі:

– Ұлым мен ел оқыған, сен де оқып жүрген кітапты оқыдым. Менің де ұстаздарым сен білім алып жүрген ұстаздар болды. Бірақ ел айтып жүрген парасаттылық, ақылдылықты тек олардан ғана емес өмірден, табиғаттан да алдым.

Құмырсқаларды байқап жүріп, олардың еңбекқорлығына, шыдамдылығына, қайтсе де алдыға қойған мақсатқа жетудегі талпыныстарына қызықтым. Бүркітке қарап байқағыштыққа, тез шешім қабылдай алушылыққа үйрендім. Барыстан – ептілік пен шыдамдылықты, бөдене құсқа қарап сүйіспеншілікті үйрендім. Қоршаған адамдарға қамқорлық жасап, сүйіспеншілікпен еңбектеніп жүрмін,

— дейді. Нағыз даналық пен ақылдылық әр кезде біздін қасымызда жүреді. Тек адамның көзі, құлағы, жүргегінің есігі оған ашық болуы керек, — дейді.

- Жан-жануарлардан, құстардан қандай үлгі-өнеге алуға болады?
- «Сүйіспеншілікпен еңбектену» дегенді қалай түсінесіңдер?



Адам алдына нақты мақсат қоя білуі керек. Мақсаты айқын адам оған қол жеткізуге талпынады. Мақсатқа жетуге талпыныс – адамды сенімді, жігерлі, күшті етеді.



Өмірдегі басты нәрсе не?

Василий Сухомлинский

Өмірдегі ең басты нәрсе не?

Шахтер айтады:

— Ең бастысы – көмір. Егер көмір болмаса, машиналар тоқтап қалар еді, металл болмас еді, адамдар тоңып қалар еді...

Металлург айтады:

— Ең бастысы – металл. Металсыз машина да, көмір де, нан да, киім де болмас еді...

Егінші айтады:

— Ең бастысы – нан. Нан жоқ болса, шахтер да,



металлург те, үшқыш та, шекараши да еңбек ете алмаған болар еді.

Сонда осылардың қайсысының айтқаны дұрыс? Өмірдегі ең басты нәрсе не?

Ең басты нәрсе – еңбек. Еңбексіз көмір де, металл да, наң да болмаған болар еді.



- Адамның өмірдегі басты мақсаты не деп ойлайсындар?
- Өз ісіне адап болу дегенді қалай түсінесіндер?
- Адам бақытқа қол жеткізу үшін не істеуі керек?
- Сен үшін басты нәрсе не?



4-тапсырма

«Менің талпыныстарым» тақырыбында эссе жазындар.

Эссе жазу кезінде мынандай мәселелерді ескеріндер:

- басты мақсатын,
- өз талпыныстарының тізбесі,
- өз бойындағы жақсы қасиеттер,
- қол жеткізген жетістіктерің,
- өзінде қоятын талаптар.

5-тапсырма

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып өлеңді оқындар.

Адам болғым келеді

Сәрсенбі Дауітов

Ойы терең мұхиттай ... болғым келеді,
Көңілі аппақ сүттен де ... болғым келеді.
Адалдықты сүйеттің жүргегімен, жанымен,
Бал бұлақтай мөп-мөлдір ... болғым келеді.

Отты, ойлы жыры бар ... болғым келеді,
Қыындықтан қайтпайтын ... болғым келеді,
Адамдардың бәрінен ... болғым келеді,
Ең бастысы өмірде – ... болғым келеді.

Қажетті сөздер: *таза, дана, бала, кіші, асыл, ақын, кісі.*

6-тапсырма

Мәтінді оқындар. Сұрақтарға жауап беріндер.

Бүркіттің досы – сұнқар (*Ertегі*)

Бір күні бүркіт өзіне сенімді дос іздең, әлемге хабар беріпті. Құстар жиналышп, бүркіттің алдына келіпті. Сонда бүркіт:

– Кімнің қандай қасиеті бар? – деп сұрапты.

Бірінші болыш қаз сөйлеген екен:

– Мен суда да жүземін, жерде де жүремін, ұша да білемін, – депті.

Жапалақ ортаға шығып:

– Менен басқа құстар тұнде ұшып көрген емес, – деп мақтанашты.

Құстардың көбі өзін-өзі мақтаған екен.

Сонда бүркіт алыстау тұрған сұнқардан:

– Сен неге үнделмейсің? Сенің қандай қасиетің бар? – деп сұрапты.

Сұнқар:

– Мениң үнделмей тұрған себебім, өзімде түрлі қасиет те жоқ, бір ғана қасиетім бар. Ол өзіңіз сияқты шаршамай ұшы, – депті.

Бүркіт:

– Бір басыңа осы қасиет те жетеді. Маған сен ғана дос бола аласың. Асырмай, тек шындықты айттың ғой, – депті.

Содан бері биіктегі бүркіт пен сұнқар ғана самғайтын болыпты.

- Құстарға ерекше қасиеттері қалай көмектеседі?
- Жақсы адам болу үшін қандай қасиеттерінді дамытар едің?

•

Жоба тапсырмасы

Сұрақтарға жауаптарынды, бақылауларынды, ойларынды дәптерде берілген жоба күнделігіне жазып толтыры.

- Менің қандай қабілеттерім бар?
- Мен достаса аламын ба?
- Мен достарыммен бірге не істегенді ұнатамын?



Конфуций

Ұстаз айтты:

– Жас бүлдіршіндер үйде ата-аналарын құрметтеуі, тұзде ұлкендерді сыйлауы тиіс, іс-әрекетте сақ болуы, сөзінде әділ болуы, адамдарды шексіз сүюі абзал-ақ.



Айгөлек

*Өлеңін жазған Нығмет Баймұхамедов
Әнін жазған Бақытжан Байқадамов*

Көлдей шалқып жас өмір,
Тасып жатқан шағында,
Кемерінен шалықтап,
Асып жатқан шағында.
Ойын ойнап, ән салмай,
Өсер бала болар ма?
Күміс күлкі көрмей ол,
Кемеліне толар ма!

Қайырмасы:
Айгөлек-ау, айгөлек,

Айдың жүзі дөңгелек.
Айгөлек деп ән шырқа,
Ел бөбекі, кел бөбек.

Асыл сөздің ұстазы
Ақын болар ұрпақпыш.
Өнер, білім, еңбекке
Жақын болар ұрпақпыш.
Он саусағы майысқан,
Шебер болар ұрпақпыш.
Тұла бойы толған бір,
Өнер болар ұрпақпыш.

Қайырмасы:
Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Айдай толған кезімде,
Би билеймін дөңгелеп.





ТАНЫМҒА БАСТАР ЖОЛ



**Жақсыдан үйрен,
Жаманнан жирен.**

Халық нақыллы

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



**Қожа Ахмет Йассауи
(Аңыз)**

Ахметті жас кезінде ата-
анасы Сайрамда тұратын Ақ Ата
деген молдаға оқуға беріпті. Ол
кісінің шашы да, қасы да аппақ
екен. Соған орай ел оны «Ақ
Ата» деп атайды екен.

Бір күні Ақ Ата сабактан соң
балаларға:

— Үйге барған соң ешкімге
көрсетпей бір-бір тауық немесе
бір-бір қораз сойып, ертең
өздеріңмен бірге сабаққа алыш
келіндер, — деп тапсырма беріпті.

Ертеңіне балалардың
бәрі сойып әкелген тауық,
қораздарын беріп жатады. Тек Ахмет қана ұстазына тірі
қораз ұсынады. Мұны көрген Ақ Ата:

— Ахмет-ая, мұның қалай, мен саған қоразды ешкімге
көрсетпей сойып әкел деп едім ғой, — дейді. Сонда Ахмет
саспастан:



– Ұстаз, мені кешіріңіз. Мен қоразды соя алмадым. Мен оны адамнан тығылып сойғаныммен, ар-ұжданым бәрін көріп тұрған жоқ па, – деп жауап береді.

– Бәрекелді, Ахметім! Мен сені сынап көру үшін барлық балаларға да осы тапсырманы берген едім. Сен сынақтан өттің, – деп Ақ Ата Ахметтің арқасынан қағыпты.



- Ахметтің жақсы білім алуына кімдер ықпал етті?
- Ахметтің іс-әрекетінен нені ұғуға болады?
- «Ар-ұжданым бәрін көріп тұр» дегенді қалай түсінесіндер?
- Адам ар-ұждан даусын қалай ести алады?
- Өзің ар-ұжданыңа сай іс-әрекет жасап жүрсің бе? Айтып бер.



1-тапсырма

Адамгершілік қасиеттер туралы өз түсініктерінді жазып, кестені толтырындар.

Адамгершілік ұғымдар	Адамгершілік ұғымдар туралы түсінік
Жауапкершілік	Адамның белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті қалтқысыз орындауы. Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы, көбінесе, оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болады.
Адалдық	
Әдептілік	
Камқорлық	
Кешірімділік	
Татулық	

2-тапсырма

Жағдаят бойынша сұрақтарға жауап жазындар.

Сенің арманың – әлемді шарлайтын жиһанкез болу.

- Ол үшін алдыңа қандай мақсат қоясың?
- Мақсатыңа жету үшін қандай қадамдар жасайсың?



Адам баласы үнемі игілікке, жақсылыққа үмтүлумен өмір сүреді. Ізгілікке құштар бол. Ізгілікке, жақсылыққа үмтүлған сайын жан дүниен де ашыла береді.

Өзінде бақылауды, жауапкершілікті қүшейте біл. Әрдайым ойынның, сөзіннің, ісіннің бірлікте болуын қадағала.



Қайырымдылық

(Аңыз)

Ауладан сыртқа шықкан жүкші жігіт өзінше толғанды. Кімнен қайырым күте бересің? Отеген жұмысына қарай ақы төлейді. Олай болса, қайрат-күшінді аямай атқарған қызметіңнің өзі бақыт екен ғой. Тек соның қызығын көресің...

Содан осы ғұламаның жүгін тасып, ақылын тыңдайын деген ниетке бел байллады. Сөйтіп жігіт Әбу Насырдың базарға келуін қалт жібермей тосты.

Бір күні базар қақпасына кіреберістен Әбу Насырдың төбесін көзі шалғанда-ақ елпілдей қасына жүгіріп барды.

- Ассалау мағалейкүм, ұстаз!
- Ұағалейкүм уасалам, аманбысың жігітім? Әрекетің өнімді ме?
- Шүкір, ұстаз...
- Сұрамаппын ғой, сенің есімің кім? Осында тұрасың ба?

- Атым Асадолла, қырдан келіп ем...
- Маған бірдене айтайын деп пе едің?
- Базардан алған заттарыңызды үйіңізге жеткізіп берейін...
- Ә, онда соңымнан ер...

Әбу Насыр базардан керек-жарағын алды да, көп айналмай үйіне қайтты. Асадолла ұстаздың заттарын арқалап жүрді. Аулаға кірген соң, жүкті сәкінің үстіне қойды. Әбу Насыр ақысын төледі. Сонда жігіт:

- Ұстаз, ренжімесеңіз, маған қайырымдылықтың не екенін түсіндіріп бермес пе екенсіз?.. – деп өтінді. Ғұлама тұңғиық ойға шома тұрып, жігітке қадала қарады.
- Ия, саған қайырымдылық керек сияқты.
- Соның мәнісін білсем деп едім...
- Жарайды ұғындырайын, есінде жүрсін, – деді ғұлама жігіттің талабын қостағандай құлімдеп. – Қайырымдылық ағыл-тегіл су емес. Ол – адамның адамға бөлінген мейір-шапағаты арқылы болатын ізгілік. Әр адам өзі көздеген мақсатына жету үшін ұмтылады. Сол жолда қындыққа тап болса, бір жомарт кісі көмектеседі. Ақниеттен туған сол жақсылық – қайырымдылық деп аталады.

Жігіт бас иіп, алғыс айтты.



- «Адамның адамға бөлінген мейір-шапағаты» – дегенді қалай түсінесіндер?
- Қайырымдылық жасаудың мәні неде деп ойлайсындар?
- Риясыз қызмет ету дегеніміз не?
- Өзің басқаларға қандай қайырымдылық жасап жүрсін?



З-тапсырма

«Қайырымдылық – қайырлы іс» атты қайырымдылық акциясын өткізуудің жоспарын күрындар.

4-тапсырма

«Мейірімділік – жүректе» тақырыбында сахналық көрініс көрсетіндер.

Жоба тапсырмасы

Сұрақтарға жауаптарыңды, бақылауларыңды, ойларыңды дәптерде берілген жоба күнделігіне жазып толтыры.

- Маған адамдарға көмектескен ұнай ма?
- Мен ата-анамнан нені үйрендім?



Ей, перзентім, қай кездеболмасын, жақсылық істеуді жадыннан шығарма. Жақсылықты жалпы халыққа жаса, жамандықтан аулақ бол, керісінше сөйлеме, теріс оймен ойлама. Бидайды көрсетіп, арпа сатпа. Әр істе әділетті бол. Әділ жанға бидің де, қазының да қажеті жоқ.

Кабуснамадан



Балдыргандар жыры

*Өлеңін жазған Әбдірахман Асылбеков
Әнін жазған Мұрат Ыбыраев*

Күлімдеп көкте күніміз,
Құлпырып қырда гүліміз.
Бойды кернеп,
Ойды тербеп,
Шарықтаған шалқып шаттық жырымыз.


Ей, бақытты баламыз,
Білім қуып, көкке канат қағамыз.

Табиғат сырын ашамыз,
Өмірге өнер шашамыз.
Оқуда да,
Еңбекте де
Салтанатпен үнемі алға басамыз.

Ей, бақытты баламыз,
Болашаққа батыл аттап басамыз.

Бақыттың қайнар бұлағы,
Өмірдің өшпес шырағы.
Өркен өмір,
Көркем көңіл
Әділетті әр адамның ұраны.

Ей, бақытты баламыз,
Болашаққа батыл аттап басамыз.





МЕН – АДАММЫН!



Адам деген ардақты ат

Халық нақылды

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алындар.



Аяз би (Аңыз)

Аяз би хан болған соң бұрынғы қой бағып жалшылықта киген қырық жамау шекпені мен ескі тұлкі тымағын өз сарайының босағасына іліп қойған екен. Кей кезде билігі мен байлығы асып-тасып, басына «дүниені түгел бағындырсам» деген ой түссе қалса, дереу ескі киімдеріне қарап, өткен күнде кім болғанын есіне түсіріп, райынан қайтады екен. Сөйтіп өзіне-өзі:

– Аяз әлінді біл,
Құмырсқа жолынды біл,
Ханмын деп таспа,
Баймын деп аспа, – деп тоқтау салып отырады екен.



- Билік пен байлық адамды өзгертпес үшін не істеу керек деп ойлайсындар?
- Адам өзін-өзі қалайша тәрбиелегені дұрыс деп санайсындар?
- Адам үшін өмірдегі басты нәрсе не деп есептейсіндер?

- Өзінді өзің басқара аласың ба? Қалайша?



1-тапсырма

«Өзімді танумен өсіп келемін» тақырыбында шағын шығарма жазындар.

2-тапсырма

Дәптердегі камқорлықты көрсететін суреттерді бояндар, мазмұнын айтып беріңдер.

3-тапсырма

Мәтінді оқындар. Сабырлылық, шыдамдылық, ұстамдылық қасиеттері қайсы жалпыадамзаттық құндылықтың көрінісі болатынын анықтаңдар.

Сабыр түбі – сары алтын

(Ертегі)

Бір патшаның ғажайып бағы болыпты. Бақта небір әдемі гүлдер мен ғажап ағаштар өсіпті. Бай ғажайып бақты баптау үшін бағбандарды алдырыпты. Бағбандарға: «Егер кімде-кім ең әдемі гүл өсіретін болса, соған теңдесі жоқ сыйлық берем» – депті. Сөйтіп әрбір бағбанға жер телімін беріпті. Осылайша бағбандар іске кіріспті.

Бірінші бағбанрайхангұлдің гүлдегенін көре сала қуаныштан жүргегі жарыла жаздапты. Ол райхангұл тезірек ашылсын деген оймен гүл күлтелерін қолымен ашып тастапты. Бағбанның асыққаны соншалық райхангұлі жұлынып-жұлмаланып, солып қалыпты. Бағбан басқа гүлдерге де осындағы әрекет жасапты. Ақырында асығыстықтың салдарынан барлық райхангұлі өспестен солып қалыпты. Сонда барып бағбаншы өз ісіне әбден өкініпті.

Екінші бағбан гүлдерін шыны құтыда өсірмекші болыпты. Ол гүлдерді аса ұқыптылықпен күтіп баптады:

біресе, құтыдағы суды ысытады, біресе, сұытады. Күні бойы құтының қақпағын бір сәтке ғана ашады. Біраз күндер өткенде гүл бүрін жарады. Гүлдің өскеніне көзі жеткен бағбан құтының қақпағын ашады. Әдемі гүлді дірілдеген нәзік сабағы әрен ұстап тұрады. Гүл сабағының нәзіктігі соншалық сәл ғана соққан желге шыдай алмай, үзіліп түсіп қалады.

Үшінші бағбан гүлдің бүр жара бастағанын көре сала шыдай алмастан, оны үзіп алып, «Қарандаршы, мен ең әдемі гүл өсірдім!», – деп айқайлап, патша сарайына қарай жүгіре жөнеледі. Сарайға жеткенше гүлі солып қалады.

Гүл өсіру үшін ең бастысы – уақыт және жылылық қажет екенін білген бір ғана бағбан ешқайда асықпады. Сондықтан ол гүл өскіндерін аялап бақты: суғарды, желден қорғады және оның гүлдеуін шыдамдылықпен күтті.

Осылайша бағбан аңқыған хош иісті, әсем гүл бағын өсірді.

Патша риза болып, осындей ғажайып гүл бағын өсірудің сыры неде екенін сұрайды. Сонда бағбан «сабырлықта» деп жауап береді.



Сен игілік, жақсылық және жамандық та кездесетін әлемде өмір сүріп жатырысың. Алайда, сенің басыңа, жүргегіңе әрдайым жақсылық жасау, қайырымды болу ниеті ұялағанын ұмытпа. Жақсыдан үлгі-өнеге ал, ал жаманнан сабак ал, одан аулақ болуға тырыс. Әрқашан адамгершілікпен дұрыс таңдау жасауға ұмтыл. Өйткені сен адамсың. Ал адам баласы тек жақсылық, бақыт үшін жаралған.



Қарапайым адам



Василий Сухомлинский

Істық, құрғақ даладағы құдық. Құдық басында үй тұр, онда атасы мен немересі өмір сүреді. Құдықтағы ұзын арқанға шелек байланған. Ары-бері өткен адамдар құдыққа бұрылып, су ішіп, атайға алғыс айтады. Бірде арқан үзіліп, құдықтың түбіне түсіп кетті. Атайдың басқа шелегі жоқ еді. Енді су алып, шөл қандыра алмайсың. Таңертең атайдың үйінің алдына арбамен бір адам келді. Арбадағы сабан астында шелегі бар. Жолаушы құдыққа бір, атай мен оның немересіне бір қарады да, атын қамшымен ұрып, әрі қарай жүріп кетті.

– Бұл қандай адам? – деп сұрады немересі атасынан.

– Бұл адам емес, – деп жауап берді атасы.

– Талтұсте атайдың үйінің жанынан тағы бір жүргінші өтіп бара жатты. Ол арбадағы сабан астына байлаған шелекті алып, арқанға байлап, су алып ішті, атай мен немересіне де су берді. Қалған суды құмға төгіп, шелегін сабан астына тығып жүре берді.

– Бұл қандай адам? – деп сұрады немересі атасынан.

– Бұл адам емес, – деп жауап берді атасы.

Кешкісін атайдың үйінің алдына үшінші жүргінші келіп тоқтады. Ол арбасынан шелегін алып, арқанға байлап, су алып ішті. Алғыс айтып жүріп кетті, ал шелегін байлаулы қалпында құдықта қалдырды.

– Ал бұл қандай адам? – деп сұрады немересі атасынан.

– Қарапайым адам, – деп жауап берді атасы.



- Адамды қалай тануға болады?
- Жақсылық жасау үшін адамға қандай қасиеттер қажет?
- Қарапайым адам деп кімді айтамыз?
- Адам жақсылықты не үшін жасайды деп ойлайсындар?

- Өзіңе басқалар жақсылық жасаған кезде қандай күйде боласын?



4-тапсырма

Жағдаяттарды шешіндер.

1. Асханаға тамактануға келгенінде еденде шашылып жатқан нан қалдықтарын көрдің.

Сенің әрекетің қандай?

2. Мектеп дәлізінде келе жатқанда жерде жатқан қолғапты байқап қалдың.

Сенің әрекетің қандай?

3. Сабактан үйге қайтқан жолда ауыр сөмкесі бар қарт адамды кездестірдің.

Сенің әрекетің қандай?

4. Үйге кіреберісте көршілеріңмен кезігіп қалдың.

Сенің әрекетің қандай?

5-тапсырма

Айналандағы адамдардың игілікті, қайырымды істері туралы шағын жоба құрындар.

Жобаны мынандай жоспар бойынша құруға болады:

- таңдаған адам туралы шағын мәлімет,
- ол адамның адамгершілік қасиеттері,
- оның игілікті, қайырымды істерінен мысалдар,
- үнемі айтатын ақыл-кеңестері,
- сенің ол адамға ризашылығын, алғысын.

6-тапсырма

Өлеңді оқындар. Сұрақтарға жауап беріндер.

Нағыз адам

Ермек Өтөтілеуов

Бүгін титтей баламын,
Әлі-ақ жігіт боламын.
Сонда, мүмкін, мен ғалым,
Әлде шофер болармын.
Ел сыйлайтын мұғалім,
Әлде шахтер болармын.

Сонда токарь, не артист,
Не дәрігер болармын.
Мүмкін, ақын, журналист,
Әлде болам ғарышкер.

Әлде шебер,
Әдемі
Үй салатын он қабат,

Таңдандырар әлемді
Әлде болам ғарышкер.

Әлде, әлде...
Білсендер,
Жалғыз ғана талабым:
Ер жеткенде, ел сенер
Нағыз адам боламын!

- Өскенде кім болғың келеді?
- Туған еліңе қандай жақсылықтар жасайсың?

Жоба тапсырмасы

1-тaraу бойынша алған білімдерінді қорытындылау үшін жауаптарынды дәптерде берілген жоба құнделігіне жазып толтыр.

- Менің жобадан үйренгенім.
- Жобада дамытқан құндылықтарым мен қасиеттерім.
- Менің жобадан түйгенім.



Он тоғызыншы сөз

Абай Құнанбаев

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды:
естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі
жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан
білгені, көргені көп болған адам білімді болады.
Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі
өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске
жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы
нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса,
сонда іске жарайды, сонда адам десе болады.



Адам бол, адам!

*Олеңін жазған Жұбан Молдагалиев
Әнін жазған Әсем Бейсеуов*

Ай, жұлдыз аспан төсін алқалаған,
Жер-ана әлдилеген, арқалаған.
Нәзік гүл, алып емен, асау бұлақ –
Бәрі де саған құштар, дарқан адам.

Кайырмасы:

Адам бол, адам!
Адам бол, адам!
Сұлу бол, адам!
Жылу бол, адам!
Биікте бол, адам!
Сүйікті бол, адам!
Сүйікті бол, адам!


Тірліктің тәттілігі, қаттылығы,
Сағыныш, махаббат, мұң, шаттық үні.
Өтеді бәрі менмен жүрегіңнен
Секілді шеру тартқан ат дүбірі.

Қайырмасы:
Адам бол, адам!
Адам бол, адам!
Сұлу бол, адам!
Жылу бол, адам!
Биікте бол, адам!
Сүйікті бол, адам!
Сүйікті бол, адам!

Артады асқақ міндеп заман саған,
Тыныштық, еңбек, бақыт, ән аңсаған.
Әркімнен айналаға сәуле түссін,
Жаралсын жақсылыққа адамша адам!

Қайырмасы:

Адам бол, адам!
Адам бол, адам!
Сұлу бол, адам!
Жылу бол, адам!
Биікте бол, адам!
Сүйікті бол, адам!
Сүйікті бол, адам!



ТЕСТИЛЕУ

Дұрыс жауапты тауып, белгіле.

1-тест

Мұғалім оқушыларға әңгімені іштей оқуға тапсырма берді. Сен әңгімені дауыстап оқып, сыныптастарыңа кедергі келтірдің. Балалар саған реніш білдірді.

– Сенің әрекетің қандай?

- A) Бұл қылышыңды мойындасан да, кешірім сұрамайсың.
Ә) Сен бұл қылышыңа мұлдем ұялмайсың.
Б) Сен сыныптастарыңнан кешірім сұрап, енді үлтай істемеуге уәде бересің.

2-тест

Анаңның үй шаруасынан қолы босамай, саған інінді ойната түруды тапсырды. Ал сен теледидарға қарап, тапжылмай отырдың. Інің жылап, анаңның мазасын алуда.

– Сенің әрекетің қандай?

- A) Теледидар көріп отыра бересің.
Ә) Теледидарды өшіріп, ініңді ойнатасың.
Б) Ініңнің анаңның мазасын алғанын байқамағансып отыра бересің.

3-тест

Кеше досың екеуің ұзак үақыт футбол ойнадындар. Ал досың бүгінгі сабакқа дайындалмай келгендейтін, тақта алдында қызыарып тұр. Сенен көмек күткендей қарай береді.

– Сенің әрекетің қандай?

- A) Байқамағансып отыра бересің.
Ә) Алдымен сабакқа дайындалып, сосын ойнау керектігін үйгараңың.
Б) Көмектескің келеді-ақ, бірақ еш пайдасы жозын түсінесің.

4-тест

Әкең сені алғаш рет нағашыларыңың ауылына ертіп барды. Нағашыларың сені көріп, қуанып жатыр.

– Сенің әрекетің қандай?

- A) Нагашыларыңа қол беріп амандаласың.
Ә) Үндеместен тұра бересің.
Б) Олардың аты-жөнін білмейтініңді ойлан, амандауды жөн санамайсың.

ІІ ТАРАУ

АДАМ БОЛАМ ДЕСЕНІЗ...





АДАМ МІНЕЗІ



**Кісіге екі дүниеде пайдалы нәрсе -
ізгі іс немесе мінезі тұзулік.**

Жұсін Баласағұны

- Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіндер?



Ұстаз бен шәкірт (Аңыз)

Бұлбұлдың ерекше әншілік қабілетін таныған ұстазы:

– Бұлбұл, ержеткен соң кім боласын? – деп сұрады.

Шәкірт ойланбастан:

– Әнші болам, – деді езуіне тәтті күлкі үйіріліп.

– О-о! Әнші болу – үлкен арман, әрі үлкен өнер. Әнші болу үшін ұстаздың қатаң талабына шыдасаң, сені үлкен жол адастырмай арманыңа жеткізеді, – деді ұстазы.

– Ол қандай талап? Мен бәріне де төземін, – деген Бұлбұлдың даусынан сенімділікті аңғару қын емес.

– Асықпа, оны әлі-ақ сезінесің, – деп, ұстазы шәкіртін ойландырып тастады.

Әнші болудан басқа ойы жоқ балауса Бұлбұл ұстаз сөзінен ешнәрсе түсіне алмады.

Ертесіне ата-аналар жиналысы болды. Оған оқушылар да қатысты. Барлық ата-анамен жеке сөйлескен ұстаз кезегі келгенде Бұлбұлдың анасына:

– Балаңыз туралы айттыңызшы. Бала жас шыбық секілді.

Қисық өскен бұтағын кесіп, түзеп отыру керек. Бүгін оның мінезі мен іс-әрекетіндегі кемшілікті жасырамын деп, ертен үлкен қателікке ұрынып жүрмейік, – деді.

Ұстаздың көкейіндегісін түсінген ана:

– Бұлбұлдың балалығы болар, – деп сөзін жұмсақ бастады. Онысы баланың көңілін ойлай сөйлесейік дегенді меңзегені еді.

– Көп ұйықтайды, арманышыл. Үлкен мақсатына тек қиялмен жетем дей ме деп қорқамын. Еңбектенуі де аз. Бала ширақ болу керек емес пе?! Ата-анаға қазір қолғабыс тигізбегенде, қашан тигізбек? Эйтпесе...

Анасының сөзін естіп отырған Бұлбұл қып-қызыл боп кетті. Жиналыс соңында Бұлбұл мен ұстаз оңаша қалды. Ұстаз тағы да жұмбақтап:

– Әнші болу үшін ұстаздың қатаң талабына шыдау керек демеп пе едім. Қалай, шыдайтын түрің бар ма? – деді.

Әлі де болса сөздің мәнісін толық түсінбеген шәкірт:

– Мұғалім, енді ерте тұратын боламын, – деді балалық мінез танытып.

– Тек ерте тұру ғана емес, ата-ана алдындағы балалық парызды актау бар. Тәртіпке өз-өзінді көндіруің керек. Келесі жиналыста анаңың саған деген аландаушылығын қуанышқа айналдырарыңа сенемін, – деді. Бұлбұл үнсіз басын изеді.

– Шынында да ол осы оқиғадан соң, ата-анасын таңғалдырды. Ерте тұрып, барлық шаруаға үлгерді. Сабакты да жақсы оқыды. Сахнада ән де салды.

Ауыл сахнасынан жап-жас Бұлбұлдың әсем әнін тыңдаған Бүркіт қария да қатты сүйсінді. Бір күні сабактан әндептің келе жатқан Бұлбұлға қарсы жолыққан қария:

– Бұлбұл балам, – дей бергені сол еді:

– Ата, уақытымды алмаңызшы, – деп, алды-артына қарамай жүріп кетті.

Атайдың қапа болып қала берді. «Бала ғой, балалығы да.

Ұлken өнер иесі болғалы тұр, әттең, мінезі кедергі болмаса» деп, өзін-өзі жұбатқан болды.

Ертесіне қария болған жайды ұстазына баяндаپ берді.

Ұстаз Бұлбұлмен оңаша сөйлесті.

— Кешегі күніңің қалай өткенін маған тәптіштеп баяндаپ берші. Бірақ ештеңесі қалып қоймасын, — деді қадалып.

Бұлбұл бірдеңені сезгендей жолда тоқтатқан қарияны кінелай сөйледі.

— Асығып бара жатсам, ерігіп жүрген Бұркіт деген кісі «тоқта» деп еді, тоқтамадым.

— Жо-жо-жоқ! Бұлбұл, сен қатты қателестің. Көргені көп кіслердің сөзін бір күн емес, өмір бақи тыңдасаң да артық етпейді. Сен ұлken кіслерге, тіпті өзіңден кішіге де құрметпен қарауың керек. Адамдар сенің өнеріңе ғана емес, өзіңе де сүйсінуі тиіс. Есінде болса, ұстаздың қатаң талабына шыдасаң, арманыңа жетесің деп едім ғой. Сондай талаптың бірі жүрген жерінде жұртқа жұғымды болу, соңыңан жақсы сөз іlestіру.

— Иә, иә, — деген Бұлбұл әуел бастағы ұстаз сөзінің жүмбағын енді-енді түсінгендей болды.

Сол күні Бұлбұл Бұркіт ақсақалдан кешірім сұрады.

Осы оқиғадан кейін ұстаз шәкіртінің көп өзгергенін байқады. Арада бірнеше күн өткенде ұстазы Бұлбұлды шақырып алды:

— Бұлбұл, енді екеуміздің өнер жолындағы сабағымыз басталады, — деді.

— Мұғалім, енді басталады дегеніңіз қалай, сіз мені бұрыннан бері әншілікке баулып келе жатқан жоқсыз ба?

— Жоқ. Мен сенің бойындағы тамаша талантты танығаныммен, өнерге әлі баули қойғаным жоқ. Оған кедергі болған — сенің мінезіндегі кемшіліктер. Есінде болсын, өнер-білімге ұмтылған әрбір жеткіншек мінезіне мін, өнеріне сын айтылмайтында тәрбиеленуі керек. Үйде де, тұзде де мейірбан, шыншыл, жақсы адамдарға жақын жүргені абзал. Сонда ғана елге сүйкімді болмақ.

— Мұғалім, бұл өсиетіңіз тек әншілерге байланысты ма?

– Жақсы адам болам деген жеткіншектің бәріне қатысты нәрсе. Сен халық алдында жүресің. Ол – сенің ең бірінші сыншың, ақылшың, қолдаушың. Ал, халық, алдына шыққан әншіден жақсылық, ізеттілік, инабаттылықты көріп барып талантын таниды. Сен осы жолда аз да болса сабақ алдың. Енді сені әншілікке баулу қыын емес. Ол сенің өзінде тұнып тұр. Сен мені түсінді деп ойлаймын.

– Түсіндім мұғалім, түсіндім. Мен сізді бүгіннен бастап ұстаз деп айтайыншы?! – деді Бұлбұл.



- Басында Бұлбұлдың мінезі қандай еді?
- Оның өзгеруіне не себеп болды?
- Ұстаздың «Оған кедергі болған сенін мінезіндегі кемшіліктер» деген сөзін қалай түсінесіндер?
- Мінез жақсы болу үшін қандай қасиеттер қажет?
- Мінезі жақсы адам деп кімді айта аласың? Неліктен?



1-тапсырма


Жағдаятты шешіндер.

Айгүл мен Айман – дос. Бір күні қоңырау кезінде Айгүл байқамай Айманның аяғын басып кетті. Айман оған ашуланып бірден Айгүлдің де аяғын басты. Екі дос бір-біріне ренжіп, сол күні сөйлеспеді...

- Сенің әрекетің қандай?

2-тапсырма

Суреттерге қарандар. Саған қай сурет ұнайды?
Неліктен?



Мінез – адам бойындағы қасиеттер мен ерекшеліктердің жиынтығы. Адамның іс-әрекетінен оның мінезін тануға болады. Адамның мінезі оның өзіне, өзгелерге қарым-қатынасынан байқалады.

Адамдардың адаптациялық қызмет етуі, сабырлы, төзімді, ақкөңіл болуы жақсы мінездің көрінісі болып табылады. Жақсы мінезді адам айналасына шуақ шашқан күнмен тен.



Халық суретшісі

Aхат Жақсыбаев

Әбілхан бала жасынан сурет салуға күмар болды. Төнірекке көз тастап, жападан-жалғыз ұзак отырды. Табиғат көріністері оның қиялын қозғайтын. Көргендерін әрнеге ұқсатады. Аспанда көшіп бара жатқан бұлт түйелі керуен секілді. Ирелендереген қисық бұтақ жылан тәрізді. Тастардың, ағаштардың бедерінен жан-жануарлардың



мұсінін таниды.

Сурет салайын десе қағаз, қарындашы жоқ. Әке-шешесі өліп, жетім қалған. Жалданып, біреулердің қойын бағады. Ауылда ешкім де сурет салуды білмейді. Үйрететін ешкім жоқ.

Бала қой бағып жүріп қарап отырмады. Ағаш ойып, тас қашап, түрлі мұсіндер жасады. Біреуі қойға, біреуі жылқыға, біреуі дөңгелек киіз үйге ұқсады. Қолы епті екен.

Ағаштан түйін түйеді. Жасаған бұйымдары жүрттың көзін қызықтырады.

Оның сурет салуға бейімділігі бала кезінен байқалыпты. Шекараға жақын тау бөктеріндегі шағын ауылдың ойын баласы мал бағып жүріп ұзақты күнде ағаштан ойып, тастан қашап, әрненің бейнесін жасауға әуестенді. Дағдылана келе оюлап, әшекейлеуді қойып жан-жануардың суретін салды. Ауыл ол кезде адамды бейнелеп сурет салу дегенді білмейтін еді. Ертеңгі қойдың алдында, кешкі қойдың соңында жүрген қойшы бала түйме, алқа жасап, ағаштан күнделікті түрмисқа қажет түрлі бұйымдарды, бейнелерді ойып, жүрттың көзін қызықтырады. Ауылдағы сары өнді Түргембай ұста бұның жасаған заттарына зер салып, қасына келіп, жұмысын ерінбей бақылап отырады екен.

Тас қашау үшін бұған әдейілеп кездік, өткір біз, түрлі құрал жасап беріпті. Аракідік ертегі айтып, мақал үйретеді екен.

Түргембайдың сондағы айтқан әңгімелері Әбліханға қатты әсер етіп, енді өлең-жырды тыңдал, жаттап алуға құмартады. Өлең кітап қолына тисе, «оқып берші» деп көрінгенге жалынып, беті қайтқан соң іштей ыза болған

Әбілхан сонда Мәзім деген шалдың үйіне барады. Бір жыл бойына жұртқа білдірмesten сол кісіге жасырынып барып, арабша хат таниды. Жасы асып кеткендіктен мектепте өзінен кіші балалармен қатар отырып сабак оқуға ұялып, осылайша өздігінен оқып сауда ашады.

Қойши баланың, жетім ұлдың талпынысы таңғалдырады.

Бір жиында – шаршы топтың алдында өлең кітапты, ұзак жырды суылдатып оқып бергенде «Қашан, қалай үйрендің?» деп, – жиналған жұрт сенер-сенбесін білмепті. Оның табиғатына тән қасиет – қайсарлық екенін осы жолы да байқатты. Оның бойындағы оянбай жатқан өнерін түрткілеп, жарыққа шығарған да осы қасиет шығар...



- Әбілханның арманына жетуіне не ықпал етті?
- Жақсы мінезді адамның бойында қандай қасиеттер болады?
- Мінезі жақсы адам айналасымен қалайша қарым-қатынас жасайды?
- Адам өз мінезін жақсарта ала ма? Қалайша?
- Өзінді жақсы мінездімін деп санайсың ба? Неліктен?



3-тапсырма

Дәптердегі суреттерге қарап, өз ойынмен бөліс. Қандай іс-әрекеттерді жақсы мінезге жатқызуға болады?

4-тапсырма

Қажетті сөздердің ішінен жақсы мінезге тән қасиеттерді теріп жазындар.

Қажетті сөздер: *кішіпейілділік, қырсықтық, адалдық, аққоңілділік, мақтаншақтық, жауапсыздық, қайсарлық, мейірімділік, ұстамдылық, ашуланшақтық, жігерлілік.*

5-тапсырма

Өлеңді оқындар. Сұрактарға жауап беріңдер.

Мінез

Әдібай Табылды

Жақан – шәкірт талапты,
Жақсы оқиды сабақты.
Зерек оқып оқуын,
Зеректікпен оқудың
Тетік-сырын табады:
Тез-ақ ұғып алады.
Орындаитын мақсатын, -
Оның бірақ жақсы атын
Бұлдіріп жүр мінезі:
Бұлінгенде бұл өзі
Ашуын тез шақырып,
Арыстандай ақырып,
Ісін жойып қыруар,
Ісінетін жыны бар.
Жақсы демес кім өзін, –
Жақсы болсын мінезің.

- Жақсы мінезді болудың артықшылығы неде?
- Өз мінезінді қалай жақсартуға болады?

Жоба тапсырмасы

«Ағаш – жемісінен, ал адам ісінен білінеді» деген халық нақылы бекер айтылмаған. Жобаңың екінші қадамы – «**Мен не істей аламын?**» деген сұраққа жауап іздеу. Не істей алатыныңды ойланып ал. Ойдана келе, қиялыңды, білігінді пайдалана отырып, кез келген қолжетімді материалдардан (қатырма қағаз, мата, пластик ыдыстар, полиэтилен пакеттер және басқалар) шығармашылық жұмыстар орында. Шығармашылық жұмыстарыңың көрмесін жаса.

Басқалардың игілігі үшін өз қабілетінді қалайша

қолдануға болатынын талқыла. Жобаны орындау үшін сыныптастарыңмен бір топқа біріккенің дұрыс. Жұмысынды сұрақтарға жауап беруден баста.

- *Жоба тақырыбы*: жобамызды қалай атасақ болады?
- *Жоба нысаны*: кімге және қалай көмек бергіміз келеді?
- *Жоба пәні*: не істегім келеді?

Жоба жоспарын және жобаның дайындық барысын дәптердегі жоба күнделілігінде көрсет.

Әбу Насыр әл-Фараби



Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші – адамшылық қасиеттер саналады. Егер бұл екеуі бірдей болып келсе, біз өз ойымыз бен іс-қимылдарымыздан абзалдық пен жетілуді табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі, қайырымды адамдар бола аламыз, осылайша бақытқа қол жеткіземіз.



Дос болайық бәріміз

*Әлеңін жазған Хасенхан Талгаров
Әнін жазған Ибрагим Нұсінбаев*

Әрқашан дос, біргеміз,
Ажырамас іргеміз.
Ілгері жүріндер,
Достық жырын біліндер.
Ту ғып ұстап бірлікті,
Енбекті сүйіндер!

Қайырмасы:
Дос болайық, бәріміз,


Жарасып тұр әніміз.
Тыныштықты сақтаймыз,
Атсын құліп таңымыз.

Қайраттанып қарышта,
Озып шыққан жарыста.
Батыл бас, жас ұлан!
Самға биік алысқа,
Жұлдыздарға ғарышқа,
Бойда қүш тасыған.

Қайырмасы:
Дос болайық, бәріміз,
Жарасып тұр әніміз.
Тыныштықты сақтаймыз,
Атсын құліп таңымыз.

Отан біздің панамыз,
Аман жүрсін анамыз.
Нұрлы күн сөнбесін.
Бақыт боп жанамыз,
Жарық біздің санамыз,
Қара бұлт төнбесін!

Қайырмасы:
Дос болайық, бәріміз,
Жарасып тұр әніміз.
Тыныштықты сақтаймыз,
Атсын құліп таңымыз.





БОЛУ – БОЛЫП КӨРІНУ ЕМЕС



Адамды айтқан сөзінен емес,
істеген ісінен таниды.

Халық нақылы

- Дәйектесздің мағынасын қалай түсінесіңдер?



Үәде туралы

Әбен Нұрманов

Күн жұма болатын. Таңертеңгі мезгіл. Ұйқымнан оянып далаға шығып, беті-қолымды жуып, асханаға кірдім. Әкем Алдаберген, шешем Сара екеуі мені көріп қуанып кетті.

– Келші, кел, – деп қосарлана шақырды. Шешем басымнан сипап, әкем менің жон арқамнан қағып:

– Әбен, сен өз істеген істеріңнен қорқасың ба? – деді.

– Неге қорқам, сіз нені мензеп отырсыз? – дедім.

– Әбен, сен бүгін бір жолдасыңа бардың. Ол әбіржіп қиналып отыр. Сен оны аяп көмек беретініңді айттың. Ол сенді. Сен оның қасынан кеткен соң үедендей ұмытып кеттің, яғни сенен қайыр болмады, осыны түсіндіріп көрші, – деді.

– Әке, шамаң келмесе көмек бермеу керек, – дедім.

– Е, бұның дұрыс, – деді әкем. Шешем Сара далаға шығып кеткен. Байқасам, мені шақырып тұр. Әкемнен рұқсат сұрап, далаға беттедім.

Шешем маған:



— Эбен, әкең айтқан сөзді түсіндің бе? — деді.

— Неге түсінбеймін, — дедім мен.

— Мына жеміс ағаштар гүлдегендей, сен де уәде беріп тұрғанда жақсы жігіт болып тұрасың. Ал сол кезде шын айтсан, жеміс берген ағаштай айтқаның орындалады, — деді де маған қайта бұрылып сөзін жалғады.

— Эбен, жақсылап ұғып ал. Сен біреуге өтірік уәде бердің. Уәде гүлденген ағаш делік. Сен рахаттанғанмен ертеңіне жеміс болмаса, сенде де пәтуа жоқ. Сонда сен кім болдың? — деді шешем.

— Мен өтірікші емеспін! Мен ондай іске бармаймын, — деп анамның алдында ақталып жатырмын, әрі ант беріп тұрғандай сезіндім. Шешем маған аулада жапырақтары түсіп, ырсиып-ырсиып тұрған ағаштарды көрсетіп тұрып: — Міне, балам, осы ағаштардай көркің болмайды, ел-жүрттың ортасында. Сондықтан «көп уәде берме», — деп отыр әкең. Қайталаймын, тағы да қайталап айтам. Орынданай алатын, шамаңа қарап сөйлесен, қорықпай жүресің, — деді.

Сол күні даладағы ағаштарға қарап көп ойланым.

Бір кезде жел тұрып ағаштардың басын қозғап жіберді. Сол кезде ағаштар садақтың жебесіндегі иліп маған тартылғандай болды. Олар маған «өтірік айтпа, айтпа», – дегендегі шайқалып тұр.



- Экесі мен анасы Әбенге уәде беру дегенді қалай түсіндірді?
- Уәдесіне берік адамның бойында қандай қасиеттер болады?
- Уәде бермес бұрын неліктен ойлану қажет?
- Өзің берген уәденді қалай орындал жүрсің?



1-тапсырма

Жағдаят бойынша сұраққа жауап беріңдер.

Арман мен Асан – көрші. Бір күні Асан Арманның велосипедін тебуге сұрады.

Арман:

– Бір сағат теуіп, алып кел, мен апамның үйіне сүт апарып беруім керек, – деді.

Асан:

– Мен уақытында әкелемін, уәдемде тұра аламын, – деді. Сөйтіп Асан велосипедін теуіп кетті.

Бір сағат өтті Асан көрінбеді. Бір сағат отыз минут болды, Асан жоқ. Арман не болды екен деп, Асанның үйіне барса, оның анасы Асанның көрші ауылдағы досының үйіне кеткенін айтты.

Арман көнілсіз үйіне келді. Ары жүрді, бері жүрді Асанның сөзінде тұрмағанын, айтқанын орындағанын түсінбеді.

- Сен қалай ойлайсың?

2-тапсырма

Ойы, сөзі, ісі бірлікте болатын адамға сипаттама жазыңдар.



Адамның айтқан сөзінде тұра білуі, оның адалдығын көрсетеді. Әр адамның ойы таза болса, іс-әрекеті ізгі болады. Ондай адам өзін ғана емес, айналасындағы адамдарды сыйлай біледі және оларға сене алады.

Таза оймен орындалған істер, адамды ізгілікке жетелейді



Отты жүрек

Құрманбай Толыбаев

Бір кісі ғұлама Әбу Насырды арнайы іздең барып, ақыл-кеңес сұрайды да, ішін кернеген мұңын шағады:

– Жастарымыз азып барады. Үлкендердің сөзіне құлақ аспайды. Өз беттерімен өмір сүргілері келеді. «Мен адаммын, тәнім де, жаным да өзімдікі, не қылсам да өз еркім» – деп қасарысатынды тапты. Ұстаз, осының түбі қайырлы болмас. Ұрпақтарымызды қайтсек аздырмас екенбіз деген үмітпен сонау жер түбінен ақыл сұрай келдім...

Әбу Насыр ұзақ ойланды да, өзінің болжамын айтты:

– Білімсіз адамдар құлағы естігеннің бәріне әуестенеді де, солай қарай қисая береді. Оның пайдасы мен зиянын айырып, салмақтап жатпайды. Сіздің жастарыңыз тәрбиесіздіктің салдарынан тәлім жолынан адасқан... Оның себебі не?

– Иә, жат пиғылдың кесірі, – деді жолаушы бір жайды есіне түсіріп. – Дүние ғылымын үйретіп, болашаққа бастаймын деп, алыс елден келген біреу иландырды. Оның сол ойын орында мақ болғанына алты жылдан асты. Соның кесірі – бәрін аздырды. Теріс тәрбие де адамды бұзады екен.

– Тәрбие ісін қолға алған кісінің әрекетіне о баста ешкім

көңіл бөлмеген бе? Тәрбиенің бағдарына зер салмағансыздар ма?

- Біз де сол адамға сеніп қалып ек...
- Сенген адамың адад болмаса, сенім де адастырады.
- Енді қайтуіміз керек?
- Аңы да болса айтатын, ең алдымен балаларыңыздың кірленген санасын, ластанған жүрегін тазартыңыздар.
- Оған қандай шара қолдану керек?
- Жүрек – адам денесіндегі қайнап тұрған қазан. Тәнге жүргізілетін ықпалы да күшті. Оның оты – ізгі ой. Көзбен көріп, қолмен ұстайтын айқын дәлелдер арқылы жастарыңызды осы тұнық ойға үйіріңіздер. Мидың сүзгісіне өткен ойлары, ыстық сезімдері жүректерінің қуатын асырады. Жандарын мейірімділік шапағатына бөлейді. Сөйтіп, жастардың жүрегі – іштегі оттың өшпейтін ошағына айналады. Көкейлеріне ізгілік нұры себілген жастар туған елін қастерлейді, иғі іске елтиді. Содан кейін қалай да бір жақсылық жасаудың жайын ойластырады. Жетелері жетсе, осы ем қонар.



- Адам неліктен жүрегін таза ұстаяу керек?
- Ізгі ой адамды неге жетелейді?
- Адам тәрбиелі болу үшін қандай қасиеттер қажет?
- Өзінді-өзің тәрбиелеу үшін қандай іс-әрекеттер жасап жүрсің? Айтып бер.



3-тапсырма

Уәдесіне берік адамға тән қасиеттерді тізбелеп жазыңдар.

4-тапсырма

Абай Құнанбаевтың он жетінші қара сөзін сахналап көрсетіңдер.

Автор: Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айттысып, таласып келіп, ғылымға жүгініptі.

Қайрат: «Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнэрсе менсіз кәмелетке жетпейтұғынын; әуелі, өзінді білуге ерінбей-жалақпай үйрену керек, ол – менің ісім.

...Осы екеуі маған қалай таласады?»

Ақыл: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзінді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұбып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?».

Жүрек: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ.

...Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп, тулас кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?».

Автор: Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тындал болып, айттыпты:

Ғылым: Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске қүшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолынды босатпайды. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сұртерлік қасиетті адам – сол.

Жоба тапсырмасы

Жоба жоспарын және жобаның дайындық барысын дәптердегі жоба күнделігінде көрсет.

- Жоба мақсаты: мұны не үшін істегім келеді?
- Жоба жоспары: жоба мақсатына жету үшін қандай қадамдар жасауым қажет?

Мағжан Жұмабаев



Адамға қалай да болса, қашан да болса,
пайда келтіретін ой мен іс ізгілік деп аталады.
Ізгілікке ұмтылу, жауыздықтан безу –
адамның жаратылышының өзінде бар.



Жас ұлан

Өлеңі мен әнін жазған Ғұсман Жандыбаев

Жас қырандай ұшарында
Кеудесін күш кернеген.
Балалықтың құшағында
Жас құрақтай тербелем.

Қайырмасы:
Балдай өмір,
Көлдей көңіл,
Өзендейміз тасыған.
Бала шақтан
Болашаққа
Қанат қаққан жас ұлан.

Тыныштықты жыр ғып шерткен
Балалықтың тәтті үні.
Алтыннан да қымбат неткен,
Бұл күндердің шаттығы.

Қайырмасы.

Жырымыз да, әніміз де
Таң мен тұнді жалғаған.
Бақыттымыз бәріміз де,
Қызықтарға қанбаған.

Қайырмасы.





ЕҢБЕК ҚУАНЫШЫ



Еңбек тұбі – береке.

Халық нақылы

- Дәйектөздің мағынасын қалай түсінесіндер?



Қолғабыс

Мәдіхат Төрежсанов

Арғынның атасы арбаға күрең биесін жегіп алыш, шөпке баратын. Атасы бұл жолға жарты күн дайындалатын. Шалғысын шындалап, торсыққа қымыз құйып алатын-ды. Күн бата арбасын жасыл бидайыққа толтырып, ауылға көңілді оралатын.

- Әке, бүгін көңілдісіз ғой? – деп сұраған баласына:
- Көңілді болмағанда ше, таза аудада қанатын жайған қыранша қан таратып, бой жазғанға не жетсін, – деп масаттанатын.

Мұны байқап жүрген Арғынның шөпке бірге барғысы келеді-ақ, бірақ тілегін атасына айттуға батпайтын.

Арғынның атасы атын жегіп, пішенге жүруге әзірленіп жатты. Ол ақырын басып, атасының қасына келіп:

- Ата, мені ала баrasыз ба? – деп қылды.
- Күн ыстық, шөлдеп қаласың.
- Ата, шөлдесем қымыз ішемін ғой, – деді.
- Қарның ашса қайтемін?
- Нан жеймін.
- Үйдегідей еркелемей, мен не жесем, соны жеп, мен не

ішсем, соны ішесің бе?

– Ішейін, ата.

– Атаңа қолғабыс жасай аласың ба?

– Қолғабыс дегеніңіз не?

– Көмектесіп, жұмыс істей аласың ба дегенім ғой.

– Көмектесейін.

Екеуі Көктомарға келді. Көктомардың шөбі жайқалып, бала бойын жасырлыштай болып тұр. Атасы атын доғарып, Арғынға бүлдіргендердің тұнып тұрған жерін көрсетті. Ол қымызыз ішетін тостағанға бүлдірген теріп, атасына бірнеше рет әкеліп берді. Өзі де қан қызыл қойбұлдіргенге сілейе тойды. Шөлдеген соң, атасынан қымызыз сұрап ішті. Біраз көбелек қуып ойнады. «Әжеме сыйлаймын», – деп уысы толғанша гүл терді.

Атасының «қолғабысынды тигізе аласың ба?» деген сөзі есіне түсіп, қасына келіп:

– Ата, қолғабысынды тигізейін, – деп ниет білдірді.

«Кіп-кішкентай болып сенің қолыңнан не келеді» дегендей, атасы немересіне құдіктене қарады.

– Шөп шабайын.

– Шөп шабу сенің қолыңнан келмейді, бір жерінді жарагалап аласың, – деп атасы оған тыйым салды.

– Ендеше, тырнауышпен шөпті жинайын, – деді Арғын.

Атасы Арғынға тырнауышты ұстасып, шөпті қалай жинау керек екенін көрсетті.

Олар көк арбаға шөпті тиеп, үйге кеш оралды. Әжесі мен әкесі аулада қарсы алып:

– Арғынның атасы, бүгін пішенің әрі құнарлы, әрі қомақты сияқты... – деп мақтап жатыр.

– Бүгінгі шөп бір ерекше шөп болды. Мал да сүйсініп жейтін шығар.

– Әке, күндегі әкеліп жүрген шөбіңіз емес пе. Несіне сүйсіне қалдыңыз? – деп сөзге баласы араласты.

– Бүгін маған Арғынжан қолғабыс тигізді емес пе? Балаңның тоқымқағар тойы бар, – деп атасы мәз болып жүр.

– Шөп шабуға мені де он екі жасымда үйреткенсіз. Он екі

жасқа келгенде Арғынды да үйретерсіз. «Өнерді үйрен де, жилен», – деп өзіңіз айтасыз ғой. Қол шалғымен шөп шаба білу де өнер. Өзіңіз білген өнерге баули беріңіз. Еңбекке баулысаңыз, кім сүйсінбес, кім тойламас дейсіз.



- Еңбекке үйренудің қандай пайдасы бар?
- Қолғабыс ету, көмек беру дегенді қалай түсінесіндер?
- Еңбек ету адамға не үшін қажет?
- Өзің отбасында қандай еңбекпен шұғылданасың? Айтып бер.



1-тапсырма

Дәптердегі суреттерді бояндар, сурет бойынша әңгіме құрастырып айтындар.

2-тапсырма

Өзіннің бір апта бойы жасайтың еңбегінің тізбесін дәптерге жазып көрсет.

Апта күндері	Еңбек іс-әрекеттері
Дүйсенбі	
Сейсенбі	
Сәрсенбі	
Бейсенбі	
Жұма	
Сенбі	
Жексенбі	



Адам еңбекпен өседі. Еңбек адамды жақсылыққа, игілікке жеткізеді. Адал еңбектін нәтижесі адамды қуанышқа, бақытқа бөлейді. Адал еңбектің жемісі тәтті болады.

Еңбек – таза ниеттен, адалдықтан, төзімділіктен, жауапкершіліктен, еңбек-сүйгіштікten құралады.

Ізгілік бастаулары да – еңбектен басталады.



Күн күлше

Мәдди Айымбетов

Сейтектің әжесі Құлән егіс басынан шыт орамалға түйіп, бидай әкелді. Қол диірменге салып, ұнтақтап, аппақ ұнға айналдырды. Ұннан қамыр иледі. Көп ұзамай ошақтың астында қыздырған жыңғыл шоғының арасындағы табадан қып-қызыл күн күлше шыға келді.

Біп-ыстық күлшені Құлән әже төртке бөлді. Әкесіне, апасына және Сейтекке. Төртінші бөлігін қырман күзетшісі Бекдауыл атайға берді. Бірінші орақтың дәнінен күлше пісіру – әжейдің жылдағы әдеті.

Сейтектің әкесі Құрманжан – комбайншы. Бозала таңнан күн ұясына қонақтағанша комбайнда отырады. Оның комбайны алтын алқаптың ортасында кемедей жүзіп жүреді.



Жаңа егінге орақ түскен күн – егіншілердің мерекесі. Бұл күні олардың ешқайсысы шаршамайды. Дән тасыған автопойыздар легі ерсілі-қарсылы жосылады. Қырманға қызыл бидай тау-тау боп үйіледі.

Сейтектің алақанына алып үрлеп, аузын күйдіре жеп тұрған құлшесі – қырманға келген алғашқы дәннің дәмі ғой.

– Наннан тәтті ештеңе жоқ, – дейді Бекдауыл атай. Күн құлшенің бір сынығын аузына салып, рахаттана тамсанып қояды.

– Ата, әжем құлшеге қант қосқан жоқ, – дейді Сейтек.

– Мұндай құлшеге қант қоспаса да, тәтті болады, – дейді Бекдауыл атай. Сейтек тамсанып қойды.

– Әне, балам, өзің де тамсанып тұрсың... тәтті болмаса, неге өйтесің?

Сейтек басын сипалап, атайдың сауалына жауап берे алмады.

– Ә, солай ма екен? Күн нұры мен диқанның мандай тері сіңген дәннің тәтті болмауы мүмкін емес.

Көп уақытқа дейін Сейтектің тілінде күн құлшенің тәтті дәмі уылжып жүрді.



- Адамдар еңбектің жемісін неліктен тойлайды?
- Еңбекқор адамның бойында қандай қасиеттер болады?
- Қалай ойлайсындар, неліктен еңбектің наны тәтті болды?
- Өз еңбегіңің жемісін көрген кезде қандай күйде болдың? Айтып бер.



3-тапсырма

«Еңбек қуанышы» тақырыбында сахналық көрініс көрсетіндер.

4-тапсырма

Сұрақтарға жауап жазындар.

- Өзінді үлкендер қандай еңбек тұрларіне үйретті?
- Белгілі бір еңбекке үйренген кезіндеңі іс-әрекетің мен көңіл күйің қандай болды?

5-тапсырма


Суреттерді қарап, мазмұны бойынша әңгімелеп беріңдер.



Ә. Қастеев. «Шөп шабу». 1934 жыл.



Ә. Қастеев. «Мақта жинау». 1935 жыл.



Ө. Қастеев. «Алтын дән». 1960 жыл.

Жоба тапсырмасы

Жоба жоспарын және жобаның дайындық барысын дәптердегі жоба күнделігінде көрсет.

- «Жақсылық менен басталады» деген ұранға біздің жоба несімен сәйкес келеді?
- Жобадағы іс-әрекеттерім мен үшін неліктен маңызды?

Қаныш Сәтбаев



Еңбек етпесең, жиған білімің кәдеге жарамай жатқан минерал секілді. Оның ішін аршып, асыл кенін жарқырату үшін еңбек керек, қол мен ой қымылды қажет.



Болайықшы осындай


Өлеңі мен әнін жазған Айымкүл Менәжсанова

Жақсы бала еңбекшіл,
Ер азamat болады.
Қындықты жеңіп кіл,
Құшағы гүл толады.

Қайырмасы:
Еңбекшіл осындей,
Болайықшы, досым-ай!

Таза бала мұнтаздай,
Сүйсінеді қараған.
Ұқыпты деп бұл қандай,
Жақсы көрер бар адам.

Қайырмасы:
Еңбекшіл осындей,
Болайықшы, досым-ай!





АДАМ ЖАНЫНЫҢ СҰЛУЛЫГЫ



**Сыртқы сымбат ішкі тереңдікке
сай болуы керек.**

Ебіней Бекетов

- Дәйектөздің мағынасын қалай түсінесіндер?



Ішкі сұлудық пен сыртқы сұлудық
(Аңыз)

Баяғы өткен заманда бір патша базардан екі құл сатып алыпты. Құлдарының бірі ұсқынсыз еken, ал екіншісі болса, келбетті, жағымды адам еken. Патша келбетті құлын сыйға бөлеп, моншаға жібереді. Ұсқынсыз екінші құлды қасына шақырып:

– Сені ұнатып-ақ едім, бірақ ана моншаға кеткен досың сен туралы көп жаман нәрселер айтты. Сен де қаласан, маған оның жаман тұстарын айтып бер, – дейді.

Құл болса, жолдасына шаң жуытпай, ол туралы еш жаман сөз айтпады. Патша қалай тырысса да, мақтаудан басқа ештеңе айттыра алмапты.

Екінші құлды моншадан қайтып келгенде, патша оны да сынамақ болып қасына шақыртты. Біраз мақтау сөз айтқан соң:

– Ана досың айтып берген жаман мінездерің болмаса, жап-жақсы жігітсің, – депті.

Сөйтсе әлгі ашуланып, жолдасы туралы қайдағы жоқты айтып, жамандай бастайды.

Патша біраз тындаған соң:

— Доғар сөзді, кімнің кім екенін енді білдім. Сен жамандаған жолдасың ұсқынсыз болса, сенің ішкі жандуниең ұсқынсыз екен. Бар, қазірден бастап сол жамандаған досыңың қол астында жұмыс істейтін боласын, — депті.



- «Сыртқы сұлулық» дегенді қалай түсінесіндер?
- «Ішкі сұлулық» дегенді қалай түсінуге болады?
- Жаны сұлу адамның бойында қандай қасиеттер бар деп ойлайсындар?
- Ішкі және сыртқы сұлулық неліктен үйлесімді болуы керек?
- Өзің ішкі сұлулығыңды қалайша жақсартып жүрсің? Айтып бер.



1-тапсырма

Мәтінді оқып, сахналап көрсетіндер.

Айжан мен Айнұр – дос. Айжан күнде әдемі киінгенді жақсы көреді. Жиі киім алады. Ал Айнұр киімге мән бермейді, бірақ тазалықты жақсы көреді. Таза жүреді.

Айжан досы Айнұрга ұнемі «Сен осы неге сәнді киінбейсің, сенің мүмкіндігің бар ғой», – дейді. Айнұр үндемейтін.

Бір күні екеуі сабактан келе жатыр еді, сүрініп кеткен қарияны көрді. Айнұр бірден көмекке ұмтылды. Қарияны тұрғызып, сөмкесін берді. Оны жолдың арғы бетіне өткізді. Қария алғыс айтты. Айнұр қуанып, Айжанның жанына келді. Айжан үнсіз.

— Сен неге көмектеспейдің? – деп сұрайды Айнұр.
— Менің киімім былғанады, сол үшін бармадым, – дейді Айжан.

Үйіне келген Айжан анасына болған оқиғаны әңгімелеп берді.

Анасы:

– Айнүрдүң жаны сұлу екен. Достықтарың мәңгі болсын. Айнүр сияқты қыз менің қызыыммен дос болғанына қуанамын, – дейді.

Айжан болса қызарып, отырып қалды.

Сонда анасы:

– Қызым, сениң де бойында жақсы қасиеттер мол. Адамның сыртқы сұлулығы мен ішкі сұлулығы сай болуы керек. Жан сұлулығынды әрдайым іс-әрекетінмен көрсете аласың, – деді.

2-тапсырма

«Мен үшін жаны сұлу адам» тақырыбында эссе жазындар.



Адамның сұлулығы – бұл ішкі және сыртқы сұлулығының үйлесімділігі. Ол адамның мінезінен, сыртқы келбетінен, рухани байлығынан көрінеді.

Адамның көркем мінезі, әдемі әдебі, нұрлы ақылы жан дүние сұлулығы болып саналады. Ішкі сұлулықты әрдайым көзben көре алмайсың, оны адамның жасаған іс-әрекеттерінен байқауға болады.

Ішкі сұлулық жанды жадыратып, айналаға ізгілік сыйлайды.



Қарындаштың бес сапасы (Аңыз)

Әжесінің хат жазып отырғанын көрген немересі:

– Әже, сіз хатқа мен туралы жазып жатырсыз ба? – деп сүрайды. Әжесі жазуын тоқтатып, езу тартып немересіне:

– Сен дәл таптың, мен сен туралы жазып жатырмын. Бірақ менің не жазып отырғаным маңызды емес, немен жазып отырғаным маңызды. Мен сен ержеткенде осы

қарындаш сияқты болғаныңды қалаймын.

Немересі қарындашты қолына алғып, ары-бері қарап айрықша ештеңені байқамай:

– Эже, ол дәл басқа қарындаштар сияқты ғой, ешқандай ерекшелік көріп тұрған жоқпын, – дейді.

– Балам, барлығы затты дұрыс көре білуге байланысты. Бұл қарындаш бес түрлі жақсы қасиетке ие, сен ержеткенде сол бес қасиет бойынан табылса, өзіңмен және әлеммен үйлесімде боласың.

– Біріншіден, сен данышпан бола аласың, бірақ әрқашан сені жетелеп тұрған бір тылсым күш бар екенін ұмытпа. Оны біз табиғаттың ісі дейміз, оған сенімді бол. Екіншіден, жазу үшін мен қарындашты әр кездे ұштап отырам, оған ол ұнамайды, бірақ ұштаған сайын менің жазуым әдемі, нәзік жазып отырады. Демек, ұнамаса да шыдамдылық таныта білу керек, арты жақсылыққа әкеледі. Үшіншіден, егер қате жазып кетсең, қарындашты әр кезде өшіргішпен сұртіп тастауға болады. Есте сақта, қателігінді түсініп, кешірім сұрау ешқашан ұят емес. Қателік жасау әр адамға тән нәрсе, бірақ уақытында соны түсіне білсен, дұрыс жолдан ешқашан шатаспайсың.

Төртіншіден, қарындаштың сыртындағы ағашы мен формасы емес, оның ішіндегі графитке мән беру қажет. Сондықтан, ішкі жан дүниен таза болуына көніл бөлу қажет. Ал, бесіншіден, қарындаш әр кезде өзінің артынан із тастап кетіп отырады. Осылай сен де өскен сайын өз қылықтарынмен, іс-әрекеттерінмен із тастап отырасың. Сондықтан да, әр басқан ізінді ойланып, нық басуға тырыс, – депті әжесі.



- Адамның өмірдегі басты мақсаты қандай?
- Адам өз бойындағы қасиеттерін ашуға неліктен ұмтылады?
- Адам ішкі жан дүниесін таза сақтауы үшін қандай әрекеттер жасауды керек?
- Өзің жақсылыққа қалайша ұмтылып жүрсің? Айтып бер.



3-тапсырма

Қажетті сөздерді пайдаланып, «Жан сұлулығы» тақырыбына өлең құрастырындар.

Қажетті сөздер: мейірімділік, ақниет, адалдық, кеңпейілділік, ізгілік, әдептілік, қамқорлық, сүйіспенешілік.

4-тапсырма

Жаны сұлу адамның іс-әрекеттерін сипаттап жазындар.

5-тапсырма

Өлеңді оқындар. Сұрақтарға жауап беріндер.

Не үшін?

Қадыр Мырзалиев

- Екі көзің не үшін керек?
- Жақсылықты көру үшін!
- Екі қолың не үшін керек?
- Елге көмек беру үшін!
- Құлақ деген не үшін керек?
- Ақыл-кенес тыңдау үшін!
- Жүрек деген не үшін керек?
- Барлығын да сую үшін!
- Тіл мен жағың не үшін керек?
- Ақиқатты айтуда үшін!
- Ал аяғың?...
- Шетте жүрсем,
- Тұған жерге қайту үшін!

- Өлеңдегі сұрақтарға өзің қалай жауап берер едің?
- Адам жанының сұлулығы неде деп ойлайсындар?

Жоба тапсырмасы

2-тарау бойынша алған білімдерінді қорытындылау

сұрақтарына жауаптарынды дәптерде берілген жоба күнделігіне жазып толтыр.

- Менің жобадан үйренгенім.
- Жобада дамытқан құндылықтарым мен қасиеттерім.
- Менің жобадан түйгенім.

Илияс Есенберлин



Адамның сыртқы пішін сұлулығы бар да, ішкі сезім дүниесінің сұлулығы бар емес пе? Поэзия соның қайсысын таңдаса да жырлайтыны адам ғой. Ал адам туралы сыр шертілген болса, ең алдымен оның ішкі дүниесінің сұлулығы, оның рухани күші, жан сезімінің байлығы сөз болады. Міне, бұл қасиеттер ақынды қанағаттандыра алады, оның поэзиясына жан береді, қуаныш әкеледі. Әдемі болғанда кәдімгідей көркем болсын деймін. Түрі, бойы, мінезі бәрі сәйкес келсе, міне, сонда ғана сұлулық өзіне тән үйлесімін сақтай алады.



Ертегі Сарай

*Өлеңін жазған Сұлтан Қалиев
Әнін жазған Бейбіт Даңденбай*

Балалар деп жарқырап күн шырағы,
Әй-әй апай – халқымыздың шынары.
Жан апайдың салдырған Сарайынан,
Жанымызға тарайды нұр шуағы.

Қайырмасы:
Ертегі Сарай
Шертеді талай,

Бар ғаламның жұмбақ сырларын, ғаламат.
Көмкөріп арай,
Елтеді маңай,
Балалардың тыңдалап жыр, әнін бағалап.

Мұң мен дерттен арылтқан, ұмыттырған,
Шарболаттай шындаған, шынықтырған.
Жұмаққа бергісіз осы Сарай
Талайлардың бақыты, үміт қуған.

Қайырмасы.

Ұл-қыздарын шақырып шартараптан,
Омарташы сияқты бал таратқан.
Самғасын деп біздерді биіктеге,
Өнер, білім, денсаулық арқалатқан.

Қайырмасы.



ТЕСТИЛЕУ

1-тест

Сен үй жұмысын орындаап отырсың. Ұялы телефонын шырылдап қояр емес. Бұл хабарлама жазып отырған сыныптас досың.

– Сенің әрекетің қандай?

А) Сен телефоннан шыққан дауысқа мән бермейсің.

Ә) Досыңа кедергі келтіріп жатқанын айтасың.

Б) Сен телефоныңды өшіріп тастайсың.

2-тест

Сынып жетекшісі Ермек екеуіннің кезекші екендерінді ескерту. Сабактан соң кезекшілік атқаруға қалдындар. Ермек кезекшілік міндетін атқарудан бас тартты.

– Сенің әрекетің қандай?

А) Ермектің қылышын сыннып жетекшісіне айтатыныңды ескертесің.

Ә) Ермекке ерегесін, кезекшілік міндетінді атқармайсың.

Б) Кезекшілік міндет қындық келтірмейтіндіктен, оны өзің атқарасың.

3-тест

Сен Арманға жексенбі күні отын жаруға көмектесемін деп уәде бердің. Сол күні сен Арманға баруды ұмытып кеттің.

– Сенің әрекетің қандай?

А) Шындықты айтып, кешірім сұрайсың.

Ә) Бұған өзіңді кінәлі деп санамайсың.

Б) Досыңың көңілінен шығу үшін сұлтаяу айта саласың.

4-тест

Досың Сәуле екеуің автобусқа міндіндер. Бос орын біреу болғандықтан, қыз балаға орынға отыруды ұсындың. Келесі аялдамада бір қарт кісі автобусқа мінді. Бос орын болмай қарт кісі тұра берді. Сәуле қарт кісіге орын ұсынуды ойлаған да жоқ. Сол сэтте алыста отырған ағай өз орнын ұсынды.

– Сенің әрекетің қандай?

А) Сен бұл жағдайда Сәулениң қылышына ашуланып, дүрсө қоя бересің.

Ә) Дереу Сәулениң қылышының дұрыс еместігін айтасың.

Б) Сен бұл жағдайды маңызды емес деп санағандықтан, үндеңең тұра бересің.



ІІІ ТАРАУ

АДАМ ЖӘНЕ ӘЛЕМ





ОТБАСЫ ТАТУЛЫГЫ



**Ана алдында – құрмет,
Ата алдында – қызмет.**

Халық нақылы

- Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіндер?



Әжесін қайсысы жақсы көреді?

Мәдіхат Төрежсанов

Қанат пен Болат әжесінің жанында ойнап отыр. Бір кезде
Қанат әжесін құшақтап:

– Әжем менікі, мен әжемді жақсы көремін, – деді.



Болат Қанаттан қалыспай, әжесінің екінші жағына шығып:

– Эже сенікі емес, менікі. Әжем мені жақсы көреді. Мен сен сияқты әжемнің басын қатырмаймын, – деп таласты.

Әже немерелерінің егесіне риза болып отырды. Бір кездे қарттың көзі бұлдырап, жүрегі қысылып, диванға қисая кетті.

Қанаттың зәресі ұшып, бақырып жылап жіберді. Болат абыржымай, үлкен кісіше телефонға барып, жедел жәрдем шақырды. Ақ халатты, қолында ұстаған кішкене қобдишасы бар дәрігер келіп, әжеге ине салып, дәрі берді. Әжелері басын көтеріп, дәрігерге алғыс айтты.

Дәрігер Болат пен Қанаттан:

– Телефонмен жедел жәрдемді шақырган қайсыларың?
– деп сұрады.

Болат:

– Менмін, – деді.
– Ақылды бала екенсін, – деді дәрігер. – Әженді бір ажалдан алып қалдың. Әженді жақсы көреді екенсін.



- Дәрігер Болаттың іс-әрекетіне неліктен риза болды?
- Болаттың әжесіне деген сүйіспеншілігі қандай әрекеттер арқылы көрінеді?
- Отбасындағы сыйластыққа қалай қол жеткізуге болады?
- Отбасындағы татулықты қалай сактауға болады деп ойлайсың?



1-тапсырма

Тірек сөздерді пайдалана отырып, «Менің отбасым» тақырыбында әңгіме құрастырындар.

Қажетті сөздер: мейірімділік, сыйластық, татулық, сүйіспенешілік, қамқорлық.

2-тапсырма

Мақал-мәтелдерді жалғастырып жазындар.

- 1.Атаға қарап – , анаға қарап –
- 2.Атаның баласы болма,.....
- 3.Ұяда не көрсөн,
- 4.Ата көрген оқ жонар,
- 5.Ананың сүті – бал,
- 6.Тұған үйдің тұтіні жылы,
- 7.Анаңа ауыр сөз айтпа,
- 8.Әке – асқар тау,



Отбасы – адам баласының тұп қазығы, алтын ұясы. Отбасы – адам үшін ең жақын ортасы, таным бесігі, ұлгі-өнеге бастауы. Отбасында адамның асыл және жағымды қасиеттері дамиды. Отбасы қоғамдағы мінез-құлық дағдыларын дамытатын ең жақын ортасы болып табылады. Отбасы – бұл бақыт пен берекенің, татулық пен бірліктің мекені.



Ағаның хаты

Әбди Шынбатыров

Бір бөлмеде екеуміз ғана тұрамыз. Бір-бірімізден жасыратын сырымыз жоқ. Жасымыз да шамалас. Ол – ақжарқын жігіт, дос дегенде ешиерсесін аямайтын жан. Мен оның еңбекшілдігіне қайран қаламын, қашан көрсөн де том-том кітапты жан-жағына жинастырып қойып, сарылып оқып отырғаны. Кей кезде өз-өзінен жынысып қояды. Жаны рақат тауып отырғанын сезе қоямын.

Сабақтан кешірек келсем Әбен столда қағаз жазып отыр

екен. Алғашқыда ыңғайсызданды ма, қағазын қолымен қалқалай берді. Сәлден кейін: «Оқып көрші», – деді. Өзіміз салдыр-салак, желе жортып жаза салатын кәдімгі хат. Әбенниң үқыптылығы сол, оның өзіне ерекше мән беріпті.

– Ербол, білесің бе? – дейді ол маған. Өткен жылды әкей қайтыс болғанда қыздың кенжесі Нұрила небары он екіде ғана болатын. Ешкім бетінен қақпай еркелеткендіктен бе, онша ақыл тоқтата қоймағандай көрінуші еді маған. Ал биыл... биыл көп өзгеріпті. Сабағын жақсы оқып, апасына бар шаруада көмектеседі екен. Түсіне қойдым. Бауырға деген мейірім. Хат мынадай еді.

«Айналайын Нұрилаш! Сабағыңды жақсы оқып жүрсің бе? Хатыңды алғанда бауырластық сезімнің ерекше бір толқыны кернеді ме, шалқып кеттім, толқып кеттім. Қысқасын айтқанда, қатты қуандым.

...Көп оқы, ізден. Соңда дүниенің бар тетігін білетін боласың. Өзінді-өзің тәрбиеле. Өтінерім, аса мақтаншак болма, бұл өзі өмірдегі өрескел, жарамсыз мінездің бірі. Барынша сабырлы, салмақты, ойлы болғаныңды қалаймын. Үлкенді сыйла, ананы құрметте, жібектей мінез, іскерлік, ақылдылық қашаннан қазақ қыздарына тән. Міне, осылар өміріңе гүл бол өріліп, тал бойында жарасымын тауып тұрсын», – депті.

Жақсы кітап оқығандай сүйсініп қалдым. Сонында сабағының жақсы екендігін жазыпты. Шынында Әбен – факультетте оқу озаты.

Хатты өзіне қайтарып бердім. Маған да көп ой салды. Әбен столға қайта отырды да, енді конверттің сыртына адресін жазды.

Нұрилаш, хатты алғанда сөз жоқ шаттанасың. Балбұл жанған сол сэттегі жүзінді, ойлы бейнеңді еш уақытта көрмесем де көз алдыма елестетемін. Бақытты екенсің, айналайын, алдында ойлылыққа шақырған Әбендей үлгілі ағаң бар.

Алыс ауылдағы бауырларымды ойладап, мен де елжіреп кеттім.



- Әбеннің Нұрилаға хат жазуының себебі неде?
- Әбен Нұрилаға қандай ақыл айтты?
- Аға ақылынан қандай үлгі алуға болады?
- «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген мақалдың мағынасын қалай түсінесіндер?
- Өзің іні-қарындастарыңа қандай ақыл-кеңес айтып жүрсің?



3-тапсырма

Тірек сөздерді пайдалана отырып, кішілерге арнап хат жазындар.

Қажетті сөздер: еңбексүйгіштік, мейірімділік, әделтілік, жақсылық, сырттайтын, қамқорлық, жсанашырлық.

4-тапсырма

Мәтінді оқып, өз ойларыңмен жалғастырындар.

Аяқталмаған ойын

Mədixat Tərejسانوں

Ауылдың шеті. Қарлы төбешікке су құйылып, сырғанақ жасалған. Бірнеше бала сырғанақ теуіп жүр. Олардың ішінде ағайынды Ахметовтер де бар. Ақан мен Асан екеудің бір шанаға отырып, төбеден төмен зымырайды. Беттері қызыра бөртіп, сырғанап ойнаудан жалығар емес. Ақан мен Асан төбе басына шықты. Шананың алдына Асан отыратын. Ол абайсызда шанадан айырылып қалды. Бос шана төмен қарай сырғанай жөнелді. Алысқа барып бірақ тоқтады.

- Ақан, сен барып шананы алып кел, – деді інісіне Асан.
- Мен бармаймын. Шанаға ие бола алмаған өзің, сен бар, – деді Ақан.
- Жоқ, сен барасың. Сен менен кішісің, – деді Асан.
- ...

Жоба тапсырмасы

Өз жобаңды іске асыр. Жобаның дайындық барысын дәптердегі жоба күнделігінде сипаттап жаз. Сұрақтарға жауап бер:

- Жоба орындау кезінде топта қандай қарым-қатынас орнады?
- Жобадағы топпен жұмыс жасау барысында қандай қасиеттерінді дамыта алдың?



Ата-ананы құрметтеу туралы

Ей, перзентім, ата-анаңды ешқашан ренжітуші болма... Олардың көніл күйіне қаяу салмаңдар.

Сені жан-тәнімен жақсы көріп, тәрбиелеп жүрген ата-ананың көңілін қалдыратын құйттай да іс жасаушы болмаңдар. Кімде-кім ата-ананың жақсылығын білмесе, басқа біреудің жақсылығын да бағаламайды.

Егер сен, өз перзентім құрмет қылсын десең, сен де ата-ананы құрметте, сен ата-анаңа не істесең, саған перзентін де соны жасайды. Перзент – жеміске, ата-ана – жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы күтсең, жемісі де дәмді, жақсы болады. Сол сияқты ата-анаға деген ізгі тілегі қабыл болғаны.

Қабуснамадан



Ақ мамам

*Өлеңін жазған Фариза Оңгарсынова
Әнін жазған Айжікіт Асанов*

Еркелесем, күлімдейтін,
Ұрысқаны білінбейтін,
Маңдайымнан сипап менің
«Құлыншағым, күнім» дейтін.

Қайырмасы:
Ақ мамам, ақ мамам!
Құлыншағым, қүнім дейтін,
Ақ мамам, ақ мамам!
Құлыншағым, қүнім дейтін,

Әлемдегі ақылды адам,
Бәрінен сол жақын маған,
Ол жанымда жүрсе мен де
Батырларша батылданам.

Қайырмасы.

Жамандықтан сақтандырып,
Жақсы ісімді мақтан қылыш,
Мәпелеген ақ мамамды
Жүрсем деймін шаттандырып.

Қайырмасы.





АДАМ ҰЖЫМДА



**Сыпайылық, сабырлылық –
асыл адам белгісі.**

Мәлік Габдуллин

- Дэйексөздің мағынасын қалай түсінесіндер?



Мойындау

Дәулет Қасенов

Мезгіл – тамыздың орта шені. Қауын-қарбыз піскен уақыт. Күн шыжып тұр.

Бақшада төртінші кластың он шақты баласы жұмыс істеп жүрген. Тұстігін ішіп болып, суға салқындастып қойылған қып-қызыл шырын қарбызды асап жатқан. Тап сол кезде қолына чемодан ұстаған, білегінде плащ, кесек бітімді қара бұжыр кісі үлкен жолдағы борпылдақ боз топырақты тобықтан кешіп, балаларға қарай бұрылды. Ол жақындай берді, шамасы, самолеттен жаңа түсіп келе жатқан болу керек. Желкесіне қарай тараған шашы селдір. Жылтыр мандайы тершіп тұр.

– Сәлемет пе, балалар! – деді әлгі адам жақындалап келіп. Балалар оған үлкен бейіл көрсете қоймады. «Қарбыз женіз», – деп те айтпады.

– Қала едәуір жер екен, ат-арбаларыңмен жеткізіп саласындар ма, шырақтар? – деді ол.

– Арба бос емес, шөп тасып жүрміз, – деп, балалар

қарбыздарын жей берді.

Бейтаныс адам бұрылды да, жөніне кете берді...

Әне-міне дегенше оқу жылы да келіп қалды. Балалар тап-таза киініп, сөмкелерін көтеріп, жан-жақтан мектепке ағылып жатыр. Алаулаған жүздерінде қуаныш оты ойнап, жаздай сағынысқан достар шұрқырасып қауышып мәре-сәре.

Қоңырау соғылышымен класс-класқа кіріп, сырланып, жаңаған парталарға отырысты. Төртінші класс оқушылары да өз орындарына жайғасты. Көп мұғалімдер өзгеріпті, «жана директор келіпті», – деген сөздер де естіліп жатты.

Мектебін, достарын көріп, мауқын басқан оқушылар енді ұстаздарының келуін асыға күтті. Есік айқара ашылып мұғалім кірді... Әлгі бақшаға келіп, көлік сұраған адам. Үстінде су жана қара костюм. Көлік бермеген «батырлардың» жүрегі қылп ете қалды.

Балалар орындарынан тұрып қайта отырысты. Оқушылар түгел тынышталған соң, жана мұғалім өзін таныстырды.

Институтта оқып жүрген жерінен майданға аттанған еken де, Ұлы Отан соғысы аяқталған соң, оқуын үшінші курстан жалғастырып, биылғы оқу жылында осы «Ұлан» мектебіне директор болып келіпті. Аты – Бек, фамилиясы – Эбітаев.

Директор еkenін білгенде әнеугүнгі оқушылар бұрынғыдан бетер қобалжып, қатты сасқалақтады.

Қысылғандарынан құлактарына дейін қызарды. Директор балалармен таныса бастады. Кезек әлгі «батырларға» да жетті. Директор оларды тыңдап болған соң: «Мен барғанда бақшада қарбыз жеп отырған сендер болдыңдар ғой?» – деді. Балаларда үн жоқ. Жерге кіріп кете жаздап, демін ішіне тартып бұғып отыр.

Онан соң әңгіме сабак жайына көшті. Әлгі балалар алғашқы екі үзілісте сыртқа да шықпай, отырған орындарынан қозғалмады. Олар класс алдында абыройымызды айрандай

төгіп, болған жайды бастан-аяқ баяндар, әйтпесе кабинетіне шақырып алыш ұрсар деп ойлаған-ды...

Күндер өтіп жатты. Бірақ балалар ойлағандай болмады. Директор оларды кабинетіне де шақырмады, жиналысқа да салмады. Ақырында балалар «кешірім сұралық» десті. Тәнірберді бастап, қалғандары қостайтын болды.

Әдеттегідей қоңырау соғылып, директор сабаққа кіріп келді. Балалар орындарынан тұрып, қайта отырысты. Әлгі «батырлар» орындарында қалшиып тұр. Балалар тегіс тына қалып, «бұл несі» дегендей соларға қарады. Класс іші жымжырт. Директор да таңданғандай үнсіз қарап отыр.

Тәнірберді сөзін айта алмай, қайта-қайта жұтынып:

– Ағай, біздің айыбымызды кешіріңіз, – деді сәлден соң.

– Ол қандай айып?

– Жазда Алматыдан алғаш келе жатып, біздің бақшада болғаныңызда сізді білмей, үлкен ағаттық істедік. Содан бері өзіміз де қатты қысылып жүрміз. Кешіріңіз, ағай! – деді.

Басқалар да «кешіріңіз» десті.

Директор салмақты үнмен:

– Отрындар, – деп, бәрін отырғызды. – Мені білмегендерің рас-ақ шығар, бірақ окушы парызы тек танығанын ғана сыйлау ма? Үлкенді сыйлау бар емес пе?!

– Сол айыбымызды кешіріңіз, – деді бәрі көздері жәудіреп.

– Жарайды, оны білсендер болды. Мен әлдеқашан ұмытып та кеттім, – деп, директор сабақты бастап кетті...



- Балалар не үшін қатты қысылды?
- Ұжымдағы сыйластыққа қалай қол жеткізуге болады?
- Балалардың жасаған іс-әрекеттерінен қандай сабақ алуға болады?
- Өзіңнің бейтаныс адамдарға қарым-қатынасын қандай? Мысал келтіріндер.



1-тапсырма

Мәтінді оқып, жағдаятты шешіндер.

Мектепте қабырға газеттерінен жарыс өтіп жатты. Талқылау түстен кейін қызып, газет шығарушылардың пікірлері тыңдалды. Барлық газет шығарушылар әдептілік сақтап, өз ойларын айтып бөлісті. Тек Ерлан ғана өзінің сыныбы шығарған қабырға газетін мақтап, басқа сыныптардың газеттерінен қате іздең, сынап-мінеді. Қазылар алқасы өзінің әділ бағасын шығарып, нәтижені жариялай бастады. Ерлан өз газетінің аты аталғанша дегбірі қашып, тағаттана күтті, бірақ өкінішке орай, ол ешқандай орынға ие болмады...

- Мұның себебі неде?

2-тапсырма

Сөйлемдерді аяқтандар.

Үлкен кісіні.....

Үлкеннің тілін.....

Үлкендерге.....

Кішілерді.....

Оқу құралдарын.....

Автобусқа мінгенде.....



Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білу – асқан адамгершіліктің белгісі. Өзінді сыйлай білсен, өзгені де сыйлай аласың. Өзін-өзі сыйлаған адамның ойы, сөзі, ісі бірлікте болады. Өзара түсіністік, сыйластық татулыққа жеткізеді.



Кластың тоқтамы

Әлдіхан Қалдыбаев

Көктемгі каникулға шығуға енді екі құн қалған. Балалар кәдімгідей желігіп, ойлары мектепте емес, ойында еді. Соңғы сабак біте бере Рахима апай:

– Балалар, бүкіл мектеп оқушылары металл сынығын жинауға кірісетін болды. Бұл игі іске біз де өз үлесімізді қосуымыз керек. Сірә, бұл жұмысқа бүгіннен бастап кірісken жөн болар. Негұрлым тездетіп қолға алсақ, соғұрлым ertе бітіреміз, – деді.

Үшінші кластықтар ду ете тұсті.

– Металды қайдан аламыз?

– Ал, керек болса, каникул!

– Оны каникулдан кейін жинайық па?

– Балалар, тынышталындар! Ұйғарым сол – жинау керек.

Барлық мектеп іске кіріседі, біз де сөйтеміз.

Класс ойланып қалды.

– Металл сынықтары табылады, апай. Көп-көп табылады.

Балалар түгел Бауыржанға қарады: қуанғаны да, таңданғаны да бар. Айтпаса да түсінікті. Бауыржан енді қай жерді көздең отырғанын айтуы керек.

– Технологиялық институттың арғы жағындағы қосалқы бөлшектер заводының орнында темір-терсек толып жатыр. Мен оны көптен бері бір керек болар деп байқап жүргем.

Бауыржанның сөзін балалар іліп әкетті.

– Рас, апай онда металл сынықтары өте көп.

– Мен де көргем, үйіліп жатыр. Талғат іштей таңданып отыр: «Мына Бауыржан пәле екен-ей!».

Шынында, пәле болмаса, өсте ме? Әйтпесе қосалқы бөлшектер заводының орталықтағы цехын қаланың шетінен салынған жаңа заводқа көшіріп әкетіп, оның орнын тегістеп тастағанын осы балалардың бәрі біледі. Қанша тазаладым дегенмен, ол жерде металл сынықтарының әлі де аз емес

екені рас. Соны көздең жүріпті ғой бұл Бауыржан.

Тұстен кейін үшінші класс оқушылары қосалқы бөлшектер заводының, дәлірек айтқанда, оның көшіріп әкеткен цехының орнына келді. Аумағы әжептеуір жерді алып, бір қарағанда жып-жылмағай болып жатқан жерді көрген балалар:

– Қане, темір-терсек?

– Жұмысшылар біз жинайды деп темір тастап ақымақ па екен? – десіп қырсық-қыңыр сөздер айта бастады.

– Темір-терсекті Бауыржаннан сұрандар. Мен кеттім Шоқан да менімен кетеді, – деп Талғат Шоқанға бұрыла берген.

– Менен сұрап не керек? Жөндеп қараңдар, табасындар. Кімде-кімге бұл жұмыс ұнамайды екен, барсын, – деп Бауыржан еңкейіп, шеті көрініп жатқан білектей темірді жерден суырып алды.

– Эй, рас екен.

– Жабылдық, ендеشه.



Балалар улап-шулап темір-терсек жинауға кірісіп кеп кетті. Талғат пен Шоқан біраз состиып-состиып тұрды да, ақырын жылыстап кете барды. Бауыржан бастаған балалар металл сынықтарын көп қылып жинап өткізді.

Ертеңіне Рахима апай балаларға қатты риза болды:

– Естідім, металл сынықтарын көп өткізіпсіндер.
Жарайсындар бәрің де, – деді.

– Апай арамызда жалқаулар да бар, – деді Бауыржан.
– Ия, олар кім?
– Талғат пен Шоқан.
– Қашан көрсөң, екеуі өстіп бөлектеніп жүреді, бізге қосылмайды. Кеше де сөйтті, бізді тастап кетіп қалды.
– Бізге де бұлардың қажеті жоқ. Барсын, басқа класқа ауыстырыңыз.

Рахима апай балалардың сөзін үн-түнсіз тыңдал тұр. Талғат пен Шоқанда үн жоқ. Балалардың дауыстары, жарқын-жарқын шығады.

Талғат та, Шоқан да Бауыржанға қарады, бірдене айт дегендері. Бауыржан не десін, екеуінен көңілі қатты қалған екен, беттер емес.

Рахима апай да не айтарын білмей дал болды.

– Апай, шынында, бізді үшінші «б» класына ауыстырыңызшы, – деді Шоқан.

– Сөйтіңіздерші, апай, – деді Талғат.
– Бұлар ешқайда да бармайды. Не деп барады? Сонда бұл екеуіне бүкіл кластың әлі жетпегені ме? Жоқ, жетеді. Жөнге саламыз.

Рахима апай мұғалім ғой, өзін ұстауы керек, әйтпесе бас салып, Бауыржанның бетінен сүйіп-сүйіп алар еді.

– Балалар, Бауыржан дұрыс айтады. Сендер өз достарынды өздерің тәрбиелеулерің керек. Жаман оқығанды жақсының қатарына, тәртіпсіз болғанды үлгілі етуге бастау мұғалімінің ғана емес, бәрінің де мүдделі істерің болуы керек. Солай ма, балалар, – деді Рахима апай.

– Солай апай!

– Солай!

Рахима апайдың құлағына басқа сөз шалынған жоқ.
Кластың да тоқтамы – осы да.



- Рахима апай Бауыржанға не үшін риза болды?
- Бауыржанның өз сыныптастарын «жөнге саламыз» дегенінен нені түсінесіндер?
- Сыныпта татулық болу үшін қандай іс-әрекеттер жасау керек деп ойлайсындар?
- Бауыржанның іс-әрекетінен қандай үлгі алуға болады?
- Өзің сыныптағы татулық үшін не істей алар едің? Айтып бер.



3-тапсырма

«Жанында жүр жақсы адам» тақырыбында
эссе жазындар.

4-тапсырма

Сыныптастарыңың ынтымақтастық үшін жасаған іс-әрекеттерін естеріңе түсіріп, сахналап көрсетіндер.

Жоба тапсырмасы

Өз жобанды іске асыр. Жобаның дайындық барысын дәптердегі жоба күнделігінде сипаттап жаз. Сұрақтарға жауап бер:

- Өз жобаның көмегімен басқаларға қандай жақсылықтар жасай алдың?
- Жобаны орындау барысында өз бойынан қандай өзгерістерді байқадың?



Екі әлемде кісілерге, керегің –
Ізгі қылық, тұзу қылық – дер едім.
Екінші – ұят, үшінші – әділдік,
Осы үшеуі бак-дәuletің бәріннің.
Тағы бірі – тұзу қылық қарымды,
Қос жалғанда сындырмайды сағынды!
Ұят, шындық, ізгі құлық – үшеуі
Қосылғанда құбылаң тен түседі.



Достар әні

*Өлеңін жазған Фариза Оңгарсынова
Әнін жазған Айжікіт Асанов*

Ақ, қарамыз, сарымыз,
Тату доспыз бәріміз.
Достық жайлы ән салып,
Шырқатайық, қане, біз.


Жүзімізге қараңыз,
Бал-бұл жанған баламыз.
Бізге қымбат күн шуақ,
Бізге қымбат Анамыз.

Күннің нұрын сүйеміз,
Қырдың гүлін сүйеміз.
Бізді ойнатып, тәтелер,
Күлдіргенін сүйеміз.

Балдырғанбыз арай жұз,
Бал-бұл жанып қараймыз.
Ойыншықтар біздерде,
Көп болғанын қалаймыз.

Таласпаймыз біз бірақ,
Отырмаймыз тұнжырап,
Қысамыз көгалда,
Жүгіреміз құлдырап.

Ән саламыз күнде біз,
Шаттық толы іргеміз.
Біз мәңгіге достармыз,
Біз мәңгіге біргеміз.





АДАМИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР ӘЛЕМІ



Кішіпейілділік – кісінің көркі.

Халық нақылы

- Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіндер?



Сәлем

Әдібай Табылды

Жаздың жайма-шуақ күні. Балтабек ағай баласы Батаймен кең көшениң кестедей айшықты гүлзарының қасынан өтіп бара жатып, Өтен құрдасымен кездесіп қалды.

– Ас-салаумалайкум! – деп, ол Өтеннің қолын алды.

– Сәлем! – деп Батай күлімдеп, иек қақты.

Былай шыға бере Балтабектің адырая қарап, ашуын төкті:

– Балам, мимырт болма!.

– Неге «мимырт» боламын, жәке?

– Өтекенмен жөндеп амандаспайсың ба? Иек қағып, танау көтере салатын кісі емес ол.

– Сәлем! – дедім. Сәлемінді қабылдап, күлмен қағып, күле сөйлеп еді ғой...

– Кісінің қадір-қасиетін білмей барасын... Кесірленіп, кердең қағып, кейкие сәлем беру анайылық екенін білесін бе, сірә?

– Ол кісі жайранdap, жақсы амандасып кетті ғой... Мен



кесірленгем жоқ...

— Балам, ондай үлкен кісіге «Сәлем» деп иек қаға салмай, адамша амандасу қажет. Амандасу — адамның амандығына қуанып, ақниетін білдіру.

— «Сәлем!» демегенде, не деймін?

— Амандасудың да мән-мағыналары болады. Жай «Сәлем» дей салу — өз қатарыңа, асығыс кезінде айта салатын сөз.

— Онда тұрған не бар? Сіз де қызық екенсіз, жәке.

— Өтекендей үлкен

кісіге «Ассалаумалейкум» немесе «Амансыз ба?», «Сая-сәлеметсіз бе», «Аман-есенсіз бе» деген сөздердің бірі аузыңа түспеді ме?

— Сол сөздің бәрі де «Сәлем» деген бір сөзben мәндес емес пе?

— Олай емес. «Сәлем» деген жайғана амандасу. «Амансыз ба?» деп амандасушы сәлем берген адамның амандығына қуанышын, тілектес екендігін білдіреді.

— Ал, «аман-есенсіз бе?» деген сөздің не қажеті бар?

— «Сая-сәлеметсіз бе», «Аман-есенсіз бе?» деп амандасушы тілектестік қуанышын кенейте айтып, жақындық жақсы ниетін жария етеді.

— Мен де ол кісімен жақсы ниетпен амандастым ғой, жәке.

— Жетесіздей жеңіл-желпі, жай бас изей салдың... Ол — әдепсіздік.

— Енді не істеуім керек?

— Амандасу кезінде, қуана күлімдеп, қол алысу, мейірлене

көрісу, қол қусырып, бас ию, құшақтасу, құшу, қауышу деген болады.

– Өзіңіз неге ол кісіні құшып, қауышып көріспедіңіз?

– Көптен көріспей, сағынысқан адамдар көрісіп, қауышады.

– Жәкетайым-ау, бір амандасқанда бірнеше қимыл жасау міндettі емес шығар.

– Мен саған айтқанымның бәрін бір амандасуда орында деп тұрған жоқпын. Сәлем беру және сәлемдесу – салт. Үлкен кісіге танымасаң да сәлем бер.

– Сәлем бердім ғой. Менің не жазығым бар?

– Сәлем бергенде де инабаттылық пен әдептілік, сыйпайылық пен сыйласым керек. Қария кіслермен «Ассалаумалайкум» деп амандасады.

– Сөзіңіздің төркініне түсіндім, жәке.

Батай содан бері үлкен-кішіге үлгі көрсетіп, кісімен жайрандай жадырап, жақсы амандасатын болды.



- Экесінің баласына ескерту жасауының себебі неде?
- Сәлемдесу кезінде адамның бойында қандай қасиеттер көрініс береді?
- «Сәлем – сөздің анасы» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Өзің адамдармен қалай сәлемдесіп жүрсің?



1-тапсырма

Мәтінді оқындар. «Әдепті адам қандай болуы тиіс?» тақырыбында ереже құрастырындар.

«Тәрбиелену үшін, өзім жүрген ортаның деңгейінде болу үшін, күндіз-түні бірдей еңбектену, өмір бойы оқу, жаттығу, қажырлы-қайратты болуым қажет.

Тәрбиелі адамдар адамның жеке басын құрмет тұтады, сондықтан әрқашан кешірімді, биязы, кішіпейіл келеді.

Олар ақкөніл, өтірік айтудан оттан бетер қорқады. Тіпті түкке тұрмайтын нәрселерге байланысты өтірік айту дегенді білмейді. Олар босқа көп сөзге салынбайды, үйінде қандай болса, көшеде де сондай көрінеді».

A.P. Чеховтың інісіне жазған хатынан

2-тапсырма

Дәптердегі суреттерге мұқият қарандар. Осы суреттер бойынша шағын әңгіме құрастырындар.

3-тапсырма

Мәтінді оқындар. Сұраққа жауап беріңдер.

Аныз әңгіме

Баяғыда тасы өрге домалап тұрған бір хан жанына нөкерлерін ертіп, аң аулауға шығады. Орман кезіп, қыр асып келе жатса, алдынан екі көзі ботадай мөлдіреген, сауыры жez құмандай жылт-жылт еткен сұлу киік қаша жөнеліпті. Хан садақтан оқ атып, киіктің артқы аяғын жарапайды. Бір жағы құлама жар, екінші бүйірден хан нөкерлері қиқу салып, қыспаққа алғанда, жаны қысылған бейшара киік жан далбасамен сонадайдан көз тартқан ақбоз үйдің ашық тұрған есігінен ішке қойып кетіпті. Үй иелері жайылған дастарқаннан тұскі тамақ ішіп отыр екен. Есіктен енген киік жаюлы дастарқаннан бір-ақ ырғып, төрдегі керегеге тұмсығын тірең, солығын баса алмай тұрып қалыпты.

– Шығар киікті! – деп дауыстайды хан ат үстінде тұрып, төрде тамақ ішіп отырған қарияға. – Бұл тау тағысын тұстік жерден қуалап келіп, сенің үйінде қолға түсіріп тұрмын. Мұның менің олжам екеніне ешкімнің дауы жоқ шығар?

Сонда қария:

– Сөзің орынды, хан ием. Киік сенің олжаң екені де рас. Бұл сорлы жаны қысылған сэтте менің төріме шығып кетті.

Ортада дастарқан жаюлы жатқанын өзің көріп тұрсың. Ата салтымыз бойынша, дастарқанды аттап өте алмайсың. Көздеріне қан толып, бір-біріне өлердей жауыққан екі адамды татуластырарда дастарқан басына алып келмеуші ме еді? Тіпті хан болсаң да, дәстүрден үлкен емессің. Ал дәстүрді, қалыптасқан ата салтты бұзсаң, қалың елдің табасына қаласың, жолың болмайды, – депті.

Хан аталы сөзден жеңіліп, ат басын кері бұрыпты.

- Ата салтымыз бойынша «дастарқаннан аттап өтпеу», «сөзге тоқтау» дегенді қалай түсінесіндер?



Кішіпейілділік – бейбіт пейілдің, достық ықыластың белгісі. Бұл – өзін-өзі мақтаудан аулақ ұстайтын, сыйластық шегінен шықпайтын, жасаған жақсылығын жария етпейтін адам. Кішіпейіл адам әрдайым басқа адамдардың сүйіспеншілігіне, құрметіне ие болады. Қарым-қатынас жасау барысында ойың, ниетің, іс-әрекетің, мінез-құлқын жақсылыққа толы болсын.



Алмаш

Мырзабек Дүйсенов

Мен трамвайда келе жатыр едім. Қасымда қою қара шашын маңдайынан тік жарып, қысқа бұрымының ұшына қызыл гүлді жібек шүберек таққан кішкентай қыз отырды. Үстінде қоңыр көйлек, кіршіксіз аппақ алжапқышын екі иығына желбезек салып сәл көтеріпті. Көкшіл түсті сумкасын тізесінің үстіне қойып, оның тұтқасына байлаған сиясауытына әлсін-әлсін қарап қояды.

Мен оны сөйлетең деп:

– Атың кім? – деп сұрап едім.

- Алмаш, – деді ол, ақырын ғана маған қарап.
- Нешінші класта оқисын?
- Бірінші класта.

Алмаш менің сұрақтарымның бәріне де қысқа жауап қайырып отырды. Танымаса да, үлкен кісінің сұрағына ұялмай жауап беріп отырғаны маған өте ұнады. Бірдене сұрасаң, төмен қарап үнсіз тұрып алатын да балалар бар той. Әрине, ол жақсы әдет емес.

Алмаш екеуміз әңгімелесіп отырғанда, біз отырған орындықтың арқа сүйерінен ұстап, түрегеп тұрған қарт адамды мен байқамай қалыптын. Әлгі қартқа Алмаш бір қарады да, «орныңды бер» деп айта ма дегендей, папкасын бір жақ жанына қойып, төмен қарап отыра берді. Өзіңнен үлкен кісі түрегеп тұрғанда, жас адамның отыруы, әрине, ұят. Мен тұрып әлгі қартқа орнымды ұсындым.

– Отыра беріңіз, – деді қарт, риза болған пішінмен сыпайылық білдіріп.

– Жоқ, сіз отырыңыз. Сіздің жасыңыз үлкен ғой, – деп мен қартты өз орныма отырғыздым да, өзім Алмаштың қасында түрегеп тұрдым. Тағы да сөйлескім келіп, бетіне қарап едім, әлденеден қысылғандай қып-қызыл болып, орнынан тез тұрып, трамвай есігінің алдына барды. Маған қарамады.

Бірер жұмадан кейін қызметтен қайтып келе жатып, әжесінің қасында отырған сол Алмашты трамвайды тағы көрдім.

Бұл жолы шашына көк гүлді жібек шүберек тағыпты. Оң жақ бұрымы алдына тұсken. Самай шаштары кішкентай құлағының үстін басып, өрілген бұрымға барып қосылған. Трамвай ішінде адам онша көп болмаса да, бос орын жоқ еді. Ана жолы танысқан сұп-сүйкімді кішкентай танысыма жақындай беріп, амандастым. Алмаш амандастып, орнынан тұрды да:

- Отырыңыз, ағай, – деді.
- Отыра бер, Алматай, отыра бер, – дедім оған.
- Сіз отырыңыз, сіз үлкенсіз ғой. Мен түрегеліп те тұра

беремін,—деді. Осы кезде сол жақ орындықтан бір кісі тұрып кетті. Мен Алмашты өз орнына отырғыздым да, өзім әлгі босаған орынға келдім. Сәлден кейін Алмаштың өз орнын басқа бір кісіге ұсынып жатқанын байқадым. Осы кезде ол маған бұрынғысынан да сүйкімдіrek болып көрінді.



- Алмаштың алғашқы іс-әрекетін қалай бағалауға болады?
 - Алмаштың кейіннен сүйкімді болып көрінуінің себебі неде?
 - Алмаш өз бойында қандай қасиеттерді дамытты?
- «Өз мінезінді жақсарту» дегенді қалай түсінесің?



4-тапсырма

Өлеңді жалғастырып жазындар.

Атам менің әмәнда,
Кішіпейіл бол деген.

.....

.....

Атам менің әмәнда,
Әділетті бол деген.

.....

.....

Атам менің әмәнда,
Мейірімді бол деген.

.....

.....

Атам менің әмәнда,
Бінтымақшыл бол деген.

.....

.....

5-тапсырма

Қажетті сөздердің ішінен өзіннің мінез-құлқынды жетілдіруге қажет қасиеттерді тауып жазындар. Сол қасиеттерге анықтама жазындар.

Қажетті сөздер: әдептілік, жауапкершилік, сенімділік, қамқорлық, татулық, кішіпейілділік, кешірімділік, сыйластық.

Жоба тапсырмасы

Өз жобанды іске асыр. Жобаның дайындық барысын дәптердегі жоба күнделігінде сипаттап жаз. Сұрақтарға жауап бер:

- Жоба барысында қандай біліктер мен дағдыларды игердің?
- Жоба нәтижесінде болашаққа қандай мақсаттар қойдың?

Мырзагелді Кемел



Кішіпейіл жандардың бір қасиеті бойына біткен қарапайымдылығынан көзге түссем деуден аулақ, елеусізденіп, кішірейіп жүре береді. Ал, шын мәнінде олардың бойында асыл қасиеттер мол болады. Бірақ оны жұрттың бәрі біле бермейді, екінің бірі көре бермейді. Себебі, адамшылыққа астасқан жан сұлулығы жүректің тереңіндегі нәрсе, бір сәті түсे кетпесе, жарқ етіп жарыққа шыға бермейді ғой.




Бала тілегі

Өлеңін жазған Сержсан Молдасанұлы
Әнін жазған Фарида Жолдасова

Бал-балалық, балдырған шақ сан арман,
Барлық бала армандайға жараптады.
Кел, достарым, әндегіндер, билендер,
Гүлденсін деп атамекен – қара орман.

Болашақтың иесіміз бәріміз,
Туған жердің түрлендірер нәріміз.
Алтын бесік – ұлан байтақ елімде,
Жарқын болсын шырқап айттар әніміз.

Қалықтаған көгершіні көгінде,
Мұңаймасын ешбір бала елімде,
Ата берген батаменен көркейсін,
Ұлы Отаным, тілегім сол менің де.





СЕНІМ ТУРАЛЫ



**Бойымыздағы сенімділік, өзгелерге
де сеніммен қарауға көмектеседі.**

Франсуа де Ларошфуко

- Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіндер?



Артылған ақша

Серік Үсенұлы

– Жүсіп! – деді ас үй жақтан апасы.

Шұғыл бір шаруамен шақырғанын сезген Жүсіп жүгіріп барды.

– Базарға барып кел! – деді апасы қалталарын ақтарып жатып. – Нагашы атаңа бар. «Құлып алып берсін деді» десең, алып береді. Өзің алып қойып жүрме, атаң қандай құлыптың жақсы екенін біледі.

Ішкі қалталарының бірінен ақша алып, Жүсіптің қолына ұстартты.

– Ойнап жүріп алмай, тез қайтып кел. Құлып керек болып жатыр! – деді, Жүсіп бұрылышпен жүгіре жөнелуге ыңғайлана бергенде.

– Макұл, – деген Жүсіп аяғы аяғына тимей базарға қарай ұша жөнелді.

Базарға бар десе, қай бала іркіліп қалсын? Өйткені онда бал татыған балмұздақ бар ғой. Жүсіп те жолда бір сэт аялдамай, жүгірген күйі нағашы атасының дүкеніне жетті.

Біраз күн көрмей, сағынып қалған атасы емірене қарсы алып, маңдайынан иіскеген соң, апасының тапсырмасын айтты Жұсіп. Асықпай тыңдал болған нағашы атасы:

– Жақсы, – деді орнынан көтеріле беріп. – Мен барып келейін. Сен осында дүкенге қарай тұр. Біреу сұраса қазір келеді де.

Нағашы атасы кеткен соң орнына жайғасып алып, жанжағына жағалата көз тастай бастады. Базаршылар енді-енді келіп, керек-жақтарын іздеп жүрген секілді, жүргіншілер қарасы аз. Есесіне дүкеншілердің бәрі келіп, есіктерін ашып, заттарын сыртқа шығарып тастанапты. Қатар-қатар ілінген киім-кешектен ішкі жақ көрінбейді. Үнемі келіп тұратын болғандықтан, танитындарға алыстан бас изеп амандақан болды.

Нағашы атасы көп айналған жоқ. Маңайды бір шолып шыққанша-ақ келіп қойды.

– Міне, – деп қолындағы құлыпты қорабымен Жұсіптің алақанына салып жатып. – Құлып сататын Батыrbай орнында екен, шаруа тез бітті.

Қалтасынан артылған ақшаны алып, жиенінің қалтасына салып берді. Жұсіп кетуге ынғайлана беріп еді:

– Тоқта. Балмұздак жейтін ақшаң бар ма? – деді атасы.

– Бар, – деді Жұсіп.

– Қайда?

– Мына ...артылған ақша бар ғой, соған алып жеймін, – деді тықыршып тұрған Жұсіп алақанымен жанқалтасын сыртынан басып.

– Жоқ! Болмайды! – деді осы кездे үні тосын қатайған нағашы атасы жұлып алғандай. – Болмайды. Қайтқан ақшаға тиісуші болма!.. Мә, мен берейін, соған алып же! Артылған ақшаны апаңа толық аппаратын бол! Оны рұқсатсыз жұмсауға болмайды! – деді соңынан тағы бір рет нығырлап.

Жұсіп үндеген жоқ. Не дерін білмеді. Тек қалтасындағы ақшаға тиісуге болмайтынын ғана шамалады.

Нағашы атасының берген ақшасын ала сала, ол жедел қоштасып, жолына тұсті.

Келген соң болған жайды анасына айтып беріп еді, апасы жымия басын шайқап: «Әй, асыл әкем! Дүниеде сізден өткен адал болмас!» – деді күбір етіп. Сосын Жұсіпке бұрылып:

– Сен де нағашы атаң секілді адад бол! Үлкендер рұқсат етпеген нәрсеге ешқашан тиіспе! – деді басынан сипап. Жұсіп сонда барып іс мәнісін терең түсінгендей болды.



- Сенім қандай іс-әрекеттердің бастауы бола алады?
- Өзіне сенімді адамның бойында қандай қасиеттер болады?
- Өзгелерге неліктен сенім білдіру керек деп санайсындар?
- Өзіңде сенім артқан кезде қандай күйге бөлениесің? Айтып бер.



1-тапсырма

«Өзіңде сенімділік мақсатқа жеткізер» тақырыбында ой-толғау жазындар.



Сенім – адамның күш-жігерін, бойындағы қабілеттерін жоғарылататын асыл жіп текстес. Адамның өзіне-өзі, өзгелерге сенім білдіруі оның өмірге деген үміті мен қызығушылығын арттырады.

Өзіңде сенімділік мақсатқа жеткізер» тақырыбында ой-толғау жазындар. Сенімділік – адамның күш-жігерін, бойындағы қабілеттерін жоғарылататын асыл жіп текстес. Адамның өзіне-өзі, өзгелерге сенім білдіруі оның өмірге деген үміті мен қызығушылығын арттырады. Сенімділік – адамның жауапкершілігін арттырады. Сенімділік – адамның жауапкершілікті сезіну және орындай білу дегенді білдіреді.

Сенім адалдықтан, ізгі ой мен ниеттен туындаиды.
Сенім үміттің мұраты, жақсылықтың құралы болғанда ұлы
мақсаттарға жеткізеді.



Сенім

Отебай Тұрманжанов

Алты жасар Алтай үлкен болуға асығатын. «Тезірек үлкен болсам, ешкім қақпалағамай өз еркіммен жүрсем, апам сеніп жұмыс тапсыратын болса, дүкенге барып нан әкеле ғой десе», – деп асыға арман қылатын.

Бала өмірі алуан түрлі, алуан сырлы, таңғажайып қызық қой! «Ұлғи бала қалпында тұрсам, апам сұраған тәттімді беріп аяласа, мәндайымнан шертпесе, еш жаққа жұмсамаса, ертеден қара кешке ойнасан» деп, арман ететін де балалар табылады...

Алтай бүгін ертемен тұрды да, бет жуғышқа барып бетін жуды. Ақ тіс тазалағышымен аппақ қып тісін тазалады. Өзінің кішкене ақ шағаланың суреті бар, ақ сұлгісімен таза сұртініп, киініп алды да, терезенің алдына барып, шығып келе жатқан күнге құмарлана қарап, шашын оң жағына қарай жатқыза сипап, жадырап тұрды. Кішкене, жұмыр, жуантық екі қолын шалбарының екі қалтасына салып, байсалды пішінмен ірі адымдал олай-былай жүрді. Соңан соң бүгінгі жаңа газет жатқан кішкене, аласа столдың жанында тұрған орындыққа келіп отырып, газет қарады. Әрбір мақаланың ірі әріппен жазылған бастарын ежелеп оқыды. Бұл оның әкесіне ұқсап, соған еліктеп, шешесіне үлкен болып қалғанын байқатқысы келгені еді. Бірақ бұл қылыштарын байқарлық ас үйінде ертеңгі асты әзірлеп жүрген не апасының, не өзінің кабинетінде сақалын алып отырған әкесінің көзі түспегеніне қата болып, қатты ренжіді.

«Әкем көбінесе үйде болмайды ғой. Адам болып қалғанымды ол қайдан білсін! Менің ержетіп, ақылым



кіріп, үлкен болып, есейіп қалғанымды күнде қасымда жүрген апам байқамағанына таңым бар. Мен оған ылғи баламын! Мен оның көзіне әрқашан сарыауыз балапан, сәби көрінем.

Кейде асығып, үстіне бірденкесін іле салып, нанға кетіп бара жатқанын көріп: «Апа! Мен боспын ғой, аяғым жеңіл. Алып ұшып барып наныңды әкеліп бере қояйын», – алдын кескестеймін, егіліп өтінем. Бірақ көнбейді. «Сен әлі кішкенесің, баласың,

асықпа!» – дейтіні бар-ау жанымды күйдіріп... «Алтай, сен есейіп қалдың ғой. Ендігі жылы бірінші класқа барасың. Анау сүтші әйелге барып, сүт әкеле ғой. Мына дүкенге барып қант, шай әкеле ғой» – деп айтқанын есітsem еді апамның. Сонда арманым болмас еді!»

– Алтай, келіп шайыңды іш! – деген апасының жұмсақ, сүйкімді даусы оның ой тізбегін үзіп жіберді.

Шайын ішіп бола бергенде өзімен бірге ойнайтын Әділбек дейтін дос баласы жүгіре басып, ентігіп кіріп келді. Ол дүкенге апасы қант әкел деп жібергенін, екеуіміз ермектесіп барсақ қайтеді деген ойын айтты. Орайы келген жері осы болар. «Әділбекпен бірге барып, мен де қант әкелейін, қант керек деп отыр еді апам», – деп ойланды Алтай.

– Апа! Әділбекпен бірге барып мен де қант әкеле қояйын!
– деп қалды.

Бұл жолы нақ өзіндей баланың алдында апасының «жоқ, сен әлі жассың, ақшаны жоғалтып, қантты шашып

аласың» деуге аузы бармады. Баласының қайта-қайта бетінен қағып, талабын қайтара беруге дәті шыдамады. «Барсаң бара ғой» деп айтып салды. Артынша көңілдене қимылдан жеңіл жүріп қолына бір сом ақша, қант салатын шағын дорбаша тауып берді. «Менің үлкен болғаным ғой! Есейіп қалғанымды апамның ақылды көзі шалғаны ғой», – деп қуанған Алтай үлкен адамша денесін тік, еркін ұстап, аяғын нығырлай басып, Әділбек досымен тұнғыш игі жолға қадам басты. Қант әкелгелі дүкенге кетті.

Дүкенге бірінші рет өзі барып, қайта оралған кішкене Алтайын апасы есік алдында тұрып, қуана күтіп алды. Алтай байсалды пішінмен, аяғын нық, сабырмен сенімді басып келіп, анасына әуелі қанттын берді. Онан соң шалбар қалтасынан алып, қанттан қайтарылған ақшасын берді. «Қажетке, қолғабысқа жараған, балақайым! – деп, апасы құшақтап, бетінен сүйді. – Мынау қанттан қалған ұсақ ақшаға балмұздақ сатып ал, сен балмұздақты жақсы көруші едін ғой», – деп қолына берді. Алтай әуелі аларын алса да, кенет ойланып қалып: «Бүгін балмұздаққа көңілім шаптай тұр, апатайым», – деп ақшасын қайтарып берді. Бірақ балмұздақ жегісі келіп-ақ тұр еді. Ондағы ойы: «Апам балмұздаққа ақша алу үшін дүкенге баруға ұмтылады еken Алтай деп жалған ойлап қалып жүрмесін, менің ол ойдан аулақ екенімді білсін», – дегені еді. Алтайға бір-ақ жеп қоятын тәтті балмұздақтан аңы сенім мың есе артық. Оның өзіне сенгендей, сеніп бірдене тапсырғанды, оны орнына келтіріп істей алатындығын білдіргенді жаны жақсы көреді.

Алтай көрер көзге қораштау, денесі шағын болғанмен, сезімтал, зерек, пысық бала болатын.

Ол бүгін бірінші рет апасының тапсырмасын орындалп, сенімге өтіп, көңілі бір жайланып, үлкен адамға ұқсап сабырлы пішінмен әлдеқалай тәтті, ғажайып қиял құшағында тұр осы сәт.

Үйіне қанттың қойып, ойнауға босап шыққан Әділбек есігінің алдына қылт ете қалғанда, балалығы ұстап,

ойнағысы келіп кеткен Алтай алды-артына қарамай жүгіре жөнелді.

«Маған да көмек еткісі келеді. Ойын да ойнағысы келеді. Бәрін де тындырығысы келеді. Өмірі шаршағанды білмейтін қайран балалық-ай!» – деп, апасы артынан сүйсіне қарап қалды.



- Алтай қандай жақсылықтар жасауға ұмтылды?
- Алтайға анасы неліктен сенім артты?
- Алтай анасының сенімін ақтау үшін қандай іс-әрекет жасады?
- Адамның өзіне сенімді болуының маңызы неде?
- Өзіңе көрсетілген сенімді қалай ақтап жүрсің?



3-тапсырма

Жағдаяттардың шешімін табыңдар.

1-жағдаят

Берік өзінің досы Арманның «Мениң атым – Қожа» кітабын сұрап алған еді. Берік үйіне келген соң, кітапты үстел үстіне қойып кете барды. Кенет басқа бөлмеден үш жасар кішкентай қарындасы Нұрия жүгіріп келді. Кітапты қызыға қарап, байқаусызда бетін жыртып алды.

- Сенің әрекетің қандай?

2-жағдаят

Анасы Еркінге теледидардан мультфильм көріп болған соң, үй жұмысына берген тапсырмаларын орындал, дүкеннен нан мен сүт алып келуді тапсырды. Мультфильм біткен соң, көрші балалар Еркінді аулада ойнауға шақырды. Еркін балаларға қызыға қарап, көрші балалармен ойын ойнауға кірісіп кетті.

- Еркін анасының сенімін ақтай алды ма?

4-тапсырма

Әдібай Табылдының сенім туралы айтқан ойларын негізге ала отырып, «Сенім туралы» өз түсініктерінді жазындар.

«Сенім – құдіретті күш!

- дәрігердің емдік іс-әрекетіне толық сенсең, ауруыңнан толық жазыласың;
- ертеңгі мақсатыңа сенсең, қандай қыындық болса да, әрекеттеніп, мақсатыңа жетесің;
- әлеуметтік келешегіне сенсең, сол бақытқа өзің де барлық адамдармен бірге ұмтыласың. Сенімің берік болсың».

Жоба тапсырмасы

3-тарау бойынша алған білімдерінді қорытындылау үшін жауаптарынды дәптерде берілген жоба күнделігіне жазып толтырып.

- Менің жобадан үйренгенім.
- Жобада дамытқан құндылықтарым мен қасиеттерім.
- Менің жобадан түйгенім.

Сенім мен өмір

Илияс Есенберлин



«Сенім! Бұл бір ұлы күш! Әсіресе, жаны таза адамға өзгенің көрсеткен сенімі бойына қайрат, қиялына қанат береді. Сол сенімді ақтаймын деп қандай қыындық болса да қарсы тұра алады, ақтап шығуға жанын аямайды.

... Сенімді ақтау – өте қыын сын, бұл екінің бірінің қолынан келмейді. Әсіресе, сенің өзіңе сенген адамның сенімін ақтау – бұл – адамның ұлы қасиеті»



Сенім

Өлеңін жазған Ринат Зайытов
Әнін жазған Ұлықпан Жолдасов

Сездірмей жүрген,
Тек өзім білген,
Бір сенім бар,
Жоғалмас мұлдем.
Сол сенім барда,
Асығам алға,
Ақ тілегім, биікке самға.

Қайырмасы:

Тағдыр жолы көп торабы,
Ақ пен қара жолағы,
Сенім – маған серік болады.
Ақ тандарды мен көремін,
Дауылды да жеңемін,
Жүрегіммен сенемін.

Жылуын берер,
Шапағат төгер,
Махаббатым адаспай келер.
Асқардай биік,
Армандар жиып,
Мен өтемін,
Өмірді сүйіп.

Қайырмасы.

ТЕСТИЛЕУ

1-тест

Досың Әлішер екеуің бірге доп теуіп қызық ойын ойнап жатырсындар. Бір кездे алыстан ауыр сөмкелерді көтеріп үйге келе жатқан анаңды көрдің.

– Сенің әрекетің қандай?

- A) Анаңның қасына жақындан көмектесесің.
- Ә) Досыңмен бірге ойыныңды жалғастырасың.
- Б) Анаңды көрмегенсін, алысқа кетіп қаласың.

2-тест

Сен досыңнан бір қызық кітап беруін өтіндің. Ертеңіне ол кітапты саған экеп береді. Үйіңе алып кетіп, кітапты ашып қарасаң, 500 теңге тұрғанын көрдің.

– Сенің әрекетің қандай?

- A) Дереу ақшаны алып, балмұздақ алып жейсің.
- Ә) Ақшаның кітаптың арасынан шыққанын ешкім білмеген соң, сен ол ақшаны өзіңе қалдырасың.
- Б) Ақшаны орнына салып, досыңа айтасың.

3-тест

Сен доп теуіп далада ойнап жүрсің. Бір уақытта доп қатты ұшып кетіп, көрші үйдің терезесіне тиіп кетеді. Терезе быт-шыт болып сынады. Сен жан-жағына қарасаң, айналада ешкім жоқ, көше тым-тырыс.

– Сенің әрекетің қандай?

- A) Сен үндеңін гана, ол жерден кетіп қаласың.
- Ә) Терезе сынған үйге барып, кешірім сұрайсың.
- Б) Сен алаңдамастан, ойыныңды жалғастыра бересің.

4-тест

Саған әкең сабақтан кейін ауланың алдында үйіліп жатқан қарды тазалап тастауды тапсырды. Сен сабақтан келгеннен

соң, шаршап ұйықтап қалдың. Әкең кешке келгенде үйдің алды тазаланбағанын көрді.

– Сенің әрекетің қандай?

А) Әкеңнен кешірім сұрап, дереу қарды тазалауға кірісесің.

Ә) Ұйықтап қалғаныңды айтып, ертең тазалайтыныңды айтасың.

Б) Бұл тапсырманы маңызды деп санамастан, мән бермейсің.



IV ТАРАУ

АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ТӘЖІРИБЕСІ





ТАБИҒАТ – ШАБЫТТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ



Табиғаттың өзінде өзгеше бір сүйсінерлік,
жанға жайлы бір нәрсе бар.

Шоқан Уәлиханов

• *Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?*



Мұхтар Әуезов

... Таудан соққан ызғар, қатал мінездердің ызғары тәрізді. Ізылдаған сүйк лептің қарсыына ана жыры, мейір шапқат жыры үн қосады. Құшағына тартқан өзгеше бір күш, бар дүниені өзіне бағындыrap орны бар, баяу да болса, басым саз. Абай бір түрлі сейіліп, іштей серпіліп алып, тау жотасынан биіктеп, аспанға қарады. Толық ай ашық көкті қалқып, сызып келіп, бір топ шоғыр қара бұлтқа кірді. Кірді де қызық күйге тұсті. Абай соған қарап өзге жайдың бәрін ұмытып, аңырап телміре қалды.

Қара қошқыл кілегей бұлттың жоғарғы жақ шетін ала кірген ай бір көрініп, бір сұңгіп, машығынан тыс жылдам жүріп, дәл жасырынбақ ойнағандай құбылады. Кейде біржолата білінбей батып кетіп, артынан тез жарқ етіп, күліп шыға келед те, лезде барып тағы шомады.

Келесі сэтте көзін қысып, сығырайтып, әдейі ойнағандай бол, бір жақ шетін ғана көрсетіп, сызып қалқып отырады

да, тағы да сөне қалады. Абай дәл мұндаи болып құбылған ойнақы айды ең алғаш байқағаны осы еді. Тағы бір рет, ай шеті қылдырықтай боп көріне түсіп, сөне қалғанда, еріксіз күліп жіберді... Мынау ай дәл бір құлдыраған жас бала тәрізденді... «Қу шұнақ, тәтті қылығы бар бала».



- Табиғаттың қандай көріністері Абайдың көңіліне шаттық сыйлады?
- Табиғатқа тамсану адамды не нәрсеге шабыттандырады?
- Табиғаттың қандай әсем құбыльстарын адамның мінезіне теңеуге болады? Неліктен?
- Өзің табиғаттың ғажап көріністеріне күә болған кезде қандай сезімге бөленесің? Әңгімелеп бер.




1-тапсырма

Абайдың жыл мезгілдеріне байланысты шығарған өлеңдерін мұқият оқып, алған әсерлерінді әңгімелеп беріңдер.

Жазғытұры

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу,
Көбелекпен, құспенен сай да ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұранdap ағады су.




Ә. Қастеев. «Гүлденген алма ағаштар». 1958 жыл.

Күз

Сұр бұлт тұсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.


Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей тұсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш, қурай.



Ә. Қастеев. «Күзгі көрініс». 1942 жыл.

Қыс

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алысы – ұскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдан – қыс келіп, әлек салды.



Ә.Қастеев. «Қыс». 1960 жыл.

2-тапсырма

«Табиғат мені шабыттандырады» тақырыбында эссе жазыңдар.



Табиғат – адамзатпен біртұтас дүние. Табиғат, Жер-ана, Тұған жер, Атамекен – құлаққа жылы естіліп, шаттық сезімін ұялататын ұлы ұфымдар. Табиғат – адамның бойына қуат, көңіліне шабыт шапағатын сыйлайтын сұлулық пен әсемдік әлемі.




Мен елімді сүйемін

Сырбай Мәуленов

Тұған жердің көгілдір аспаны сенің кеуден секілді. Сол аспанның төсінде түнде жарқырап тұрған жұлдыздар сенің көздерің секілді. Сен сол тұған жердің аспанымен тыныстысың. Тұған жердің жарық күнімен алысқа қарайсың.

Тұған ел! Бұл кішкентай үйіңнің табалдырығынан басталады. Содан шетсіз-шексіз қияға өрлеп кете барады. Оның жұпар атқан жусаны, оның жүректей болып желмен лұпілдей соққан гүлдері, оның кеудене құйылған мөлдір ауасы, жотаға өрлеген жалғыз аяқ жолдары – осының бәрі-бәрі сенің туған елінді құрайды.



Тұған жерсіз адамның күні жоқ. Алыс кетсең, өз үйіңнің мүржасына дейін сағынасың. Тұған жерің түсіне енеді. Алыстан сені қол бұлғап шақырады.

Тұған ел мағынасы теренде жатыр. Балғын балалық шақ. Күлдір-күлдір кісінеп, айнала шапқылаған ала аяқты құлыншақ! Сәуірде бүршік атқан, қылқызып күн көзіне

көрінген балауса көк шөп. Өзен үстінде үйірліп ұшқан шағала. Кемеріне жайлап сокқан көгілдір көл. Құннің қызығылт шапағына бөлениген үйлер – осының бәрі тұтас тұрған туған ел!

Ал енді ананың бесікте жатқан әлді, әженің тамылжыта төккен тамаша ертегілері, туғандарының мейірбанды күлкілері – осының бәрі туған еліңнің керемет сипаттары!

Туған елдің тілі барша жанға түсінікті.



- Туған жердің табиғаты саған несімен ұнайды?
- «Туған жерсіз адамның құні жок» деп айтудың себебі неде?
- Туған жеріңнің әсем табиғаты сені қандай сезімдерге бөлейді?
- Өзің туған жерге деген сүйіспеншілігінді қалайша білдіресін? Әңгімелеп бер.



3-тапсырма

Туған жерлеріңнің әсем табиғатын көз алдарыңа елестете отырып, дәптерлеріңе суретін салындар.

4-тапсырма

Төменде берілген жағдаяттарды жалғастырып, шешімін айтындар.

1-жағдаят

Серік бақ ішінде келе жатыр еді, терек бұтақтарын сындырып жатқан балаларды көрді де, тұрып қалды...

2-жағдаят

Серік достарымен бірге ауыл сыртындағы бұлаққа келді. Олар өздері жиі келіп тамашалайтын бұлақтың көзі қалдық шөптермен, босаған ыдыстармен, қоқыстардан бітеліп қалғанын көрді...

3-жағдаят

Сынып жетекшісі сабак соңында ертеңгі болатын сенбілікке өз ерітерімен қатысып, мектептің ауласын тазалауға көмектесуге болатынын айтты. Серік ойланып қалды.

5-тапсырма

Өлеңді оқындар. Сұрақтарға жауап беріндер.

Кішкене гүл айтады.

Отебай Тұрманжанов

Жаңбыр жауып, басылып,
Гүлдер кетті ашылып,
Жалаң аяқ жас бала
Келе жатты асығып.
Жас бала гүлге қызығып,
Жұлуға кетті ой бұзылып,
Бала ниетін байқады,
Бастарын гүл шайқады,
Аяныш үнмен айтады:
— Мен де өзіндей баламын,
Жұлсаң, өліп қаламын.
Жұлмасандар, күлемін,
Жұпарымды беремін.

- Қызыл-жасыл гүлдерді көргенде қандай сезімге бөлениесіндер?
- Табиғатқа қалай қамқор болып жүрсіндер?

Жоба тапсырмасы

«Жақсылық менен басталады» атты ұранмен жоба презентациясын дайында. Жобаны қорғау еркін түрде жүргізіледі (электронды түрдегі презентация, сез сөйлеу, сахналық көріністер және басқалар).

Жобаны қорытындылай келе, сұрақтарға жауап бер. Жоба

қорытындыларын дәптердегі жоба күнделігінде көрсет.

- «Өзін-өзі тану» пәнін оқи отырып, осы оқу жылында не істей алдым?
- Өз жобамды орындау арқылы қандай нәтижеге қол жеткіздім?

Табиғатты аялайық!

Ғабиден Құлахметов



Табиғат – адам баласының құтты қонысы, жайлы мекені, ырыс-дәулеті, денсаулығының сенімді сақшысы. Сондықтан халық оны аялайды, қадір тұтады, күтіп-баптайды.

Адамның екі анасы бар: бірі – туған анасы, екіншісі – табиғат.

Табиғаттағы заңдылықтар мен құбылыстар үйлесімді келеді. Ол өздігінен өрескел бұзылмайды. Орманы азайтылған жерлерде өсімдіктер шықпай қалады. Сулы, нұлы жерлерді құлазыған аңыздықтар алмастырады.

Табиғат – ұстаз, тәжірибелі тәрбиеші. Адам мейірімділікті, сүйіспеншілікті қайырымдылықты, әдемілікті табиғаттан үйренеді.

Адам табиғатқа мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақтағанда, адамзат баласы үшін табиғат – кең сарай, мәңгі тозбас құтты қоныс болады.



Әдемі


Өлеңін жазған Ақылбек Шаяхметов
Әнін жазған Ғұсман Наурызбаев

Күн сәулесі төгілгені әдемі,
Кемпірқосақ керілгені әдемі.
Көк шалғында асыр салып жүргенде
Көк көбелек көрінеді әдемі.

Жас шыбықтың бүр ашқаны әдемі,
Алма ағаштың гүл ашқаны әдемі.
Қариялар жол үстінде кездесіп
Амандықты сұрасқаны әдемі.


Бұлбұл құстың сайрағаны әдемі,
Қозы-лақтың ойнағаны әдемі.
Ақ боз атын ерттеп мініп атамның
Қойды өріске айдағаны әдемі.

Ақ ботаның үлкен көзі әдемі,
Әжеміздің күлген көзі әдемі.
Бәрінен де жасқа толған бөпемнің
Тәй-тәй басып жүрген кезі әдемі.





ОЙДЫҢ, СӨЗДІҢ ЖӘНЕ ИСТІҢ БІРЛІГІНДЕГІ ӨМІР



Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылды жүрек.
Абай Құнанбаев

- *Дәйексөздің магынасын қалай түсінесіңдер?*



Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби

Mұхтар Құл-Мұхаммед

...Оның қолынан келмейтін нәрсе жоқ еді. Ол өзіне тапсырылған кез келген үй шаруасын ыждағатпен орындайтын. Алайда сол баяғысынша басы сан сауалдан босамайтын. Анасына көмектесе жүріп, әр нәрсені есіне алып, кейде өмірдің қаталдығына, әділетсіздігіне налып, терен өйға бататын.

Олай дейтіні жақында өзен жағасында бір жантүршігерлік оқиға болған еді.

...Мұхаммедпен көрші тұратын балалар бір күшікті қыңсылатып, кезек-кезек бірінен-бірі ала қашып, таласып жүр екен. Бір кезде төбелескіштердің біреуі бар күшімен тартып қалып, абайсызда күшікпен қоса өзенге күмп берді. Дереу қолындағысын жібере салып, өз жанын аман алып қалмаққа жағаға қарай жүзді. Кішкентай күшік су ішінде бір батып, бір шығып, жан дәрмен шалпылдата берді.

Оны құтқару ұлдардың біреуінің де ойына кіріп шықпады, таластарын жалғастыра берді. Мұхаммед жүгірген бойда алды-артына қарамай өзенге секіріп, суға қақалып-шашалған дәрменсіз күшікті жағаға алып шықты. Кеудесіне қысқан күйі тезірек үйіне жетуді ойлады. Сол кездे аналар да ұрыс-төбелестерін тоқтата қойып, мұның артынан тұра жүгірді.

– Ол біздің күшік! Әкел оны! Біз оны тауып алған! – деп айқайлай қыып жетіп, өңмендеп, Мұхаммедке жұдырық жұмсамақ та болды. Бірақ ол күшікті бұзықтарға бермей, үйіне алып келді.

«Мұның суға батып бара жатқанын көріп тұрып, қалай ғана дәттері шыдады? Оның тұншығып өліп кетуі де мүмкін еді ғой, – деп ойлады Мұхаммед әбден ашығып, әлсіреген күшікке тамақ беріп отырып. – Мен енді оны ешкімге бермеймін!»

Сол күні кеш батқанша Мұхаммед жаңа досының әуресімен болды. Құмарынан шыққанша ойнап, сілесі қатқан Мұхаммед басы жастыққа тиісімен қалың ұйқыға кетті.

Таңертең көзін аша сала, Мұхаммед енді өзінде күшік бары есіне түсіп, бойын қуаныш сезімі биледі. Содан соң оның ертеңгі күні-ақ үлкен арлан ит, азулы төбет болатынын ойлап, затына сай ат қою қажет деп тапты. Айтқанын тыңдал, бұлжытпай орындал, сонынан қалмай еркелеп, еріп жүретінін елестетті.

Сондай тәтті қиялдармен керіле орнынан тұрып, күшігін көруге асықты. Есік алдына шығып, жан-жағына қарап еді, ол көзіне түсе қоймады. Содан соң жүгіріп ауланың бұрыш-бұрышын түгел тексеріп шықты, күшік табылмады. Мұхаммед енді сыртқа шығып, төңірекке көз жүгіртті. Кенет арттарына қарап қойып, улап-шулап апыр-топыр жүгіріп бара жатқан кешегі өзінің қарсыластарын көрді. Жүргегі бір жамандықты сезді. Сәлден соң әлгі балалар тоқтай қалып, қатты дауыстап, дауласа бастады.

Мұхаммед қастарына жақындағанда олар үн-тұңсіз тұра-тұра қалысты. Бұзық Жәкен бір ұшы сұр күшіктің мойнын айналдыра байланған жіпті ұстаған күйі тұр. Күшіктің бүйірі ғана жайлап көтеріліп, басылады. Көздері алайып, тілі аузынан шығып жатыр. Топыраққа түскен ізге қарағанда күшік өз аяғымен жүргуге шамасы келмей, тек сүйретілгені байқалады.

Жәкен Мұхаммедке қабағының астынан көзімен ата қарады. Ол Мұхаммед келе төбелес салады деп ойлап, іштей тісін қайрап, неге де болса дайын тұр. Бірақ Мұхаммед айналасындағылардың біреуін де байқамаған сыңай танытты. Жүрелеп отыра кетіп, жіпті күшіктің басынан сыптырып алмақ болып еді, онысынан ештеңе шықпады. Енді ол жіптің түйінін шешіп көрмек болды, ол да қолынан келмеді.

— Бұл біздің күшік! Біз онымен ойнадық, — деп Жәкен ақтала бастады.



Мұхаммед оларға көніл аудармаған күйі жіпті үзуге әрекет жасады. Сонда балалардың бірі ұшы үшкірленген, өздері сайысып ойнайтын ағаш бұтағын ұсына берді. Ақыры

түйін шешілді. Мойнына тұскен тұзақтан босатылса да, күшік тырп етпеді. Сонда Мұхаммед еппен жерден көтеріп алып, кеудесіне қыса, өзенге қарай жүрді. Жәкен бастаған топ бала оның соңынан ерді. Бірақ әбден өлімші болған хайуанды тартып алуға дәттері бармады ма, өз кінәларын сезінді ме, кім білсін, кешегідей кеуделеген жоқ.

Мұхаммед өзен жағасына келіп, кішкентай қолымен су алып, шала-жансар күшіктің аузына тосты. Бірақ бұл кезде күшіктің су ішуге ешқандай қауқары қалған жоқ еді. Денесі бір-екі рет дір етті де, басы сылқ етті. Бағанадан бері анадай жерде мұны сырттай бақылап тұрған балалар: – Әй, Мұхаммед, жүр кеттік. Ол енді тірілмейді! – деп қастарына шақырды.

Жәкен Мұхаммед ашумен өзін бас сала ма деп әлі де жүдьрығын түйіп, шабуылға әзір тұр. Алайда Мұхаммед оны тіпті ұмытып та кеткен сияқты. Толқын шайған дымқыл құмның үстінде жанарын белгісіз нұктеге қадаған қалпы ойланып отырып қалыпты. Қасында күшік қимылсыз жатыр...



- Мұхаммедтің суға ағып бара жатқан күшікті құтқарып алуына не себеп болды?
- Мұхаммедтің бойынан қандай жақсы қасиеттерді байқадың?
- Коршаған табиғатқа, жан-жануарларға, өзге адамдарға неліктен қиянат жасауға болмайды?
- Өзің Мұхаммедтің қасындағы жолдастарына қандай кеңес берер едің?



1-тапсырма

Көрнекті ағартушы Үбырай Алтынсариннің «Таза бұлақ» еңбегінен алынған үзіндіні оқып, өз түсініктерінді жазындар.

...Менің ойыма бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың сұы бір орында тұнып тұрып, шөп шалам тұсіп, лай-қоқым болса, адам мен хайуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні

тынбай ағып, тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады.

Олай болса, жазудың мағынасы: көңілінді, бойынды осы бұлақтай таза сақта: бұлаққа қарасаң, күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол сияқты сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін.

2-тапсырма

«Әдепті бала – арлы бала» тақырыбында эссе жазындар.

3-тапсырма

Мәтінді оқындар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Жас Фараби

(Аңыз)

Әбу Насыр әл-Фараби әлемге әйгілі ғалым болған. Ол ежелгі Фараб қаласында туып өскен. Әбу Насыр араб, түрік, еврей, грек, т.б. тілдерін жетік білген.

Бірде оқытушы оған:

- Шәкіртім, қашан көрсем де ақжарқын жүресің, – деді.
- Мен көңілді жұруге әдейі дағдыланамын. Өйткені «Көңіл күйдің жақсылығы – жақсы денсаулық пен жемісті еңбектің кепілі» деген ұстазым, – деді Әбу Насыр.

- Адамға көтеріңкі көңіл күй не үшін қажет?
- Жас Фараби өз бойындағы қандай жақсы қасиеттерді дамыта алды?



Озінің ойына, іс-әрекетіне, айтқан сөзіне берік адам өзін әрі өзгені сыйлайды және сенімге ие болады.

Ойдың, сөздің және істің бірлігі іс-әрекетте көрінеді.

Ізгі ниет, ақ көңілмен берілген сөз – жақсы істің бастауы.



Адалдық

Жақау Дәуренбеков

Тұс кезі. Күн от болып жанып тұрған. Пойызымыз жүрісін баяулатып кеп тоқтай қалды. Стансының алаңы қанбазар. Қайда қарасаң да, үйме-үйме қауын-қарбыз. Жұрт жыптырлап қалағанын сатып алып жатыр. Біз де қызығып сыртқа шықпаққа ынғайландық. Сөйткенше дәліз жақтан:

— Қауын! Қауын! Кімге қауын! — деген баланың ентіккен дауысы естілді. Іле есік көзінен өзі де көрінді. Күнге қакталған қалқан құлақ қара бала. Көздері жылт-жылт етеді. Екі иығында екі тор қалтасы. Сарала әңгелектерге толы. Доп-домалақ шетінен бәрі. Иісі қандай десейші, бүркырап түр төңіректі алып.

— Екеуін де бере ғой. Мә мынаған,— деп бес жұз теңгелікті беріп жатырмын. Бала ақшаны алды да:

— Аға, елу теңге артығым жоқ, қазір әкеліп берейін, — деді абыржып.

— Керегі жоқ, айналайын...

— Атам: «Ешқашан артық алма, кем берме», — деген. — Қазір... — деп бала сөз аяғын күтпестен жүгіріп ала жөнелді. Соңынан ілескендей боп мен де вагон есігіне келдім. Пойыз пысылдап қозғала бастады. «Қап, бекер қиналды-ау» деп қоям. Сөйткенше:

— Аға, міне, міне! — деп құстай ұшып келе жатқан баланы көрдім. Жылжи берген вагонның тепкішегінен созған қолыма елу теңгелікті ұстатаң үлгерді-ау, әйтеуір.

Ол да, мен де «уһ» деген шығармыз.

Соған екі езуі екі құлағына жетіп қуанғанын қайтерсің... Қолын қайта-қайта бұлғап қалып барады. Алыстаған сайын албырт жүрегінің дүрсілі ап-анық естіліп тұргандай еді.

Бар алғысым «Айналайын-ай!..» болды.

Ал оның «Артық алма, кем берме» деген ата сөзіне адалдығы есімде мәңгіге қалып қойды.



- Баланың артық ақшаны алмауына не себеп болды?
- «Артық алма, кем берме» деген сөздің мәнін қалай түсінесіңдер?
- Адалдықты сақтау не үшін қажет деп ойлайсындар?
- Өзің адалдықпен іс-эрекет жасаған кезде қандай күйге бөлениесің? Айтып бер.



4-тапсырма

Кеменгер жазушы Мұхтар Әуезовтің «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен» деген қанатты сөзін қалай түсінгендерінді мысал келтіре отырып, дәптерлеріне жазындар.

5-тапсырма

Өткен аптада өзіңе және өзгелерге берген уәделерінді есіңе түсіріп, оларды қаншалықты орындағаның жөнінде шағын әңгіме жаз.

Жоба тапсырмасы

Жобаны қорытындылап, сұрақтарға жауап бер. Жоба қорытындыларын дәптердегі жоба күнделігінде көрсет.

- Жобамен жұмыс кезінде қандай әсерге бөленидім?
- Нені білдім? Не түсіндім? Нені үйрендім?



Шәкәрім Құдайбердіұлы

Адамдық борышын –
Халқыңа енбек қыл.
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл.
Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз,
Өнерсіз,
Болады ақыл тұл.



Мейірім

Өлеңі мен әнін жазған Ұшқын Жамалбек

Толқымын теңіздей,
Мейірімді көп іздей.
Мына өмірдің жақсылығы –
Жамандықпен егіздей.
Мына өмірдің жақсылығы –
Жамандықпен егіздей.

Қайырмасы:
Анаңың сөзіндей,
Ақ адап сезімдей,
Мейірім керек.
Өзгені өзіндей көретін
Аппақ пейілің керек.
Сенуің керек,
Дүниені жинасаң да сәнімен,
Иманмен жиган жан байлығың
Биік тұраң бәрінен.

Ай толған тұндай боп,
Бұлттан шыққан күндей боп,
Жан жүргегіңе мейір толсын,
Тасқа шыққан гүлдей боп,
Жан жүргегіңе мейір толсын,
Тасқа шыққан гүлдей боп.

Қайырмасы.



ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ – ДАНАЛАҮК КӨЗІ



**Халық пен халықты,
адам мен адамды тәсестіретін – білім.**

Mұхтар Әуезов

- *Дәйексөздің магынасын қалай түсінесіңдер?*



Талаптың тұлпарын ерттеген шақ

*Болат Қемеков
Самат Өтениязов*

Екінші оқу жылында Шоқан бос уақытын шытырман оқиғалар мен шығармалар оқуға арнады. Бұл бір жағынан тіл үйренуге, екінші жағынан өзі сүйіп оқытын география, тарих, әдебиет пәндеріне қатысты мол мағлұмат алуға көмектесті. Бір қыны мұндай кітаптар оңайлықпен табылмайтын. Бар болса, балалардың қолынан босамайды. Кітапханада негізінен ұсынылатыны – патша өмірінен жазылған шығармалар. Бірақ мұндай кітаптар Шоқан мен Гришаны қызықтырмайды.

Осылайша кітапханаларды ақтарып жүргендеге, Шоқанның қолына П.Рычковтың «Саяхаттар күнделігі» түсті. Артынша П.С.Палластың жиһанкез өміріне арнаған кітабын тауып алды. Қызыққандары сондай, Гриша екеуі сабактан кейін қалып, есікті жауып алыш, дауыстап оқытын

болды. Тұсініксіз сөздерін Гриша тұсіндіріп отырады. Теңіз офицерінің небір адам болжап болмас қындықтардан аманесен өтіп, жер шарын кемемен екі рет айналып шыққанын оқып, екеуі тәтті қиялға ерік береді. Ойша Азияны аралап, жер сырын, ел жайын білуге құмартады.

Сабак үстінде де Шоқан мұғаліммен жарысып, тосыннан сұрақ қойып, оқыған әдебиеттерін ортага салып отыруды әдетке айналдырды. Оның осылай онаша кітап оқып жүргенін бүкіл класс білді. Олар да Гриша екеуіне үйрекшеп, оқыған кітаптарын сұрай бастады. Бұрын тәртіпсіздігімен танымал класс енді пән мұғалімдерінің көзіне ізденгіштігімен тұсетін болды.

Шоқанның асыға күтетін сабағының бірі – бейнелеу өнері еді. Бұл сабактан жас офицер А.П. Померанцев беретін.

Бірде Александр Алексеевичтің үйінде осы офицерге жолыққаны бар. Александр Сотников Померанцевқа Шоқанды таныстырып, оның сурет салу қабілетін ерекше атады. Шай үстіндегі әңгімеде Сотников қазақ елінің өнері жайлы сөз қозғады.

– Мен қазақ елінің ерекше өнерлі жұрт екенін мына Шоқанның ауылына барғанда көргенмін. Жыр десе, ішкен астарын жерге қояды, таңды таңға ұрып жырлайды. Айттықса салсаң, екінің бірі аяқ астынан өлең шығарады. Тіпті кішкентай баласына дейін мұсінші.



- Шоқанның бойынан қандай жақсы қасиеттерді байқадындар?
- «Оқымаған бір бала, оқыса екі бала» деген мақалды қалай тұсінесіндер?
- Білім адамды қандай мақсат-мұраттарға жеткізеді?
- Өзің қандай кітаптарды оқып жүрсін? Неліктен?



1-тапсырма

«Білекті бірді жығар, білімді мынды жығар»
тақырыбында эссе жазыңдар.

2-тапсырма

Мәтінді мұқият оқып, сұрақтарға жауап беріндер.

Білім мен байлық

Ділдә Матайқызы

Білім мен байлықтың қайсысын таңдарын білмей жол айырығында жасөспірім бір ғұламаға келіп ақыл сұраған екен. Сонда ғұлама білімнің артықтығын әртүрлі дәлелмен дәлелдепті.

Білім – даналардан қалған мирас, білім сені бағады, ал байлықты сен бағасың. Білім досынды көбейтеді, ал байлық дұшпаныңды арттырады. Білім іздеген сайын көбейе береді, молая береді, жұмсағанмен азаймайды, ал байлық жұмсасан азаяды, кемиді, жойылады.

Білімің көп болса, ел сені құрмет тұтады, ал байлығың мол болса қызғанады. Білімге есеп-қисап жүргізбейсің, ал байлығыңды күнде есептеп отыруың қажет. Білім қаншама көп болғанымен іріп-шірімейді, бүлінбейді, ал байлық бір жұттық, өледі, жоғалады.

Білім жан дүниенде байытады, ал байлық қиялынды, көзқарасынды шектейді, тура жолдан тайдырады.

Білімді адам мәдениетті, әдепті, адамгершілікті болады, ал байлығы мол адам мақтанады, әркімге астамшылық көрсетеді.

Таразының қай басы ауыр тартқанын өздерің бағамдай жатарсындар.

- Білім адамға не үшін қажет?
- Өзің білім алу үшін қандай іс-әрекеттер жасар едің?

- Адамға ең алдымен қандай білім қажет?

3-тапсырма

Өлеңді оқындар. Сұрақтарға жауап беріндер.

Кітаптың жыры

Ертай Ашықбаев

Деме:
 «Оңай үйренем».
 Ақыл айтсам –
 Егеспе.
 Оқу деген – «Инемен
 құдық қазу» емес пе?
 Менің әрбір жолымда –
 Өмірдегі үлесің.
 Мен отырсам қолында,
 Білмегенді білесің.
 Көп пайдадан құр қалма,
 Жалқауланып отырып.
 Қолдан келіп тұрғанда:
 «Кел, балалар, оқылық!»

- Білім не үшін қажет?
- «Оқу – инемен құдық қазғандай» деп неліктен айтады?



Білімді болу дегеніміз не? Білімді болу – бәрінен бұрын адам болу деген сөз. Өмірдегі барлық жақсылық білімнен шығады. Білім бұл қолдағы шырақ. Адамның санасы – түбі жоқ теніз, ал білім – теңіз түбіндегі гаяхар тас.

Білімдіден шыққан сөз – дүниені нұрға бөлейді. Өмірмен жанасқан білім – бұл өлшеусіз байлық.

Білім – сенің серігің, өмірлік жолдасың.

Адам өзінің барлық керегін, ой-арманын, талап-тілегін тек білім арқылы ғана табады.



Наурыз

Наурыз – шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, Ұлыстың ұлы күні. Наурыз шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды салт-дәстүрге айналдырған.

Бүгінгі таңда Наурыз мемлекеттік деңгейде барлық қалаларда, облыс, аудан орталықтарында, ауылдарда бүкілхалықтық мереке ретінде тойланып келе жатыр.

Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстар Наурыз мерекесін бірге шаттана тойлайды.

Наурыз мерекесі күні – қасиетті күн. Данышпан ата-бабаларымыз бұл күнді табиғаттың айрықша белгілерін ескере отырып белгілеген. Наурыз айын ерекше қасиеті бар ай ретінде бағалаған.

Күн мен тұн теңелетін күн, төрт түлік мал төлдейтін ай, табиғаттағы барлық жәндіктер мен өсімдіктерге жан бітетін кез. Қыстың соңы, көктемнің басы, жыл құстары келе бастайды.

Самарқандың көк тасы жібитін күн. Сол себептен де табиғаттың тылсымы мен ғалам ғажайыптарын терең ұғына білген ата-бабаларымыз бұл күнді «Жыл басы» деп есептеген.

Наурыз бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланады. Сондықтан да болар, бұл күні барлық адам шаттанады, қуанады, мейірленеді.

Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған.

Оның барлығы әр адамды жоғары саналылыққа,

әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдыққа, көргенділікке, ізгілік пен білімділікке баурайды. Наурыз мерекесін асыға құтетініміз, ерекше даярланатынымыз содан болса керек.



Жастар үлкен кісілерден бата сұрайды, бір-бірлеріне сый-сияпта жасайды. Ренжісіп қалған адамдар бір-бірінен кешірім сұрайды. Ауыл болып тазалық жұмыстарын жүргізеді.

Наурыз мерекесіне арналып көпшілікке наурыз көже пісірледі, ол тағам жеті түрлі дәмнен даярлануы шарт. Халықта наурыз көжені тойып ішкен адам келесі жылға дейін ішіп-жемнен тарлық көрмейді деген ұғым бар.



- Наурыз мерекесі адамдарды қандай жақсы қасиеттерге тәрбиелейді?
- Наурызда қандай адамгершілік салт-дәстүрлер орындалады?
- Бүкіл халықтардың бірлікте өмір сұруінің мәні неде?
- Өзің Наурыз мерекесіне қалай дайындаласың?



4-тапсырма

Наурыз мерекесіне арналған саңалық көрініс көрсетіндер.

5-тапсырма

Наурыз мерекесі туралы дәптерге сурет салындар.

6-тапсырма

Өлеңді оқындар. Сұраққа жауап беріндер.

Наурыз көже

Әдібай Табылды

«Бүгін наурыз күні» деп,
Бүкіл адам күлімдеп,
Әркім қалап бір істі
Той ісіне кірісті.
Әсем бидай бықтырды,
Келіге сап түктеуді
Әжем оған ұқтырды.
Ол бидайды қуырды,
Кеусеп, екшеп, суырды ...
Дайындауды тазалаң:
Пайымдауы – ғажап-ақ!
Азанда су ысытып,
Ет сап, құрт пен май қатты.
Бидай көже былқыды,
Кіл май, етке шылқыды.
Әжем жайып дастарқан,
Әзірледі ас – дарқан.
Әр баланы сүйіп бір,
Әжем көже құйып жүр:
– Жеткен жылды қарсы алып,
Жеті түрлі дәм салып,
Той қып бердім көжемді.

Дәмді, нәрлі көжеге
 Тойып, қуант әженді.
 – Көктем келді мейрамдап,
 Жаңа жыл бол жайрандап!
 Ұлыс құні тойындар!
 Тойда қызық ойын бар!
 Тамақ ішіп болған соң,
 Тал тігіп, бақ салған соң,
 Тамашаны көріндер!
 Сый деп дарқан халыққа
 Билеп, ән сап беріндер!

- Өз отбасында Наурыз мерекесі қалай тойланады?

Жоба тапсырмасы

Жобаны қорытындылай келе, сұрақтарға жауап бер. Жоба қорытындыларын дәптердегі жоба күнделігінде көрсет.

- Қандай адам болғым келетінін түсінуге жоба көмектесе алды ма?
- Өзімді-өзім жетілдіруге жоба жұмыстарының қандай ықпалы болды?

Мағжсан Жұмабаев



«Қазақ Жаңа жылы – жазғытұрғы күн мен түннің теңелген күні болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы күн қараңғы сұық түннен ұзара бастайды. Қазақ Жаңа жылын «Наурыз» дейді. Қазақтың Наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамды тұрмыспен, ғылыммен байланыстырып қоғамға пайдалы игі іс жасайтын, ауыл, адамдармен ұйымдастыратын мейрам ету керек.

Әр халықтың өзінше Жаңа жылы, жыл басы болады. Азияда Жаңа жыл жазғытұрым, қазақ елінде – наурыздың

жиырма екісі. Жаңа жыл күні қазақ күн райына қарай алдағы жазды рақатты, рақатсыз болады деп болжау жасайды».



Наурыз – думан

*Өлеңін жазған Мұқабали Мақатаев
Әнін жазған Талғат Сарыбаев*


Наурыз, наурыз күні игі,
Күні игі, жердің түрі игі!
Бауыры жылып науат қар,
Бабымен ғана жібиді.
Наурыз, наурыз күні игі,
Күні игі, жердің түрі игі!
Шашылып ырыс шанақтан,
Шақырып бір үй бір үйді,
Шаттанушы еді бір игі!

Наурыз айы туғанда,
Той болушы еді бұл маңда.
Сақталушы еді сыбаға
Сапарға кеткен ұлдарға,
Наурыз айы туғанда.

Осынау игі кең жерге,
Наурыз айы келгенде,
Наурыз тойын бергенде,
Келіп ем өмір-орманға
Осынау игі кең жерге,
Наурыз айы келгенде.
Көрмегендер де арманда,
Арманда оны көрген де,
Наурыз тойы келгенде.



АР ІЛІМІ



**Ақылның болса, арынды сақта,
Ар, ұят керек әр уақытта.**

Халық нақылы

- *Дәйексөздің мазынасын қалай түсінесіңдер?*



Мәнді сөздер

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Адам өмірін қалай түзеуге болады? Адам қайткенде тату тұра алады? ...Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға – адап еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүрге мүмкіндік жоқ. Әрине, адам оқып, біліп үйренуі қажет. Білім-ғылымсыз өнер табылмайды. Сол алған білім-өнерлерін адап еңбекпен жаратылыстың мол байлығын пайдалануға салса, табылмайтын нәрсе жоқ. Сол тапқан байлықты барша адам баласының керегіне, пайдастына жаратуы керек.

Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады.

Ал адам, ақылды, адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтануды білмейді және іstemейді.

Осы үшеуінің басы қосылса, адам жақсы өмір сүріп, бірімен-бірі тату тұруында сөз жоқ.



- Қандай қасиеттер адамның өмірін түзеуге көмектеседі? Неліктен?
- Арлы адам деп қандай адамды айтамыз?
- Ар-ұждан даусымен өмір сұрудің мәні неде?
- Өзің алған адамгершілік білімдерінді қалай жүзеге асырып жүрсің?



1-тапсырма

«Арынды жасынан сақта!» деген нақыл сөздің мағынасына үніліп, жазбаша ой-қорытынды жасандар.

2-тапсырма

Төменде берілген сөйлемдерді өз ойларыңмен аяқтап жазындар.

- Әділ сөйлеп, адал жүрген адамның ...
- Ала жіпті аттамағанныңabyroйы биік, өйткені ...
- Әрлі болғанша, арлы бол, себебі ...
- Адам болам десен, арынды сақта, өйткені ...

3-тапсырма

Өлеңді оқындар. Сұрактарға жауап беріңдер.

Ұят деген немене

Әдібай Табылды

– Орында, – деп – алтыным!
Орынға деп өз халқының
Салтын айтты атасы:
– Атаңың сол батасы:
Біл үлкенді сыйлауды,
Бол, шырағым, иманды.
Орын сонда қырысты,
Ойланбады, құрысты:
– Өйткені салттар – ескілік,
Кеткен жоқ па ескіріп.
– Орынжаным, егеспе,
Оның ұят емес пе?
– Ұят деген немене?
Деп сұрады немере.
– Ұят – ізет кісіге,
Зият, ақыл үшін де,
Мият болу кішіге,
Тоқтау оғаш ісіне,
Жамандыққа өкіну,
Жақсылыққа бекіну!
Арсыз болсаң, сол – қайғы:
Арсызда ұят болмайды.

- «Ұят» дегенді қалай түсінесіндер?
- «Арлы бала» деп кімді айтамыз?

Айман Тоқсанбаева



Ар – адамгершілік сана. Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшем болса, Ар оның шығу тегі, бұлақ бастауы. Арды адам бойындағы жақсы қасиеттердің өлшемі, адамгершілік санасы деуге негіз бар.



Табылған ақыл

Мұхтар Құрманалин

Бауыржан ойда жокта үш теңге тауып алды. Біреуден түсіп қалған болу керек – жолда жатыр. Төңірекке қарап еді, көз жетер жерде ешкім көрінбеді. Енді қайтпек? Біреудің еңбекпен тапқан ақшасы бұл, оны иемдену адалдыққа жатпайды. Иесінебереді, оны қайдан таппақ?.. Милицияға апарып тапсырса ше? Бірақ, үш теңге жоғалттым деп милицияға кім барады? Бұл да қисынға келмейді.

Бауыржан ойға қалды. Бәлкім, анасына берер? Ол тауып алдым деген сөзіңе сенсе жақсы. Басқаша ойлауы да мүмкін ғой. Ағасына берсе қайтеді? Бірақ ол кеше әкемнен қармақ сатып алуға ақша сұрап жүрген. Экем: «Алдымен суда жүзіп үйрен, қармақты содан кейін сатып аларсың», – деді. Сондықтан бұл ақшаны оған да беруге болмайды... Айтпақшы, кішкентай қарындастына сыйласа ше? Бауыржан бұл ойынан да тез айныды. Өйткені қарындасты балмұздақ сатып алуға құмар. Балмұздақ жеп тамағы ауыруы мүмкін ғой...

Бауыржан жақын жолдасы Сақтағанмен ақылдасқысы келді. Бірақ бұған да батылы бармады. Ол «ақшаның жартысын маған бер» десе қайтем? Тіпті «үш теңге тауып алдық» деп жүртқа жаюы ықтимал...» Бауыржан әрі ойланды, бері ойланды. Қолындағы үш теңгеден құтылуудың амалын таппай қиналды. Ақша тауып алушан ақыл табу қыын екен.

Осындаі ой құшағында келе жатып ол кітапхана үйіне таяп қалғанын байқады. Кеше ғана келіп кітап алған. Бауыржан тоқтай қалды: «Әй, мына ақшаға дүкеннен бір қызық кітап сатып алғып, кітапханаға тарту етсем қайтеді?!» Бауыржан қуанып кетті: «Ол кітапты басқалармен бірге үш теңгесін жоғалтқан адам да алғып оқуы мүмкін-ау! Міне, табылған ақыл!».

Бауыржан иығынан ауыр жүк түскендей, бойы жеңілдеп, кітап дүкеніне бұрылды.



- Ақша тауып алған Бауыржанды не мазалады?
- Оның бойынан қандай құндылықтар мен қасиеттерді байқадындар?
- Әділдік және адалдық көрсетудің мәні неде?
- Мұндай жағдайда өзің қандай әрекет жасар едің? Өңгімелеп бер.



4-тапсырма

Адалдық, әділдік, шыншылдық, ізгілік туралы мақал-мәтелдерді дәптерлеріңе жазындар.

5-тапсырма

Төменде берілген жағдаятты мұқият оқып, шешімін табындар.

Менің ең жақын досым мектепте бір баламен достасқан, ол күнде кешке қарай мені өзімен бірге серуендеуге шақырады. Ол: «Менің анам, сенімен бірге жүргенімді білсе, қарсы болмайды», – дейді. Досыма үйінде ата-анасы ұрыспауы үшін, мен бірнеше рет телефон арқылы оларға өтірік айттым. Басында мен қиналмастан, оларды жасырып журдім, ал қазір олар мені пайдаланып жүр, ал мен күнде өтірік айтуды ұнатпайтын болдым. Мен досымнан ажырағым келмейді. Сонда мен не істеуім керек?

- Сендер балаға қандай ақыл-кеңес берер едіңдер?

6-тапсырма

Өлеңді оқындар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Жақсы мен жаман

Әбдірахман Асылбек

Жақсы деген немене? –
Әдеп пенен өнеге:
Үлкендерді сыйлауың,
Ақыл сөзін тыңдауың.
Кішіге берген көмегін,
Бойындағы өнерің.

Жаман деген жақсы емес,
Жей қоятын тәтті емес:
Үлкендерді сыйламау,
Ақыл сөзін тыңдамау.
Жақсы істерді көрмеуің,
Кішіге көмек бермеуің.

- Адам не үшін жақсы мен жаманды ажырата білуі керек деп ойлайсындар?
- Ар-ұяты бар адам қандай болады?

Жоба тапсырмасы

4-тaraу бойынша алған білімдерінді қорытындылау үшін жауаптарынды дәптерде берілген жоба күнделігіне жазып толтыр.

- Менің жобадан үйренгенім.
- Жобада дамытқан құндылықтарым мен қасиеттерім.
- Менің жобадан туйгенім.

Ар, Ұят, Намыс *(Өснегім әңгіме)*



Бір күні Ар, Ұят, Намыс үшеуі бас қосады. Олар өткен-кеткенді әңгіме етеді. Әңгіме арасында үшеуі өздерінің өмірдегі пайдалары туралы айта бастайды.

— Мен адам бойына кішкентай бөбек күнінен әдептіліктің нәрін себемін, — дейді Ұят.

— Ал мен болсам, адам баласына өзінің ғана емес, досының, туысының басқа адамдардың істеріне жауапкершілікті сезіндіремін, — дейді Ар.

Сонда Намыс тұрып:

— Мен болсам, адамға өзі, досы, туысымен қоса бүкіл отбасы, сыныбы, мектебі, ауылы, тіпті елі үшін жауапкершілікті сезіндіремін, — дейді. Осылардың айтқанын сырттарынан бақылап, тыңдалп тұрган Әдеп:

— О, достарым, мен сендердің сөздерінде толық қосыламын, үшеуіңдің де өмірдегі пайдаларың — адамды әдепті ету. Өйткені ұяты, арлы, намысшыл адам — нағыз адам. Үшеуің де адам баласына ауадай қажетсіндер, бірінді-бірің толықтырасындар. Сондықтан да мәңгілікке ажырамастай туыс болындар, деп бата беріпті. Содан бері намыс — ағасы, ар — інісі, ұят — кіші інісі болып, бірге өмір сүреді екен. Сондықтан да «ұяты бар бала арлы бала болып, арлы бала намысшыл бала болып өседі» деген осыдан қалған екен.



Балдәурен

Өлеңін жазған Шөмішбай Сариеев
Әнін жазған Еркен Слетдинов

Балдаурен көктем асығып жеткен, шағала күнде,
Базарлы маусым, шырқаған даусым тамсанып әсем.
Балауса балғын, көк майса шалғын, барады күнмен
Тербеліп биге, жайқалып биле, ән салып әсем.


Қайырмасы:

Балдәурен, бақытты ән дәурен,
Келеді қанатымен самғаумен,
Көнілдің ұшырып ақкуын,
Балауса, балбұлақ балдәурен.

Жаныма жылы, жүрекке ыстық, көңілге сұлу,
Тоя ма көзің, балдәурен кезім, бақыт-ау, бақыт.
Далам-ау, дарқан, тауындей биік, өмірге сұлу
Тоя ма көзің, айтшы сен өзің, уақыт-ау, уақыт.

Қайырмасы:

Балдәурен, бақытты ән дәурен,
Келеді қанатымен самғаумен,
Көнілдің ұшырып ақкуын,
Балауса, балбұлақ балдәурен.



ТЕСТИЛЕУ

1-тест

Сендер саябақта достарыңмен қыдырып жүрсіңдер. Тәтті кәмпитет сатып алыш, орындыққа жайғастыңдар. Орындықтың қасында қоқыс жәшігі тұрса да, сенің қасындағы кейбір достарың сыйырылған жерге кәмпитет қағаздарын тастай салды.

– Сенің әрекетің қандай?

А) Достарыңа деру кәмпитет қағаздарын қоқыс жәшигіне тастауды айтасың.

Ә) Өзіңе қатысты болмағандықтан, достарыңың бұл әрекетіне арапасуды жөн санамайсың.

Б) Достарыңың бұл әрекетіне мулдем назар аудармайсың.

2-тест

Ертеңгі болатын досыңың туған күніне арнап сыйлыққа сурет салып келемін деп бүкіл сыныптастарыңа уәде беріп қойдың. Үйге келіп сурет салғалы жатқаныңда ауладағы достарың велосипед тебуге шақырды.

– Сенің әрекетің қандай?

А) Бүгін велосипед тебе алмайтыныңды айтып, сурет салуға кірісесің.

Ә) Велосипед тебу үшін бірден аулагага шығасың.

Б) Сурет орнына басқа сыйлық ала саламын деген оймен велосипед тебуге шығасың.

3-тест

Кешкісін үйге берілген тапсырманы орындалап отыр едің, теледидардан өзің сүйіп көретін мультфильм басталатын уақыт болып қалды.

– Сенің әрекетің қандай?

А) Тапсырманы ертең сабақ алдында досымнан көшіріп аламын деген оймен мульфильм көресің.

Ә) Бірден мульфильмді көруге кірісесің.

Б) Мультфильмге көңіл аудармай берілген тапсырманы орындайсың.

4-тест

Сабактан қайтып келе жатып сөмкен ауыр болғандықтан, автобусқа міндің. Автобустағы бос тұрған жалғыз орынды көріп, қуана жайғасып алдың. Алайда, келесі аялдамадан бір қарт әжей мініп, сенің қасыңа келіп тұрды.

– Сенің әрекетің қандай?

- A) Қарт әжсейге орын бермейсің.
- B) Бірден орныңды қарт әжсейге ұсынасың.
- C) Әжсейдің қолындағы сөмкесі ауыр емес, ал менің ауыр деген оймен отыра бересің.





ӘСЕМДІК ӘЛЕМИНДЕ



**Адамның басына қонған бақыттың
тұрақты болуы жақсы
мінез-құлыққа байланысты.**

Әбу Насыр әл-Фараби

- *Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?*



Менің ағатайым

Әдібай Табылды

Асан атам: «Әдептілік сөзден білінеді. Әділет ағаңа ұқсап, әдепті сөзді үйреніп ал, балам», – деп маған өсиет айтады. Ағатайым институтта оқып жүр. Ол жақында каникулға келді. Мен оның әрбір ізетті, инабатты іс-қимылына назар аударып, әдепті сөздерін ұфып, жадымда сақтап, өзім де әдепті сөздерді қолдана бастадым.

Әділет ағатайым келем деген уақытынан кешігіп келді. Ол танадай көздерінен нұр шаша құлімдеп, атамды аймалай құшып амандасты:

- Кешіріңіз, ата, кешігіп келдім...
- Айыбы жоқ, балам, «Жолаушының жолы біледі» деген.
- Fafu етіңіз, Сізге сыйлайтын сый-сияптым да көңілдегідей емес.
- Оқасы жоқ, ботам! «Ізетке найза бойламайды» деген.
- Маған инабатың мен ілтипатың берінен де қымбат.
- Қош, келдіңіз! Қуаныштымын, – дедім мен.

Ағатайым бетімнен сүйіп:

– Атамның тілін алып жүрсің бе? – деді.

– Маған сеніңіз, – дедім.– Атасының жанашыр, қамқоршысы, күні ғой бұл – жарығым! – деп атам мені мақтай бастағанда, асыра мақтауды жөнсіз көріп, іштей қысылдым. Кейбір «еркелігім» есіме түсті.

Ағатайым шешеммен, әкеммен, аталарыммен кездескенде қандай әдепті сөздер айтар екен деп, оның әрбір қимылына, әсерлі сөзіне ықылас қойып, қасынан қалмай жүрмін.

– Балам, шкафтағы кітаптарды сәндеп, реттеп қой, – деді көкем.

– Құп болады, – деді Әділет ағатайым.

– Әділжан, мына жуылған киімдерді өтектеші, – деді апам.

– Сізге қызмет етуге әзірмін, апа, – деді ол.

– Мына ініңе әдептілік, имандылық, инабаттылық дегеннің не екенін үйрет, балам, – деді атам.

– Сөзіңізге құлдық, ата, «Кішіден – ізет, үлкеннен – парасат» деуші едіңіз ғой..

Мен ағатайымның әдепті сөздерін өзімнің өнегелі сөздерді жазып жүрген дәптеріме жаза бастадым. Әдепті сөздерді мен осылай үйрендім.



- Адамдар арасындағы сыйластықты қалай байқауға болады?
 - Әдептілік дегенді қалай түсінесіндер?
 - Әдепті адам өзін қалай ұстайды?
 - Өзің қалайша әдептілік танытып жүрсің?
- Айтып бер.



1-тапсырма

«Әдептілік» ұғымына жақын сөздерді топтастырып жазындар.

2-тапсырма

«Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі» тақырыбында пікірталас өткізіндер.

3-тапсырма

Сахналық қойылымды ойнап көрсетіндер.

Тыныштық

Әдібай Табылды

Қатысуышылар: Білдірген мен Күлдірген (оқушылар).

Сахна бейбітшілік күніне лайықтанып безендіріледі.
Білдірген мен Күлдірген көрермендермен амандасады.

Күлдірген: Сәлеметсіндер ме, балалар!

Білдірген: Амансындар ма, достар!

Күлдірген: Балалар, мен сендерге бір қызық сұрақ қояйын. Бұл әлемде не жақсы?

Білдірген: Күлдірген, мен айтайыншы... ә?!

Күлдірген: Жақсы, айта ғой.

Білдірген: Бұл әлемде барлық адам жақсы көретін бір-ақ нәрсе бар. Оны мен де жақсы көремін.

Күлдірген: Ол не? Сонша бәріміз де жақсы көретін не нәрсе ол?

Білдірген: Дүниежүзінде бәріміз де жақсы көретін қымбат нәрсе – тыныштық.

Күлдірген: Балалар, Білдірген дұрыс айтып түр ма?
Мениңше, дүниежүзінде «ана» деген сөзден асқан ардақты, қымбат сөз жоқ қой деймін.

Білдірген: Әрине, ана – ардақты сөз. Ана ең әуелі тыныштықты қалайды. Сондықтан бұл әлемдегі ең асыл сөз – ана, ең жақсы сөз – тыныштық!

Күлдірген: Білдірген, сен дұрыс айтасың. Ананың да ардақтап айтатын сөзі – тыныштық.

Білдірген: Күлдірген, менің тауып айтқан жауабымды бағалағаныңа рақмет. Ал енді өзің айтшы: «тыныштық» деген сөздің мәнін білесің бе? Жер жүзінде соғыс болмаса,

тыныштық деген – сол.

Күлдірген: Оны мына балалардың бәрі де біледі.

Білдірген: «Тыныштық» деген сөздің тағы да қандай мәні бар?

Күлдірген: Тыныштық – үйдегі туыстардың татулығы, достарыңмен ойнап жүріп, ұрсысып қалмасаң, ол да тыныштық.

Білдірген: Күлдірген, сен дұрыс айтасың, ей!

Күлдірген: Сыныпта оқушы тыныш отырса, ол да – тыныштық.

Білдірген: Мен енді түсіне бастадым, Күлдірген. Аулада, ауылда, қалада, далада тыныштық болса, ең рақаты сол емес пе?..

Күлдірген: Елдегі тыныштықты халық «берекебейбітшілік» дейді.

Білдірген: «Тыныштық!», «Бейбітшілік!» деген сөзден асқан артық сөз жоқ екен-ау, шынында...

Күлдірген: Сөйтсе де, кинодан күнде көріп жүрсің ғой, соғысқа дайындалып, сойқан қару жасап жатқандар да жоқ емес.

Білдірген: Жер-ананың бетінде ядролық қару сыналған кезде мен де сезіп қалам: онда төбе шашым тік тұрып, жүрегім дүрсілдеп, құлағым шыңылдайды.

Күлдірген: Егер ол қару сынақтан өтіп, бомба болып тасталса, не боламыз сонда?..

Білдірген: Жер-ана бүлінеді, қан төгіледі, қалалар өртенеді, дала қүйеді...

Күлдірген: Ендеше соғыс болмасын! Тыныштық мәнгі орнасын!

Білдірген: Композитор Ибрагим Нұсіпбаев атамыздың «Тыныштық» деген әнін білесің бе?

Күлдірген: Ол қандай ән? Қане тыңдал көрейікші?

(Радиодан «Тыныштық» әні беріледі).

Білдірген: Дүниежүзіндегі барлық балалардың тілейтіні осы – тыныштық.

Құлпырып қырымыз,
Жайқалсын гүліміз.

Аспан, Жер, аман бол,
Жайнай бер, Күніміз!

Күлдірген:

Бейбіт күн – тыныштық,
Біз үшін тым ыстық.

Ырыс-құт тұтқасы –
Ынтымақ, туыстық!

Білдірген: Барлық елдердің балаларын ынтымақтасуға шақырамыз.

Күлдірген: Ей, әлемнің әділ жанды балалары!
Әкелерімізге, аталарымызға айтайық:

Ажал оғын атпасын,
Тыныштықты сақтасын!

Білдірген:
Сойқан соғыс болмасын,
Көрмейік жау бомбасын!
Берекелі дүниеде
Бейбітшілік орнасын!

Күлдірген: Біздің еліміз – бейбітшіліктің қамалы. Еліміз аман болса, соғыс болмайды!

Білдірген: Әрқашан да жасай бер, ТЫНЫШТЫҚ!



Жақсылық жасау – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Жақсы адам қол ұшын беруге, жәрдем етуге, жана шырлық танытуға, көмек көрсетуге, қолдау жасауға әрдайым дайын тұрады.

Озін-өзі тану сабактарын сүйіп оқыған баланың барлық жақсы қасиеттері ашылады. Адамшылығы мол бала өзін де, өзгелерді де бақытқа кенелтеді.

Жақсылыққа ұмтылу, жақсылық жасауға дайын болу – жақсы адамның ісі.

Риясыз жақсылықты жасау – биік адамгершіліктің белгісі.



Қазыбек бидің жауабы

Қаз дауысты Қазыбектің тапқырлығы мен шешендігін өз құлағымен естіп, көз жеткізгісі келген бір білгер адам оған:

– Кім жақын? Не қымбат? Не қыын? – деген үш сұрақты қатарынан қойса керек. Сонда Қазыбек би оған былай деп жауап қайырған екен деседі:

– Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын,
Бауырмал болса, інің жақын,
Адал болса, досың жақын.

Алтын ұяң – Отаның қымбат,
Мейірімді анаң қымбат,
Асқар тауың – әкең қымбат,
Ұят пен ар қымбат.

Арадан шыққан жау қыын,
Таусылмайтын дау қыын,
Шанышқылаған сөз қыын,
Іске аспаған серт қыын.



- Өзара сыйластық дегенді қалайша үғасындар?
- Отбасы татулығының мәні неде деп ойлайсындар?
- Отан неліктен қымбат?
- Отанға деген сүйіспеншіліктерінді қалай көрсетіп жүрсіндер?



4-тапсырма

Кім жақын? Не қымбат? Не қын? деген үш сұраққа Қазыбек бидің берген жауабын ұғып алыңдар.

Осы сұрақтарды өздеріңе қойып, жауап беріп көріндер.


5-тапсырма

Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Өзін-өзі тану сабактарынан не үйрендің?
- Өз бойынан қандай жақсы қасиеттерді көргің келеді?
- Басқалардың бойынан қандай қасиеттерді көргің келеді? Неліктен?
 - Достарыңа қандай кенес берер едің?
 - Өзіңнен кішілерге қандай ақыл айтар едің?
 - Ата-анаңмен қандай тақырыпта сөйлескенді қалайсың?
 - Ұстазыңа қандай тілек айтқың келеді?
 - Тағы қандай тілектерің мен қызығушылықтарың бар?

6-тапсырма

Суреттерді мұқият қарандар. Ондағы бейнеленген көріністерді мазмұндап айтып беріңдер.



Ә.Қастеев. «Жайлаудағы кілемшілер». 1950 жыл.



Ә.Қастеев. «Пейзаж» (этюдте). 1950 жыл.



А.Дүзелханов. «Қорқыт ата туралы аныз». 2004 жыл.



А.Дүзелханов. «Тұмар патшайым». 2005 жыл.

Елдің иесі сендерсіндер, қарақтарым!



Касым Қайсенов

Айналайын балаларым, сендерді көргенде өзімнің балалық шағымды еріксіз еске түсіремін. Көз алдыма тай-құлышындаи тебісіп бірге өскен достарым келеді. Біз де сендер секілді ойынның қызығына тоймаушы едік. Жүгіреміз, жарысамыз, күресеміз, алысамыз. Шыжыған шілденің ми қайнатқан ыстығында өзеннен шықпаймыз. Бәрі қызық, бәрі тамаша. Сонда қол-аяғымыздың тілім-тілімі шығып ашығанын да сезбейтінбіз...

Міне, ұл-қыздарым, бәрің менің немере, шөберелерім сияқтысындар. Сондықтан да өте алыстап кеткен балалық шағымды сағына еске алып, сабак болсын деп ауызға алып отырмын.

Балалық, дәурен өтеді де кетеді. Бірақ, қызығы да, қуанышы да, тіпті ауыртпалығы да аз болмайтын балғын шақтың әсері жадында мәңгі қалады. Өз басым бүгінде сексеннің ен ортасынан ассам да, алаңсыз кездің әдемі әсері санамда сайрап тұр. Ата-ана тәрбиесінің қүші шығар, бойыма турашылдық, бір сөзділік, қиянат көрсе өршеленіп кететін өршіл мінез, батылдық секілді қасиеттер молынан енді. Соның бәрі дерлік жан дүниеме балалық шағымда ұялады. Тек қана жақсы адамдарға үйір болдым. Істерінен, сөздерінен өнеге алдым. Қандай қыын-қыспаққа тап болмайын, өтірік айтпауға, адал жүріп, анық басуға, абыраймен өмір сұруге тырыстым. Бәрі елім үшін, халқым үшін, ұлттымыздың келешегі үшін дедім. Өйткені бізді мектепте оқытқан мұғалімдеріміз солай болуға үйретіп еді.

Биыл көктемде мен сексен беске таядым. Сексен бес деген аз жас емес, айналайын ботақандарым! Артымда мәнді де мағыналы, аңы да азапты, тәтті де тәлімді өмір жолдары қалды. Мен осы жолмен жүріп, оттан да, судан да аман өттім. Кәрілікке адалдықтан айнымай жеттім. Адалдықпен тірлік кешу де оңай емес еken. Бірақ мені бәріне баулыған балалық шақ. Сол үшін де қайтпас-қайсар, өжет те өршіл, қайырымды да қанағатшыл етіп жетілдіріп, қабыргамды қатайтқан – балалық шағыма разымын. Сендер де балдәурен кездерінде осындай асыл қасиеттерді бойларыңа көп ұялатындар.

Тәуелсіз қазақ еліне білімді де білгір, ақылды да алымды, іскер де нағысқой азаматтар көп керек. Олар – сендерсіндер! Елдің ендігі иесі өздерің екенін жадыларыңнан ешқашан шығармандар, қарақтарым!



Анамның тілі – аяулы үні

Өлеңін жазған Шона Смаханұлы
Әнін жазған Әбиірбек Тінәлиев

Өмірге келдім,
Анамды көрдім,
Деді ол: «Жаным»,
Арайлы таңым.
Самал боп желпіп,
Жырымен ертіп,
Үйретті тынбай,
Бал тілі, әнін.

Қайырмасы:

Анамның тілі – Айбыным менің,
Анамның тілі – Ай, Күнім менің.
Сүйемін байтақ елімді туған,
Сүйемін мәңгі өмірді думан.

Мектепке келдім,
Ұстазды көрдім.
Тыңдадым сөзін,
Табынып, сүйіп.
Анамның тілі –
Аяулы үні.
Жүрекке нұрын
Жіберді құйып.

Қайырмасы.

Көңілге көрік,
Өмірге серік.
Әсем ән-жыр,
Қайрат, қуатым.

Сөйлесем мыңға,
Өрлесем шыңға,
Анамның тілі –
Асыл мұратым.

Қайырмасы:

Анамның тілі – Айбыным менің,
Анамның тілі – Ай, Күнім менің.
Сүйемін байтақ елімді туған,
Сүйемін мәңгі өмірді думан.



МАЗМҰНЫ

I Тарау. Таным қуанышы

<i>1-2 сабақтар.</i> Мен өзімді танимын.....	8
<i>3-4 сабақтар.</i> Менің талпыныстарым.....	13
<i>5-6 сабақтар.</i> Танымға бастар жол.....	20
<i>7-8 сабақтар.</i> Мен – адаммын!.....	26

II Тарау. Адам болам десеніз...

<i>9-10 сабақтар.</i> Адам мінезі.....	36
<i>11-12 сабақтар.</i> Болу – болып көріну емес.....	46
<i>13-14 сабақтар.</i> Еңбек қуанышы.....	54
<i>15-16 сабақтар.</i> Адам жанының сұлулығы.....	62

III Тарау. Адам және әлем

<i>17-18 сабақтар.</i> Отбасы татулығы.....	72
<i>19-20 сабақтар.</i> Адам ұжымда.....	79
<i>21-22 сабақтар.</i> Адами қарым-қатынастар әлемі.....	89
<i>23-24 сабақтар.</i> Сенім туралы.....	98

IV Тарау. Адамзаттың рухани тәжірибесі

<i>25-26 сабақтар.</i> Табиғат – шабыттың қайнар көзі.....	110
<i>27-28 сабақтар.</i> Ойдың, сөздің және істің бірлігіндегі өмір.....	119
<i>29-30 сабақтар.</i> Халықтың рухани мұрасы – даналық көзі.....	127
<i>31-32 сабақтар.</i> Ар ілімі.....	136
<i>33-34 сабақтар.</i> Әсемдік әлемінде.....	146

Oқу басылымы

**Р.О. Ізғұттынова, Ә.Қ. Оралбекова,
Б.Ш. Алиев, Г.Ә. Қоңкеева**

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ

Жалпы орта білім беретін мектептің
5-сыныбына арналған
окулық

Редакторы *К. Тәуірбай*
Суретшілер *Д. Алиева, Н. Ширишина*
Компьютерде беттеген *Н. Әуезова*



Басуға 19.07.2017 жылы қол қойылды.
Басылыс офсеттік. Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$. Баспа табағы 10.
Қаріп түрі “Times New Roman”.

Таралымы 25 дана. Тапсырыс 1890-16.

«Интеллсервис» ЖШС-нде басылды
B64E9X5, Талғар қаласы, Промышленная к-ст, 5 үй

www.intellservice.kz